[30] Hayes D. N. A. ICT and learning: Lessons from Australian classrooms // Computers and Education. – 2007. – № 49 (2). – P. 385-395.

[31] Kenzhebayev G.K., Dalayeva T.T. E-Learning in the System of the Pedagogical Education in Kazakhstan // Procedia - Social and Behavioral Sciences -Volume 152, Pages 1-1308. (7 October 2014) // https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S1877042814052446 (data obrashcheniya - 12.08.2020).

[32] Kornilov V.S. Development of ICT competence among students when teaching inverse problems for differential equations with the use of computer technology // Вестник РУДН. Серия: Информатизация образования. 2019. – Т.16. – № 4. – С.328-337.

[33] Sapargaliyev D. The future of E-Learning in Kazakhstan (2013) // URL: http://conference.pixel-online.net/foe2013/common/download/Paper_pdf/365-ELE21-FP-Sapargaliyev-FOE2013.pdf (дата обращения -12.06.2019.).

[34] Smeets E., Gennip H., Rens C. Teaching Styles of Teacher Educators and Their Use of ICT. // Inonu university journal of the faculty of education. December 2009. - Special Issue. Vol. 10, Issue 3. – P. 49-62.

[35] Witten I.H., Frank E., Hall M. Data Mining: Practical machine learning tools and techniques //Morgan Kaufmann Publisher, 2011. – 3d ed. – 664 p.

Студенттік сандық ҒЗЖ-club

Т.Т. Далаева[1], Б.С. Балғазина[1], С.Г. Белоус[1], Ш.М. Ұлдахан[1]
[1]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
(Алматы, Қазақстан)

Аңдатпа

Қашықтан қарым-қатынас пен оқытудың заманауи шарттары цифрлық технологиялардың таралуына әкелді, өз кезегінде мұғалімдер жаңа білім іздеуге және цифрландырудың тиімді құралдарын игеруге белсенді қатысады. Қазіргі таңда туындаған сұранысқа жауап бере отырып, авторлар Абай атындағы ҚазҰПУ базасында студенттердің ғылыми-зерттеу және оқу-танымдық қызметін ынталандыру, студенттердің ынтасын арттыру, сыни ойлау мен көшбасшылық қасиеттерін, шығармашылық белсенділік дағдыларын, ұжымда жұмыс істеуді қалыптастыру мақсатында «Студенттік сандық ҒЗЖ-club» құруды ұсынады.

«Студенттік сандық ҒЗЖ-club» жобасының негізіне қашықтықтан ғылыми қызмет жүргізу және геймификация элементтері енгізілген, олар білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмысына қызығушылығын оятуға мүмкіндік береді. Жобаның жаңалығы – сапалы жаңа деңгейде алғаш рет университет білімгерлері үшін ғылыми-зерттеу процесін жаңғыртуға талпыныс жасалуда. Жұмыс перспективалы сипатқа ие, өйткені инновациялық әдістемелерді құру арқылы отандық педагогикалық кадрларды даярлаудың бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

Түйін сөздер: жоғары білім, қашықтықтан оқыту, педагогикалық дизайн, оқытудың сандық технологиялары, ғылыми-зерттеушілік іс-әрекет, зерттеу жұмыстары, білімгерлер ұйымы.

Student digital SRW-club

T.T. Dalayeva[1], B.S. Balgazina[1], S.G. Belous[1], Sh.M. Uldahan[1]
[1]Abai University (Almaty, Kazakhstan)

Abstract

Modern conditions for remote communication and learning have entailed the spread of digital technologies, when teachers are actively involved in the process of searching for new knowledge and mastering effective digitalization tools. Responding to modern challenges, the authors propose to create on the basis of KazNPU named after Abai «Student digital SRW-club», the purpose of which is to stimulate research and educational activities of students, cultivate students' enthusiasm, form critical thinking and leadership skills, skills of creative activity, work in a team.

The project «Student digital research club» is based on remote scientific activities and gamification elements that will allow students to instill interest in research work.

The novelty of the project is that for the first time at a qualitatively new level, an attempt is made to modernize the process of the research process for university students. The work is promising, since through the creation of innovative methods, the competitiveness of the training of domestic teaching staff is increased.

Keywords: higher education, distance learning, pedagogical design, digital learning technologies, research work, student club.

Поступила в редакцию 14.07.2020.

МРНТИ 14.35.07

К.Д. БУЗАУБАКОВА

Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті
(Тараз, Қазақстан)

ДӘРІС ДАЙЫНДАУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Аңдатпа

Мақалада жоғары педагогикалық оқу орнында оқылатын дәрісті дайындаудың педагогикалық технологиясының мазмұны және дәріс дайындаудың кезеңдері ашылады. Дәрістің мақсаты, құрылымы, дидактикалық функциялары, дәрістің түрлері жаңа мазмұнда анықталады. Кіріспе дәріс, ақпараттық дәріс, визуалды дәріс, кеңес беру дәрісі, әдейі шатастыру дәрісі, проблемалық дәріс және проблемалық дәріске қойылатын негізгі педагогикалық талаптар жүйесі айқындалады. Сондай-ақ, мақалада қазіргі таңда жоғары педагогикалық оқу орнындағы дәріске қойылатын педагогикалық талаптар жүйесі нақтыланады: тақырыптың өзектілігі; ғылымилық; тұжырымдамалық негіздің болуы; дүниетанымдық және әдіснамалық негіздің болуы; оқу жоспары мен пәннің бағдарламасына сәйкестігі; проблеманы қоя алушылық; біртұтастық пен жүйелілік; түсініктілік; мазмұндылық; шынайылылық; өмірмен байланыстылығы; практикалық мәнділігі; көрнекілік; пәнаралық байланыс; нәтижелілік; белсенділік; шығармашылық және т.б.

Түйін сөздер: дәріс, дәріс түрлері, дәрісті ұйымдастыруға қойылатын педагогикалық талаптар, дәрістің дидактикалық функциялары; педагогикалық технология.

Кіріспе. XXI ғасырда білім беру құнды капиталға айналды, ол өз мазмұны жөнінен стратегиялық ресурстармен бәсекелесе алады және солай болуға тиіс. Елдің даму деңгейі білім беру сапасымен бағаланатын болды. «Білім экономикасы», еңбек өнімділігін арттыру, инновацияны дамыту, жасанды интеллекті жаһандық дамудың негізгі факторларына айналды [1].

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасысында: «Білім беру деңгейлері арасындағы мазмұнның сабақтастығын

қамтамасыз ету мақсатында бүкіл білім беру траекториясы бойы жинақталатын өтпелі негізгі құзыреттер айқындалатын болады. Бұл құзыреттер білім берудің барлық деңгейлеріндегі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының құндылығы мен мазмұндылығын, білім беру саласындағы басқа да негіздемелік құжаттарды (салалық біліктілік шеңбері, кәсіби стандарттар) айқындау үшін негіз болады» – деп атап көрсеткендей, педагогикалық білім беруді жаңғырту үшін педагогтер даярлауды жүзеге асыратын жоғары оқу орындары мен колледждерге қойылатын біліктілік талаптары күшейтіледі және бәсекеге қабілетті маманды қалыптастырудың негізі білім беру жүйесінде қалыптасатын құндылықтар өзгеретін болады [2].

Болашақ педагогтердің креативті құзыреттілігін қалыптастыруда жоғары педагогикалық оқу орындарында оқылатын дәрістің атқаратын рөлі ерекше.

Тез өзгермелі бүгінгі әлемде Цифрлы Қазақстан жағдайында білікті педагог кадрларды даярлауда жоғары педагогикалық оқу орындарында оқылатын дәрістерге қойылатын дидактикалық талаптар жүйесі, дәрістердің түрлері мен типологиясы ашылып, дәрісті жүргізудегі оқытушының әдістемелік және технологиялық құзыреттілігі айқындалады [3].

Негізгі бөлім. Дәріс – жоғары оқу орында оқытуды ұйымдастырудың негізгі формасы. Дәрістің басты мақсаты – болашақ маманның жаңа оқу материалдарын меңгеруге бағытталған ғылыми дүниетанымның негіздерін қалыптастыру. Дәріс – сабақта айтылмақ ойды тезис-жоспар бойынша күні бұрын жобалап, жоспарлап алып, сол бойынша оқытушының баяндау монологы. «Дәріс» сөзі латынша «lectio» – «оқу» деген мағынаны береді. Дәріс алғаш VI ғасырда Ежелгі Грецияда пайда болып, кейін Ежелгі Римде орта ғасырға дейін таралды [4; 5; 6]. Дәрістің мақсаты:

– студенттерде оқытылатын пән бойынша жүйелі ғылыми көзқарас қалыптастыру;

– оқытудың заңдары мен принциптерін меңгеруін қамтамасыз ету;

– болашақта алған білімдерін кәсіби іс-әрекетте шығармашылықпен қолдана білу, кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру;

– болашақ мамандарды сындарлы ойлауға үйрету, педагогикалық рефлексия жасауға үйрету;

– болашақ маманның танымдық қызметін белсендіру, дұрыс сөйлеу мәдениетін қалыптастыру [7].

Жоғары оқу орнындағы дәріс – оқутышының аудиториямен шығармашылық қарым-қатынас орнатуы. Дәріс 3 түрлі қызмет атқарады: ақпарат берушілік (дидактикалық) – жаңа білім беру; ынталандырушылық – тақырыпқа қызықтырып, қосымша мәліметтерді өз бетінше іздестіруге талпындыру; дамытушылық – мәселеге баға беру, ой-елегінен өткізу. Дәрістің дидактикалық функцияларына жататындар:

– оқыту мақсатының нақты қойылуы;

– білімді меңгеру үшін жаңа ақпараттардың берілуі;

– дәріс мазмұнының өмірмен байланыстылығы;

–студенттердің шығармашылығын қалыптастыру;

– пәнаралық байланыстарды қамтамасыз ету.

Қазіргі таңда жоғары оқу орнындағы дәріске төмендегідей педагогикалық талаптар қойылады:

1) Тақырыптың өзектілігі: дәріс тақырыбының бүгінгі күннің өзекті мәселесін қамтуы.

2) Ғылымилық: ұсынылатын ақпарат қазіргі кездегі ғылымның даму деңгейіне сәйкес болуы.

3) Біртұтастық пен жүйелілік: негізгі сұрақтар, жаңа ақпараттар бірізділікте берілуі шарт және материалды берудегі логикалық құрылым, кіріспе мен қорытындының болуы, т.б.

4) Дүниетанымдық және әдіснамалық негіздің болуы: дәрісте баяндалатын ғылыми ұғымдардың шығу тарихи генезисін білуі;

5) Түсініктілік: ғылыми терминдер мен ұғымдардың, қарастырылатын сұрақтар мазмұнының түсініктілігі.

6) Мазмұндылық: нақты материал және ақпараттарды дұрыс таңдау мен сұрыптау, оларды толықтыру және жүйелеу;

7) Шынайылылық: негізгі тұжырымдар мен айтылатын ойдың дәлдігі, дәлелділігі.

8) Проблеманы қоя алушылық: нақты тақырып бойынша өзекті проблеманы көре алуы және пікірталас тудыратын сұрақтарды сұрыптап іріктей алуы;

9) Тұжырымдамалық негіздің болуы: айтылатын ойдың нақты тұжырымдамаларға сүйенуі, басты ойлар мен қорытындының болуы.

10) Өмірмен байланыстылығы: дәріс материалының қазіргі өмірмен, практикамен, студенттің болашақ мамандығымен байланысты болуы; педагогикалық жағдаят пен кейстерді қамтуы.

11) Оқу жоспары мен пәннің білім беру бағдарламасына сәйкестігі: дәріс мазмұнының пәннің оқу жоспары мен пәннің бағдарламасына толықтай сәйкес болуы.

12) Мазмұндылық: дәріс мазмұнының толықтылығы, сұрақ мазмұнының толық ашылуы.

13) Практикалық мәнділігі: дәріс материалының болашақ маманның кәсіби іс-әрекетінде қолданыс табуы.

14) Көрнекілік: көрнекі құралдарды пайдалану, негізгі ой-тұжырым, ережезаңдылықтардың сызба, сурет, слайд және т.б. түрінде берілуі.

15) Пәнаралық байланыс: дәрістің мамандықтың басқа пәндерімен байланысы.

16) Нәтижелілік: соңғы нәтижеге жету.

17) Белсенділік: студенттердің танымдық белсенділіктерін арттыру.

18) Шығармашылық: сындарлы ойлау, креативтілік [8, 247 Б.].

Кіріспе дәрісте курстың жалпы мазмұны мен құрылымын пайымдауға бағытталады және зерделеуге көмектеседі, студенттерді арнайы әдебиеттермен, оқу порталдарымен жұмыс істеуге жетелейді, курстың мазмұнымен таныстырады. Шолу жасау (ақпараттық) дәрісте тақырыптың негізгі мазмұнын ашу, жаңа білімді жүйелеу жүзеге асырылады. Проблемалық дәрісте тақырып қарама-қайшылықты мәселе қою арқылы шешіледі.

Визуалды дәрісте дәрістің негізгі мазмұны бейнелі түрде көрнекі беріледі (кесте, сурет, сызба, слайд және т.б.). Кеңес беру дәрісі студенттердің ынтасын, дербес қабілеттерін, әлеуетін толықтай пайдалануға мүмкіндік береді.

Әдейі шатастыру дәрісі алдын-ала жоспарланған қателіктер арқылы жаңа білім, жаңа ақпараттарға талдау жасау, пайымдау және зерделеуге жол ашады.

Он-лайн дәріс – қашықтықтан Интернет желісін, электронды оқыту платформаларын пайдаланып берілетін дәріс. 1-суретте дәрістің түрлері ашылды.

Ақпараттық дәрісте сұрақтарға жауап беру арқылы формальды ойлау негізінде материалды есте сақтау жүзеге асады: тақырыпты ашатын сұрақтар жүйесі енгізіледі; оқу материалы әрбір сұрақ үшін логикалық тізбекпен баяндалады; әрбір сұрақтағы жаңа ұғым анықталады; тұжырымдамалардың дәлелдемелері қысқа баяндалады; мысалдар келтіреді, педагогикалық жағдаяттар мен кейстер шешіледі.


Проблемалық дәріс материалды түсіндірер алдында (проблемалық) сұрақтар қою, мәселе туғызу арқылы жүзеге асырылады. Проблемалық дәрістің дидактикалық мақсаты-теориялық білімді меңгерту; сындарлы ойлауды дамыту; танымдық қызығушылық ояту. Проблемалық дәріс дәріс оқушы мен дәрісті тыңдаушылардың өзара байланыста жұмыс етуін қамтамасыз етеді. Проблемалық дәрісте сұрақ қою немесе мәселе тудыру арқылы жасырын тұрған мәселенің бір емес бірнеше жауаптарын құрастыру арқылы түсіндіргелі отырған тақырыптың шешімін табуға болады:

1) Материалды түсіндірер алдында мәселелік (проблемалық) сұрақтар қойылады (мәселе туындайды).

2) Жаңа білім белгісіз күйінде қабылданады.

3) Проблемалық жағдаяттар тудыру арқылы оның шешімін іздестіре отырып, қажетті ақпарат алынады.

4) Қабылдаған ақпарат тыңдаушы үшін өзі ашқан жаңалық түрінде меңгеріледі.



Сурет. **Дәрістің түрлері**

Проблемалық дәріске қойылатын педагогикалық талаптар: ғылыми тұжырымдамаларға негізделген сұрақтардың болуы; сұрақтардың ішкі қайшылықтары; қайшылықтарды шешудегі шарттар; педагогикалық шарттар көмегімен қажетті белгілі әдісті таңдап, белгісіз әдісті іздестіру. Алдын ала қателері бар дәріс – қате және дәл емес ақпаратты ажырату үшін ұйымдастырылады: тыңдаушыларға қате ақпарат беріледі; тыңдаушы қатені тауып, талдауына 10-15 мин уақыт беріледі; тыңдаушы сараптаушы оппонент не пікір беруші ретінде сөйлейді.

Бірге жүргізілетін дәрісте материал екі дәріс берушінің өзара диалогтік қарым-қатынас жасау түрінде беріледі: бір немесе ұқсас бірнеше проблемалық жағдаяттар туғызылады; әртүрлі болжамдар ұсынылады; дәлелдеуші немесе жоққа шығарушы жүйелер ойластырылады; бірлесе ортақ алынған нәтиже негізделеді. Дәрісті оқуда дәрістің құрылымы және логикалық байланысы қатаң сақталуы тиіс: жоспарының болуы; дәрістің басында тақырыпқа байланысты әдебиеттердің және дәрістің аяғында қосымша әдебиеттердің берілуі.

Дәрісті ұйымдастыруға қойылатын педагогикалық талаптар:

1) Дәріс алынған тақырыпқа сәйкестігі.

2) Дәрістің мазмұнының пәннің оқу бағдарламасына сәйкес келуі.

3) Оқыту тиімділігін арттыруды қамтамасыз ететін заманауи құралдармен қамтамасыз етілуі: демонстрациялық құрылғылар, техникалық құралдар, интерактивті тақта, т.б. 2-суретте Дәріс дайындау технологиясы берілді.

Дәрісті ұйымдастыруға қойылатын әдістемелік талаптар:

1) Дәріс мазмұнының тізбектей берілуі, біртұтастығы, жүйелілігі.

2) Дәрісте жоғары мектеп оқытушысының кәсіби әдепті сақтауы.

3) Дәрісте оқытушының студенттермен ынтымақтастық қарым-қатынас орнатуы.

4) Дәріс мазмұнының толықтай ашылуы: алдын ала дайындалған конспект немесе тезиске сүйене отырып, силлабус бойынша студенттің дәріс мазмұнымен алдын ала таныс болуы және дайындалып келуі, дәрісте еркін пікірталасқа түсе алуы.

5) Оқытудың инновациялық технологияларын және интерактивті әдістерді, заманауи техникалық құралдарды тиімді қолдана алуы.

6) Дәрісте болашақ маманның кәсіби құзыреттілігін қалыптастыратындай кейс, педагогикалық жағдаяттардың болуы [9, Б.152].

Кесте 1

Дәріс дайындаудың педагогикалық технологиясы

<table>
<tr><th colspan="5">Дәріс дайындаудың педагогикалық технологиясы</th></tr>
<tr><td>Дәрістің сұлбасы</td><td>Дәрістің жоспары</td><td>Ақпарат, мәліметті іздестеру, сұрыптау</td><td>Дәріс мазмұнын анықтау</td><td>Дәріс сапасын бағалау</td></tr>
<tr><td>Материалдың реті</td><td>Сұрақтарды таңдау, қою</td><td rowspan="8">Таңдау принципі</td><td>Дәріс мәтінін жазу</td><td rowspan="8">Өзін-өзі бағалау</td></tr>
<tr><td>Кіріспе</td><td>Кіріспе</td><td rowspan="7">Дәріс режиссурасы:
– Дәрісханаға кіру (дәріс қайда, қашан, кіммен өтеді?)
– Алғашқы сөз;
– дауыс ырғағы;
– сөз екпіні;
– бет әлпеті;
– ишарат.
– Аудиторияны сезіну (қабылдап отыр ма?)
– Кері байланыс
– Соңғы сөз</td></tr>
<tr><td>Не туралы?</td><td>Не? Не туралы?</td></tr>
<tr><td>Негізгі бөлім</td><td rowspan="2">Негізгі бөлім:
– Жаңа ұғым
– Жаңа режим
– Заңдылықтар
– Мысалдар</td></tr>
<tr><td>Логикалық байланыс</td></tr>
<tr><td colspan="2">Қорытынды</td></tr>
<tr><td colspan="2">Нәтиже</td></tr>
</table>

Дәрісті дайындауда педагог дәрістің мақсат-міндеттерін анықтайды; дәрістің сұлбасын (нобайын) және жоспарын жасайды; факті, ақпарат, мәлімет жинап іздестіреді; алынған мәлімет, ақпарат, фактілерді рет-ретімен орналастырады; мәліметтерді жүйелейді; дәрісті беру әдістемесін таңдайды; дәрісті берудегі көрнекі, техникалық құралдарды анықтайды; дәрісті оқып шығып, өңдейді; көрнекіліктер (слайд,бейнефильм) әзірлейді және т.б.

Болашақ педагогтердің жалпыкәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда дәрістің алатын орны ерекше. Болашақ педагогтің жалпыкәсіби құзіреттілігіне оның біртұтас педагогикалық процесті ұйымдастыра және басқара алуы; педагогикалық процесті бақылау және диагностикалауы, педагогикалық процестің нәтижесіне

мониторингтік сараптама жасай алуы, кері байланысты жасауы, педагогикалық процесті жетілдіру бойынша өз іс-әрекетіне өзіндік баға, өзіндік талдауы, педагогикалық рефлексия, этномәдениеттілік және көпмәдениеттілік құзіреттіліктері кіреді [10; 11; 12; 13; 14; 15; 16].

Дәрісті жүргізудегі оқытушының оқытудың қозғаушы тетіктерін тиімді басқаруындағы әдістемелік құзыреттілігі айқындалады:

– оқытушының тәрбиелеудің, оқытудың мазмұнын, формасын, әдістерін таңдағанда міндетті түрде оқушылардың психологиялық ерекшеліктерін есепке алуы;

– оқытушының оқу-тәрбие процесінде жанға жайлы психологиялық ахуал тудыра алуы;

– оқытушының оқу-тәрбие әдістерін дұрыс таңдай алуы;

– өз пәні бойынша оқытудың әртүрлі әдіс-тәсілдерін меңгеруі, оның қажеттісін өз іс-тәжірибесінде пайдалана алуы [17; 18].

Оқытушының оқытудың қозғаушы тетіктерін тиімді басқаруындағы технологиялық құзыреттілігіне жататындар:

– оқытушының өз пәні бойынша оқытудың инновациялық технологияларын меңгеруі;

– оқытушының өз пәніне қатысты инновациялық технологияны дұрыс таңдай алуы;

– оқытушының оқу-тәрбие процесінде инновациялық технологияның рөлі мен маңызын айқындай алуы;

– оқытушының оқу-тәрбие процесінде оқушының инновациялық іс-әрекетін жоспарлай алуы.

Қорытынды. Жоғары оқу орнында оқылатын дәріс болашақ мамандардың теориялық және тәжірибелік іскерлігін тиімді басқару жүйесінде ойлау процесінің заңдылықтары мен білімді меңгеру үшін танымдық, шығармашылық қабілеттерінің дамуына, проблемаларды ұтымды шешу, іскерлік пен креативтілікті қалыптастыру, тұлғаның өздігінен дамуы мен дербестігін қамтамасыз етуіне негізделуі тиіс.

Инновациялық технологияның қыр-сырын меңгерген, өз ісіне үлкен жауапкершілікпен қарайтын, педагогикалық процесті нәтижеге бағыттай алатын, әрбір шәкірттің жүрегіне жол табатын, оқушыларды шығармашылық ізденіске бағыттай алатын, ұдайы шығармашылық ізденістегі интеллектуалды тұлға, креативті мұғалім даярлауда жоғары оқу орнында жүргізілетін дәрістің алатын орны ерекше.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

[1] Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі /Қазақстан Республикасы Президенті Қ.Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдау. – Астана: Ақорда, 2019.

[2] Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы [Электронды ресурс] // http:// www.edu.gov.kz (қаралған күн: 04.05.2020).

[3] Шваб Клаус. Төртінші индустриялық революция. The Fourth Industrial Revolution: – Астана: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. –198 б.

[4] Коджаспирова Г.М. Педагогика. Учебник. –М.: КНОРУС,2010. –744 с.

[5] Подласый И.П. Педагогика: в 2 т. Т. 2. Практическая педагогика: учебник для бакалавров. –М.: Юрайт, 2013. –799 с.

[6] Таубаева Ш.Т., Иманбаева С.Т., Берикханова А.Е. Педагогика: Оқулық. – Алматы: ОНОН, 2018. – 350 б.

[7] Мынбаева А.К. Основы педагогики высшей школы: Учебное пособие. – Алматы, 2008. –156 с.

[8] Бұзаубақова К.Ж. Педагогика. Оқулық. –Тараз: ИП « Бейсенбекова А.Ж.»,2019. – 329 б.

[9] Бұзаубақова К.Ж. Педагогикалық шеберлік. –Тараз: ИП «Бейсенбекова А.Ж.» , 2018. –314 б.

[10] Хуторской А.В. Педагогическая инноватика. Учебное пособие. – М.: Академия, 2010. –254 с.

[11] Таубаева Ш.Т., Бакиров И. И., Максутова И. О. Интенсивные образовательные технологии и их применение начинающими преподавателями вуза. Учебно-методическое пособие. – Алматы: 2019. –374 с.

[12] Таубаева Ш. Т. Педагогиканың философиясы және әдіснамасы: Оқулық. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. –350 б.

[13] Монахов В.М. Педагогическая технология от А до Я: самоучитель проектирования учебного процесса. –Липецк: ИРО, 2007. –287 с.

[14] Таубаева Ш.Т. Исследовательская культура учителя: от теории к практике: Монография. –Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 423 с.

[15] Фокин Ю.Г. Теория и технология обучения. Деятельностный подход. – М.: Юрайт, 2018. – 241 с.

[16] Максутова И.О., Таубаева Ш.Т., Момбек А.А. Педагогическая технология: от концепции до модели // Педагогика и психология. –2018. –4(37). –С.116 – 123.

[17] Amirova A., Buzaubakova K., Kashkynbayeva Z., Yelubayeva M., Kumisbekova Z., Elmira U., Genz Z. The Formation of Cretive Competence of Future Teachers// International Journal of Scientific Study. –2017. –V 5. –Issue7. – P.89 - 93.

[18] Amirova A., Buzaubakova K., Kashkynbayeva Z.,Yelubayeva M., Kumisbekova Z., Elmira U., Genz Z. Training the creative competence of future teachers// Journal for Educators Teachers and Trainers. –2018. –V.8-Iss.27. – P.118 –125.

References

[1] «Constructive public dialogue - the basis of stability and prosperity of Kazakhstan» / Message of the President of the Republic of Kazakhstan K. Tokayev to the people of Kazakhstan. – Astana: Akorda, 2019.

[2] State program for the development of education and science of the Republic of Kazakhstan for 2020-2025 years [Electronic resourse] // http: // www.edu.gov.kz. (date of the application: 04.05.2020).

[3] Schwab Klaus. The fourth industrial revolution. The Fourth Industrial Revolution: – Astana: National Translation Bureau Public Foundation, 2018. – 198 pages.

[4] Kojaspirova G.M. Pedagogy. Textbook. -M.: KNORUS, 2010. – 744 p.

[5] Podlasyi I.P. Pedagogy: in 2 vols. T. 2. Practical pedagogy: a textbook for bachelors. – M .: Yurayt, 2013. – 799 s.

[6] Taubaeva Sh.T., Imanbaeva S.T., Berikkhanova A.E. Pedagogika: Okulyk. –Almaty. ONON. 2018. – 350 b.

[7] Mynbayeva A.K. Fundamentals of pedagogy of higher education: Textbook. – Almaty, 2008 . – 156 p.

[8] Buzaubakova K. Pedagogy. The textbook. –Taraz: IP «Beisenbekova A.Zh.», 2019. – 329 p.

[9] Buzaubakova K. Pedagogical skills. –Taraz: IP «Beisenbekova A.Zh », 2018. – 314 p.

[10] Khutorskoy A.V. Pedagogical innovation. Textbook. – M.: Academy, 2010. – 254 p

[11] Taubaeva Sh., Bakirov I., Maksutova I. Intensive educational technologies and their application by novice university teachers. Teaching aid. – Almaty, 2019. – 374 p.

[12] Taubaueva Sh. T. Philosophy and methodology of pedagogy: Textbook. – Almaty: Kazakh University, 2019. – 350 p.

[13] Monakhov V.M. Pedagogical technology from A to Z: tutorial for the design of the educational process. – Lipetsk: IRO, 2007. –287 p.

[14] TaubayevaSh.T. Teacher Research Culture: From Theory to Practice: Monograph. – Almaty: Kazakh University, 2016. – 423 p.

[15] FokinYu.G. Theory and technology of instruction. Active cooling. – M .: Yurayt, 2018. – 241 p.

[16] Maksutova I.O., Taubaeva Sh.T., Mombek A.A. Pedagogicheskaya tekhnologiya: ot koncepcii do modeli // Pedagogika i psihologiya. – 2018. – 4(37) – S.116-123.

[17] Amirova A., Buzaubakova K., Kashkynbayeva Z., Yelubayeva M., Kumisbekova Z., Elmira U., Genz Z. The Formation of Cretive Competence of Future Teachers// International Journal of Scientific Study. –2017. –V 5. – Issue7. – P.89-93.

[18] Amirova A., Buzaubakova K., Kashkynbayeva Z.,Yelubayeva M., Kumisbekova Z., Elmira U., Genz Z. Training the creative competence of future teachers// Journal for Educators Teachers and Trainers. –2018. –V.8-Iss.27. – P.118-125.

Педагогическая технология подготовки лекций

К.Д. Бузаубакова
Таразский государственный педагогический университет
(Тараз, Казахстан)

Аннотация

В статье освещается содержание педагогической технологии подготовки лекций в высших педагогических заведениях и этапы проведения лекций. Определяются цель, структура, дидактические функции, виды лекций в новом содержании. Раскрываются особенности лекции-консультации, вводной, информационной, визуальной, специально апутанной, проблемной лекций, а также система основных педагогических требований к проблемной лекции.

Кроме того, в статье конкретизируются педагогические требования к организации современной лекции в высших педагогических заведениях: актуальность темы; научность; концептуальность идеи; наличие мировозренческих и методологических основ; соответствие темы и содержания лекций учебному плану и учебной программе; постановка проблемы; целостность и системность; ясность; содержательность; достоверность; связь с жизнью; практическая значимость; наглядность; межпредметная связь; результативность; активность; креативность и другие.

Ключевые слова: лекция, виды лекций, педагогические требования к организации лекций, дидактические функции лекции; педагогическая технология.

Pedagogical technology of preparation of lectures

K.D. Buzaubakova
Taraz State Pedagogical University
(Taraz, Kazakhstan)

Abstract

The article highlights the content of pedagogical technology for preparing lectures in higher pedagogical institutions and the stages of lectures. The new content determined the purpose, structure, didactic functions, and types of lectures. There are revealed the features of a consultation lecture, an introductory, informational, visual, especially confused, problematic lecture, as well as a system of basic pedagogical requirements for a problem lecture. In addition, the article specifies the pedagogical requirements for organizing a modern lecture in higher pedagogical institutions: the relevance of the topic; science; conceptual idea; the existence of worldview and methodological foundations; compliance of the topic and content of lectures with the curriculum and curriculum; formulation of the problem; integrity and consistency; clarity; rich content; reliability; connection with life; practical significance; visibility; intersubject communication; performance activity; creativity, etc.

Keywords: lecture, types of lectures, pedagogical requirements for the organization of lectures, didactic functions of a lecture; pedagogical technology.

Редакцияға 10.05.2020 қабылданды

МРНТИ 15.31.31

Е.С.ДОРОВСКИХ[1], С.Т.ИСАЛИЕВА[2]

[1]Средняя школа №17 (Панфилов, Алматинская область, Казахстан),
[2]Казахский национальный педагогический университет имени Абая (Алматы, Казахстан)

ПРОФИЛАКТИКА ДЕВИАНТНОГО ПОВЕДЕНИЯ У ШКОЛЬНИКОВ ПОДРОСТКОВОГО ВОЗРАСТА

Аннотация

В статье авторы поднимают актуальную проблему девиантного поведения подростков, решение которой требует повышения духовности и нравственности общества. В современном мире труд и учеба утратили ценность, для многих подростков цель жизни сводится к достижению материального блага любой ценой, к наживе любыми способами. И взрослых уже никто не учит быть родителем, все воспитание сводится к принципу «Как меня воспитывали, так и я». Ускоренные темпы прогресса привели к быстрому развитию ребенка (еще не умеющий говорить ребенок умеет пользоваться телефоном). В настоящее время представляется важным чтение современной литературы по психологии воспитания, посещение различных тренингов, отслеживание быстроменяющихся тенденций, поиск эффективных способов взаимодействия с проблемными детьми.

Ключевые слова: девиантное поведение, психологическая помощь, контакт, поддержка, взаимодействие.

Введение. Общеизвестно, что современных детей не стоит воспитывать по прежним стандартам, основой которых был одинаковый подход ко всем. Порой ребенку очень сложно самому найти и понять, в какой сфере ему развиваться, поэтому сейчас детям помогают развиваться в различных направлениях. Однако множество факторов отвлекают детей от того, что им действительно нравится, ведь им интереснее играть в смартфоне или смотреть мультфильмы. Тут на помощь должны прийти взрослые, которые, по нашему мнению, должны контролировать своего ребенка хотя бы в некоторых сферах жизни. Конечно, невозможно вырвать детей из современного мира, но родители должны знать, чем увлекаются их дети, в какие видеоигры играют и как эти игры влияют на них. А если ребенка «загоняют в рамки», то возможен эффект пружины – он либо сломается, либо очень сильно «выстрелит» – необходим баланс между контролем и доверием. Даже прилежный ученик иногда в подростковом возрасте может измениться до неузнаваемости, когда так называемая «пружина» ломается.

Основная часть. Девиантное поведение – это поведение, которое не соответствует принятым в обществе нормам. Правовые нормы – это правила, закрепленные и контролируемые государством. Моральные нормы – принятые в обществе правила поведения, которые не закреплены в законах. Возрастные нормы – это особенности поведения и психики человека в определенном возрасте: младенческом, дошкольном, школьном, зрелом, пожилом и старческом. Этнические нормы – правила поведения, сложившиеся в различных этнических группах [1; 2].

В обычной средней школе учится около 1500 человек, по отзывам учителей дети, которые учатся во вторую смену, а это дети

2006 года и младше, не очень хорошо ладят со взрослыми. По нашему мнению, это связано с тем, что современные дети себя взрослыми и не хотят, чтобы с ними обращались как с детьми.

Наблюдение за современными подростками позволяет сделать вывод, что они взрослеют намного раньше в связи с тем, что социальные сети общедоступны и на одной платформе могут присутствовать люди с очень большой разницей в возрасте. И дети начинают копировать поведение взрослых, стремясь заработать высокую репутацию среди сверстников, когда же дело касается жизненных ситуаций, они ведут себя соответственно возрасту. Поэтому задача семьи и педагогов – помочь ребенку найти баланс между детством и той взрослостью, к которой он стремится.

По нашему мнению, общение в интернете – своеобразный побег от реальности, где большинство пользователей предпочитают быть инкогнито, появляется возможность для реализации каких-то представлений, фантазий с обратной связью, кроме того неограниченный доступ к информации порождает так называемый информационный вампиризм [3]. В настоящее время 37-38% аудитории Интернета составляют подростки 12-14 лет [4].

Общение подростков и старшеклассников со сверстниками и взрослыми считается важнейшим психологическим условием их личностного развития. Неудачи, как правило, ведут к внутреннему дискомфорту, компенсировать который не могут никакие высокие показатели в других сферах жизни и деятельности. Общение субъективно воспринимается подростками как нечто личное очень важное, об этом свидетельствует их внимание к форме общения, доверительности, попытке осмыслить проанализировать свои взаимоотношения со сверстниками и взрослыми [5].

Девиантное поведение подростков контролируется только окружающими взрослыми, дети сами за собой этого не замечают, и когда они вырываются из-под опеки взрослых, их поведение становится более агрессивным, при наказании травмируется их эмоциональное состояние, и позитивных изменений таким путем не достигнуть. Для того, чтобы наладить отношения с таким ребенком, нужно понять его внутреннюю скрытую цель, которая привела к нарушению поведения и ответить на следующие вопросы: «Чего хочет достичь ребенок своим поведением?», «Какой способ выбрать для прекращения ситуации?» [6].

Чтобы ответить на первый вопрос, имеет смысл проанализировать интеллектуальные способности подростка т.к. его логическая цепочка зависит от знаний и личных особенностей. Когда много ограничений, предрассудков, они изнутри управляют волей, что создает неуверенность и проявляются негативные качества характера (безвольность, трусость, разгильдяйство). Критичная самооценка (в подростковом возрасте) на фоне возрастающего чувства взрослости всегда приводит к конфликту родителей и детей, поэтому требуется гибкость со стороны взрослых, чтобы потребность чего-то добиться трансформировалась в двусторонние переговоры с позиции «выиграли оба» (ребенок и родитель).

С трудным подростком нужно создать дружелюбные отношения, чтобы ребенок мог высказаться, и подтолкнуть его к самостоятельному решению, так как те выводы, к которым человек приходит сам, более глубокие и осознанные, чем навязанные извне [7]. Немаловажную роль играют навыки активного слушания, когда «Я – сообщения» более эффективны, чем «Вы – сообщения» для выявления системы убеждений, приводящей к враждебно-вызывающему поведению [8, 9].

Когда взрослые используют «Я – сообщения» и показывают свои чувства, они становятся ближе к ребенку, появляется возможность объяснить, что человек может испытывать различные чувства (злость, волнение, обиду) и нужно просто научиться их правильно выражать [10, 11].

Существует много различных способов оказания психологической помощи для разрешения проблемы:

– расширение информативного кругозора для решения возникшей ситуации, обращение к литературным источникам, научным данным, опыту других людей;

– использование в качестве метода аналогии рассказов, сказок и былин для иллюстрации актуальной ситуации;

– установление последовательности происходящего и его взаимосвязи для уточнения понимания проблемы;

– подсказка подростку путей решения сложившейся ситуации, при этом с него не снимается ответственность и предполагается самостоятельность в реализации принятого решения;

– предложение понаблюдать за собой при повторении ситуации, особенно в ситуации, когда взрослые признаются в своем бессилии («Делай что хочешь», «Мне все равно», «Поступай как знаешь» и т.д.);

– обучение различным способам расслабления, достижения внутреннего покоя и комфорта с помощью медитаций и упражнений на релаксацию;

– физическая нагрузка, активный спорт;

– переоценка с целью выявления негативных переживаний, фиксирования и трансформации в положительные эмоции;

– позитивный настрой для укрепления веры ребенка в свои возможности по разрешению возникшего затруднения;

– совместный анализ как реальных ситуаций, так и ситуаций других людей для повышения психологической грамотности;

– применение игровой модели, когда нельзя изменить реальные события жизни – для изменения отношения к ним и снятия напряжения (когда человек страдает от того, что он не сказал или не сделал чего-то);

– наполнение смыслом простых обыденных действий (например, как Том Сойер смог превратить в удовольствие скучную покраску забора) [12].

Общеизвестно, что основной проблемой детского девиантного поведения является непонимание и непринятие чувств [13]. Поведение ребенка напрямую связано с его чувствами, когда ребенку хорошо, то он ведет себя хорошо. Взрослый может помочь ребенку чувствовать себя хорошо, принимая его чувства, постоянное же отрицание чувств может сбить ребенка с толку, он сам запутается в своих чувствах. Например:

Ребенок: Мама, я устал!

Мама: Ты не мог устать. Ты только что проснулся.

Ребенок (громче): Но я устал.

Мама: Ты не устал. Ты просто маленький соня. Давай одеваться.

Ребенок (вопит): Нет, я устал!

Этот диалог – яркий пример того, как с детства отрицаются чувства. Чтобы помочь ребенку разобраться в своих чувствах следует:

– внимательно его слушать;

– разделять его чувства (с помощью слов «да…», «понятно…», «конечно…», «интересно…»);

– помочь ему определить его чувства (выявить их);

– показать, что вам понятны чувства и желания ребенка [14].

Гораздо легче рассказать о своих неприятностях, когда тебя действительно слушают, даже не обязательно что-то отвечать, иногда достаточно сочувствия. Если ребенок слышит названия того, что он ощущает ему становится спокойнее, и он понимает, что его чувства признаны. Когда чувства признаны и определены, их уже не нужно подавлять, что само по себе ведет к взаимопониманию. Ребенок, прежде всего, берет пример со взрослых, даже если он еще что-то не понимает в силу возраста, он видит и чувствует, как взрослые скрывают, либо подавляют свои чувства в общении с другим взрослым, но с легкостью выплескивают негатив на ребенка [10].

Широко используемые методы взаимодействия родителей с детьми, которые могут привести к развитию девиантного поведения у детей:

Порицание и упреки: «Опять ты заляпал всю дверь грязными руками! Когда ты будешь вовремя мыть руки?.. Ты когда-нибудь можешь что-нибудь делать правильно?.. Вечно ты никого не слушаешь».

Выяснение отношений: «Давай я помогу пришить тебе пуговицу. А то у тебя руки не из того места», «У тебя опять в тетради помарки! Ты отвратителен». «На улице мороз, а ты опять в легкой куртке! Какой надо быть глупой? Ты действительно глупа».

Запугивания: «Еще раз возьмешь без разрешения конфеты, я тебя отшлепаю». «Если ты через минуту не перестанешь плеваться, то я дам тебе по губам».

Указания: «Сейчас же, приберись в комнате». «Ты до сих пор не вынес мусорное ведро? Сделай это сейчас же!.. Чего ты ждешь? Давай!».

Поученье: «Ты же знаешь, обзываться нехорошо. Как ты к людям, относишься, так и они к тебе. Если ты будешь продолжать обзываться, с тобой никто дружить не будет, у тебя друзей не будет. Тебе же не нравится, когда тебя обзывают, вот и другим неприятно». Мы согласны с мнением, что нельзя злоупотреблять поучениями – слишком длинные утомляют ребенка, особенно в дошкольном возрасте, – они должны быть короткими и понятными для ребенка, отражать только суть данной ситуации [15].

Предупреждения: «Сейчас же перестань прыгать с табурета, ты хочешь упасть и что-нибудь сломать», «Не балуйся телефоном, ты хочешь его разбить?».

Страдания и угрозы: «Вы оба прекратите этот крик! Вы хотите меня довести? Хотите, чтобы я заболела? Чтобы меня инфаркт хватил?», «Я уже поседела от вас. Вы меня в могилу сведете».

Аналогия: «Почему ты не такой как, как твой брат? Он всегда делает свою работу вовремя», «Почему ты не одеваешься, как Ваня? У него всегда такие короткие опрятные волосы, рубашка заправлена. На него приятно смотреть».

Ирония: «Ты знала, что у тебя тест, и не взяла книгу в школу? Умно! Блестящая идея», «Это домашняя работа, на завтра? Ну, может, твой учитель умеет читать по-китайски, я нет!».

Предсказания: «Продолжай быть эгоистом. Увидишь, никто никогда не захочет дружить с тобой. У тебя не будет друзей», «Ты мне наврал о своих оценках? Знаешь, что будет, когда ты вырастешь? Тебе никто не будет верить» [14].

Необходимо отметить, что важное влияние на развитие ребенка оказывает домашняя среда, в семье проходят первые, решающие для становления, развития и формирования годы жизни человека. Ребенок обычно является довольно точным отражением своей семьи, где создаются условия, в том числе материальные, для развития природных задатков. Нравственные качества личности также закладываются в семье, поэтому очень важно, как с ребенком разговаривают, строят диалоги.

Приведем самые распространенные реакции детей на методы воспитания:

Порицание и упреки: «Дверь важнее, чем я», «Я солгу ей и скажу, что это был не я», «Я дурак», «Ты говоришь, что я никогда не слушаю, так я и не буду».

Выяснение отношений: «Она права, я неумеха», «Я ей устрою. В следующий раз я даже куртку не надену», «Терпеть ее не могу».

Запугивания: «Возьму конфеты, когда она отвернется», «Мне страшно», «Хочется плакать».

Указания: «Попробуй заставь меня», «Я напуган».

Поученье: «Болтай-болтай», «я тупой», «Кто-нибудь слушает ее?».

Предупреждения: «Как я смогу когда-нибудь делать это сама? Что бы я ни сделала, мне же будет хуже».

Страдания и угрозы: «Я боюсь, что из-за меня она заболела».

Аналогия: «Она всех любит больше чем меня», «Ненавижу Ваню».

Ирония: «Я ей отомщу», «Что бы я ни делал, у меня ничего не выйдет», «во мне вскипает обида», «Зачем пытаться?».

Предсказания: «Мне тоже можно верить, я докажу, что она не права», «Это бесполезно», «Я обречен» [14].

Из таких диалогов с родителями у детей с самого детства зарождаются комплексы, которые преследуют их всю жизнь, ведь развитие мышления происходит в неразрывной

связи с изменением речи подростка, которая способствует формированию мироощущения.

Особое значение в нравственном и социальном поведении подростков играют чувства, которые, как правило, проявляются очень бурно, иногда аффективно, особенно сильно проявляется гнев. Многие педагоги считают подростковый возраст периодом кризиса, проявлением упрямства, эгоизма, замкнутости, вспышек гнева. Из шквала этих чувств, если не помогать с ними разбираться, может сформироваться девиантное поведение, поэтому так важно бережно относиться к духовному миру, проявлению чувств подростков [16].

Иногда во избежание проблем и конфликтов взрослым стоит соразмерить собственные ожидания с возможностями ребенка. Порой завышенные ожидания родителей накладывают на подростка огромный груз, который ему не под силу. Чрезмерное беспокойство о первых самостоятельных шагах подростка тоже негативно сказывается на его поведении [17; 18].

К сожалению, в современном обществе утрачивается грань между моральным и аморальным, одобряемым и недопустимым поведением, добром и злом, что также приводит к девиации поколения, личности становятся жертвами вседозволенности [19]. Следует отметить, что активное творческое участие в общественно полезном труде помогает ребятам уравновешивать психическое состояние, что в конечном итоге говорит о положительном влиянии трудовой, общественно полезной, социальной деятельности. И особой социальной целью современного воспитательного процесса является нравственно-духовное становление личности, формирование уважительного отношения к самому себе и к окружающему миру и т.д. Но главным, по нашему мнению, является формирование творческой личности, воспитание ответственности, стремление к толерантности, милосердию, уверенности в себе, способности к активному социальному взаимодействию без ущемления достоинств другого человека [20].

В любой школе есть большое количество внеклассных мероприятий, где можно себя проявить, что будет способствовать социальной адаптации ребенка. Например, в средней школе №17 г.Панфилов Алматинской области есть военно-патриотический клуб «Жас Қыран». Учащиеся с удовольствием туда ходят, общаются с ребятами из других школ, выезжают в воинские части, общаются с героями «Халык Кахарманы». Также регулярно проводятся различные конкурсы: «Королева осени», «Джентльмен шоу», «Ученик года» и мероприятия, посвященные ЗОЖ. Ребята могут реализоваться, не только выступая в этих конкурсах, но и принимая участие в их подготовке, этот опыт помогает им находить общий язык с одноклассниками, сверстниками, другими учащимися и учителями.

Заключение. Проблема профилактики девиантного поведения поставлена давно, однако в должной мере она пока не решена и требует повышения духовности и нравственности всего общества. Многие молодые люди страдают от навязчивых мыслей, появившихся еще в детстве, и родителям нужно обращать больше внимания на то, что они говорят детям, воспитанию детей и взаимодействию с ними. Культура общения в семье, в обществе - один из основополагающих факторов становления личности. Ускоренные темпы научно-технического прогресса привели к ускорению развития ребенка, но никто не учит взрослых быть родителями, все воспитание сводится к принципу: «Как меня воспитывали, так и я». В силу этого становится актуальным изучение современной литературы по психологии воспитания, посещение тренингов, отслеживание быстроменяющихся тенденций, поиск эффективных способов взаимодействия с собственными детьми.

Список использованных источников

[1] Шнейдер Л.Б. Девиантное поведение детей и подростков. – Трикса: Академический Проект, 2005. – 316 с. [Электронный ресурс]: URL: http://biblio.chgpu.edu.ru/rup/profili/ppf/ppdp.doc (дата обращения: 21.11.2019).

[2] Рождественская Н.А. Девиантное поведение и основы его профилактики у подростков: Учебное пособие. – Генезис, 2015. – 211 с. [Электронный ресурс]: URL: http://www.iprbookshop.ru/89319.html (дата обращения: 21.11.2019).

[3] Сангилбаева А.О. Исследование интернет-зависимости через анализ факторов, способствующих ее формированию //Вестник КазНПУ имени Абая. Серия: Психология. – Алматы: Ұлағат, 2016. – №4(49). – С.59-62.

[4] Сангилбаева А.О., Сангилбаев О.С., Сарсенбаева Л.О. Выявление и профилактика психологической зависимости от интернета //Педагогика и психология. – 2019. – № 2(39). – С.45-52.

[5] Косшыгулова А.С. Особенности работы школьного психолога с подростками //Вестник КазНПУ имени Абая. Серия: Психология. – Алматы: Ұлағат, 2016. – № 4(49). – С.46-49.

[6] Бронсон П. Мифы воспитания. Наука против интуиции. – М.: Манн, Иванов и Фербер, 2014. – 225 с. [Электронный ресурс]: URL: https://www.mann-ivanov-ferber.ru/books/paperbook/new-thinking-about-children/ (дата обращения: 19.11.2019).

[7] Дольто Ф. На стороне подростка. – М.: Рама Паблишинг, 2018. – 424 с. [Электронный ресурс]: URL: http://www.psychologies.ru/articles/razgovor-s-podrostkami-ili-kompleks-omara-f-dolto-k-dolto-k-pershmine/ (дата обращения: 19.11.2019).

[8] Дирксен Д. Искусство обучать. Как сделать любое обучение нескучным и эффективным. – М.: Манн, Иванов и Фербер. – 2012. – 208 с. [Электронный ресурс]: URL: https://eac-ras.ru/Lib/Biz/ (дата обращения: 15.11.2019).

[9] Петрановская Л.В. Если с ребенком трудно. – АСТ, 2013. – 120 с. [Электронный ресурс]: URL: https://www.litres.ru/ludmila-petranovskaja/esli-s-rebenkom-trudno/chitat-onlayn/ (дата обращения: 15.11.2019).

[10] Гиппенрейтер М. Бегство к себе. Жизнь подростка. – АСТ, 2016. – 80 с. [Электронный ресурс]: URL: http://www.psychologies.ru/articles/m-gippenreyter-begstvo-k-sebe-jizn-podrostka/ (дата обращения: 15.11.2019).

[11] Гиппенрейтер Ю.Б. Чувства и конфликты. – АСТ, 2014. – 62 с. [Электронный ресурс]: URL: https://pedklassy.bspu.by/files/docs/books/1_knigi/2_gippenreyter.pdf (дата обращения: 19.11.2019).

[12] Джексон Н. Классный учитель: как работать с трудными учениками, сложными родителями и получать удовольствие от профессии. – М.: Манн, Иванов и Фербер, 2017. – 208 с. [Электронный ресурс]: URL: https://www.litres.ru/nina-dzhekson/klassnyy-uchitel-kak-rabotat-s-trudnymi-uchenikami-slozhnymi-roditelyami-i-poluchat-udovolstvie-ot-professii/chitat-onlayn/ (дата обращения: 15.11.2019).

[13] Андрющенко И.В., Коваленко Т.А. 85 вопросов детскому психологу. – АСТ, 2014. – 210 с. [Электронный ресурс]: URL: https://www.twirpx.com/recent/files/8372/ (дата обращения: 19.11.2019).

[14] Фабер А. Как говорить, чтобы дети слушали, и как слушать, чтобы дети говорили. – Эксмо, 2009. – 206 с. [Электронный ресурс]: URL: https://www.litres.ru/adel-faber/eleyn-mazlish/kak-govorit-chtoby-deti-slushali-i-kak-slushat-chtoby-deti-govorili-4/chitat-onlayn/ (дата обращения: 21.11.2019).

[15] Шарифова В.Т., Мурадханов М. О воспитании дисциплинированности в семье //Вестник КазНПУ им.Абая. Серия: Педагогические науки. – 2012. – № 1(35). – С.75-79.

[16] Корниенко А.А. Детская агрессия. – М.: Рама Паблишинг, 2017. – 200 с. [Электронный ресурс]: URL: https://www.b17.ru/blog/70961/ (дата обращения: 15.11.2019).

[17] Армстронг Т. Ты можешь больше, чем ты думаешь. – М.: Манн, Иванов и Фебер, 2014. – 180 с. [Электронный ресурс]: URL: https://avidreaders.ru/book/ty-mozhesh-bolshe-chem-ty-dumaesh.html (дата обращения: 19.11.2019).

[18] Мазлиш Э. Как говорить с детьми, чтобы они учили. – Москва, 1995. – 176 с. [Электронный ресурс]: URL: https://sch777uv.mskobr.ru/files/Psixologi/.pdf (дата обращения: 15.11.2019).

[19] Подласый И.П. Теоритическая педагогика. Т.1. – М.: Юрайт-Издат, 2016. – 777 с. [Электронный ресурс]: URL: https://biblio-online.ru/book/pedagogika-v-2-t-tom-1-teoreticheskaya-pedagogika-v-2-knigah-385570 (дата обращения: 15.11.2019).

[20] Намазбаева Ж.И. Некоторые психологические проблемы развития личности подрастающего поколения //Вестник КазНПУ имениАбая. Серия: Психология. – Алматы: Ұлағат, 2016. – №4(49). – С.10-14.

References

[1] Shnejder L.B. Deviantnoe povedenie detej i podrostkov. – Triksa: Akademicheskij Proekt, 2005. – 316 s. [Elektronnyj resurs]: URL: http://biblio.chgpu.edu.ru/rup/profili/ppf/ppdp.doc (data obrashcheniya: 21.11.2019).

[2] Rozhdestvenskaya N.A. Deviantnoe povedenie i osnovy ego profilaktiki u podrostkov: Uchebnoe posobie. – Genezis, 2015. 211 s. [Elektronnyj resurs]: URL: http://www.iprbookshop.ru/89319.html (data obrashcheniya: 21.11.2019).

[3] Sangilbaeva A.O. Issledovanie internet-zavisimosti cherez analiz faktorov, sposobstvuyushchih ee formirovaniyu //Vestnik KazNPU im.Abaya. Seriya: Psihologiya. – Almaty: Ulagat, 2016. – № 4(49). – S.59-62.

[4] Sangilbaeva A.O., Sangilbaev O.S., Sarsenbaeva L.O. Vyyavlenie i profilaktika psihologicheskoj zavisimosti ot interneta // Pedagogika i psihologiya. – 2019. – № 2(39). – S.45-52.

[5] Kosshygulova A.S. Osobennosti raboty shkol'nogo psihologa s podrostkami //Vestnik KazNPU im.Abaya. Seriya: Psihologiya. – Almaty: Ulagat, 2016. – № 4(49). – S.46-49.

[6] Bronson P. Mify vospitaniya. Nauka protiv intuicii. – M.: Mann, Ivanov i Ferber, 2014. – 225 s. [Elektronnyj resurs]: URL: https://www.mann-ivanov-ferber.ru/books/paperbook/new-thinking-about-children/ (data obrashcheniya: 19.11.2019).

[7] Dol'to F. Na storone podrostka. – M.: Rama Pablishing, 2018. – 424 s. [Elektronnyj resurs]: URL: http://www.psychologies.ru/articles/razgovor-s-podrostkami-ili-kompleks-omara-f-dolto-k-dolto-k-pershmine/ (data obrashcheniya: 19.11.2019).

[8] Dirksen D. Iskusstvo obuchat'. Kak sdelat' lyuboe obuchenie neskuchnym i effektivnym. – M.: Mann, Ivanov i Ferber. – 2012. – 208 s. [Elektronnyj resurs]: URL: https://eac-ras.ru/Lib/Biz/ (data obrashcheniya: 15.11.2019).

[9] Petranovskaya L.V. Esli s rebenkom trudno. – AST, 2013. – 120 s. [Elektronnyj resurs]: URL: https://www.litres.ru/ludmila-petranovskaja/esli-s-rebenkom-trudno/chitat-onlayn/ (data obrashcheniya: 15.11.2019).

[10] Gippenrejter M. Begstvo k sebe. Zhizn' podrostka. – AST, 2016. – 80 s. [Elektronnyj resurs]: URL: http://www.psychologies.ru/articles/m-gippenreyter-begstvo-k-sebe-jizn-podrostka/ (data obrashcheniya: 15.11.2019).

[11] Gippenrejter Yu.B. Chuvstva i konflikty. – AST, 2014. – 62 s. [Elektronnyj resurs]: URL: https://pedklassy.bspu.by/files/docs/books/1_knigi/2_gippenreyter.pdf (data obrashcheniya: 19.11.2019).

«Смысловая перспектива» художественного произведения в ходе трансформаций внутреннего восприятия приводит к многосторонней «оптике» ученика, в результате которой он может привлекать для своей интерпретации другие факты и явления, в том числе и из социальной жизни. Происходит стимулирование не только эмоционального, но и социального интеллекта учащихся, так как «сигнально-символическая практика представляет собой систему обозначений значимых участков пространства или сооружений, а также социально-статусных притязаний того или иного человека» [13, С.27].

Например, целесообразно акцентирование ученикам глубины и неожиданности в понимании человека на примере портрета в литературе, музыке, скульптуре и живописи. Разница языка каждого из искусств усиливает эту глубину, так как освещает самые различные, нередко скрытые черты как автора, но и его героя. При сравнении портретов Франца Хальса и Амедео Модильяни в первом случае человек интересует художника как психологическая фигура, в другом же – как особая сущность, увиденная только им, художником. Скульптурный портрет Огюста Родена и Аристида Майоля – два разных понимания человека, которых объединяет только одно, а именно заинтересованность человеком в ее подлинности.

Для того, чтобы школьник-подросток не «потерялся» в многозначности и выработал свою позицию, учитель может направить этот процесс на выбор наиболее интересных для ученика идей, форм выражения, которые ему подскажет конкретное произведение искусства. Иными словами, помочь ученику стать интерпретатором знаков и символов, чтобы лучше и точнее их понять и тем самым дойти до сущности произведения. Поэтому знаково-символическая интерпретация выявлена нами как один из критериев социокультурной компетентности в процессе изучения художественной культуры и диагностирована в 5-х, 7-х и 9-х классах основной школы гг. Запорожья и Днепра.

Первый показатель этого критерия – умение выявить многозначность произведения

– было исследовано в нашей работе за счет наблюдений за «чувственным тоном настроения и интеракционными (позиционными) чувствами» (согласно классификации, Л. Куликова [5]. Автор отмечает, именно в позиционных чувствах реализуется «выражено приятие / неприятие определенного явления или объекта мира, выбор дистанции между субъектами коммуникации» [5, С.6]. В процессе наблюдения за учениками-подростками, мы пришли к выводу, что действительно именно такие «чувственные тона» и позиционные чувства стимулируют учеников к построению и вербальному осознанию смысловой перспективы художественного символа. К ним Л. Куликовым отнесены гедонистические, астенические и меланхолические кластеры настроенческих чувств. Например, ученики нередко описывали свое состояние при восприятии образа-символа, как «странное», состояние «неожиданного открытия», эйфорического и вдохновенного, описывая античную скульптуру «Лаокоон» или «Сикстинскую капеллу» Микеланджело, что относилось к первой. гедонистическому кластеру, причем из 10-ти чувств, указанным ученым в составе этого кластера, у наблюдаемых преобладали чувства интереса, раскрепощения, радости и восторга [5, С.8]. Естественно, что эти ученики проявили значительную активность в дальнейшей учебной деятельности, так как чувства и их сила являются одним из важнейших поведенческих и мотивационных факторов.

Часть учеников высказала иные мнения, которые можно отнести к меланхолическому кластеру, а именно: разочарование, скуку, досаду, уныние. Эти чувства были вызваны, как пояснили школьники, непониманием смысла произведений, отсутствием интереса к искусству. Так, фрески Микеланджело эти дети воспринимали как «громоздкие, давящие, перегруженные», «Лаокоон» они считали слишком негативным и даже устрашающим, снижающим эмоциональный фон. Соответственно их деятельность не отличалась активностью и продуктивностью.

Для диагностирования второго показателя – трактовки понятого содержания произведения как «знака» одной или нескольких отраслей знания – измерялась степень трансформации учеником полученных знаний в различных формах (невербальные, вербальные, экспрессивные) с помощью и трансформационной таблицы, которая фиксировала изменения знания учеником (как совместно с учителем, так и самостоятельно).

На основе таких таблиц, которые были сделаны в 5-х, 7-х и 9-х классах, для выявления определенных групп ученических смысловых представлений, мы использовали идею семантического пространства как исследовательской модели индивидуального сознания. Согласно В.Ф. Петренко, «семантическим пространством называется пространство определенным образом организованных признаков, описывающих и дифференцирующих объекты (значения) некоторой содержательной области» [10]. Этим способом организации признаков, по которым дети могут описывать произведения, является закон, своеобразная граница, в рамках которой и разворачивается смысловая перспектива символа. Ученикам предлагались три произведения из разных видов искусств, но с одинаковым сюжетом. Школьники были должны быстро определить содержательный центр, позволяющий связать и сравнить эти произведения. Например, в 5-ом классе могли рассматриваться «Девочка на фоне персидского ковра» М. Врубеля, архитектурные произведения В. Городецкого (Рисунок 1), «Шехеразада» Н. Римского-Корсакова.

Ученикам 7-х классов были предложены картина «Смерть Марата» Давида, скульптура «Тираноубийцы» Крития и Несиота, фрагмент «Героической симфонии» Л. Бетховена. Ученикам 9-класса – картина «Венера» Тициана, скульптура Э. Барлаха «Мститель» (Рисунок 2), фрагмент из увертюры к опере «Тангейзер» Р. Вагнера с эпизодом грота Венеры.

Гибкость мышления оценивалась с помощью высказываний учащихся на основе различий в раскрытии сюжета или темы произведения. Оригинальность исследовалась на основе различных (вербальных, экспрессив-

ных) форм, в которых учащиеся выражали, видят ли они вопрос или проблему в этом произведении. Точность высказывания была соотнесена с авторскими комментариями к своим работам.

Группировку высказываний учеников определило три вида высказываний: 1) невербальной, экспрессивной формы многозначности символа в виде танца, «общения» с определенными предметами, создание сценария «немого» кино и т.д.). 2) аргументированные развернутые рассказы по типу «симфония – это охват мира, символ всех этапов жизни человека. Потому что каждая часть имеет свою определенную функцию и символизирует человеческое чувство времени» (ответ ученика 7 класса). 3) вербальные косвенные высказывания по типу «женщина с маслом в руке – ассоциируется с миром античности, ее гармонией и ощущением красоты Космоса, гармонии идеи и формы, одновременно воли и правила» (ответ ученика 7 класса).



Рисунок 1. **Дом с химерами В. Городецкого в Киеве**



Рисунок 2. **«Мститель» Э.Барлах**

Готовность к знаково-символической интерпретации в структуре социокультурной компетентности формируют и особое отношение к «Другому»: ведь другого человека можно рассматривать как символ, через внешние проявления которого можно почувствовать его внутренние глубинные смыслы. Для такого символического понимания человека как символа, интерпретация его форм выражения (выражения, мысль, действие и т.п.) уточняется в процессе общения, межличностного взаимодействия, которое может осветить истинные мотивы личности. Например, при рассмотрении картины М. Врубеля «Царевна Лебедь» возникло общение между учениками, которые получили задание найти противоречий в выразительности персонажа произведения. Каждый из них не мог сначала понять и принять точку зрения своего партнера: кому это существо кажется неинтересной совсем, кому-то, напротив, привлекательной и магической, а кому-то – агрессивной. В процессе понимания для решения поставленной задачи ученики обсуждали мысли каждого, корректировали их и поступили к ответу (Рисунок 3).




Рисунок 3. **«Царевна Лебедь» М. Врубель**

Противоречия они увидели в двойной природе героини Врубеля, а именно: человеческой и одновременно фантастической. Но ученики продвигались дальше в своем обсуждении: оказалось, что они поражены той тоской и невнятной словам стремлением к чему-то ощутимо каждому человеку. Каждый из них высказал то, что очень удивило одноклассников, то есть свои очень скрытые мысли и эмоции. Художественный символ действительно выступил в роли социального интегратора, одной из важнейших функций культуры [13].

В результате реализации указанных методов диагностики для исследования сформированности знаково-символической интерпретации учеников основной школы было выявлено незначительное количество детей, которые многозначно «прочитывали» художественное произведение, быстро переключались на различные смыслы и строили новые смысловые связи (около 25% опрошенных). У некоторой части учеников тенденция к многозначности понимания фактов была более замедленной, реализовалась нередко с помощью учителя (около 35%). Большинство школьников показали тенденцию к однозначному пониманию произведения, отсутствие поиска связей, ригидность переработки информации (около 45%). Данные свидетельствуют не только о необходимости формирования данной компетентности у со-

временных учеников основной школы, но и значительно ограничивают базу ее внедрения с учетом преимущества художественной культуры и искусства в ее формировании.

Выводы. Современная педагогика стремится активизировать осознание подростком искусства как источника очеловеченных смыслов, их социальной укорененности. Развивая идеи компетентностного подхода, педагогика искусства корректирует их встречным движением практики. Тем самым давая возможность считать его не только несовершенной альтернативой традиционному школьному образованию, но и его продвижением. Социокультурная компетентность школьника в процессе изучения художественной культуры помогает воспринять и другие, внехудожественые знания как символы человеческого общения и взаимопонимания. Знаково-символическая интерпретация произведения искусства является важнейшим критерием социокультурной компетентности современного школьника – подростка. Она соответствует эвристическо-креативному компоненту ее структуры, одновременно затрагивая эмоционально-чувственный и когнитивный компоненты. Многозначность и вариативность на основе интерпретации выразительности художественного произведения проявлялись в индивидуальных формах семантического пространства учеников-подростков и проявлениях аффективно-чувственных тонов. Именно эти характеристики позволяют считать знаково-символическую интерпретацию необходимой для стимулирования социальных инициатив подростка, возникающих на основе изучения художественной культуры.

Список использованных источников

[1] Гончарук А.Ф. Теория и методика социально-педагогического прогнозирования: Учебно-методический практикум по III Государственному стандарту. – М-Берлин: Директ-Медиа, 2015. – 235 с.

[2] Гуцол Ю.В., Жаринова И.А. Компетентностный подход в обучении: основные определения и компонентный состав //Известия Самарского научного центра Российской академии наук. Социальные, гуманитарные, медико-биологические науки. – 2018. – Т.20. –№3. – С.13-15.

[3] Ермолаева М.В., Лубовский Д.В. Культурно-психологические модели переживания личностью встречи с произведением искусства // Консультативная психология и психотерапия. 2017. Том 25. № 2. С. 159–174.

[4] Коломеец Н.В. Компетентностный подход в обучении и развитии персонала. Вестник Омского университета. Серия «Экономика». – 2017–. № 4 (60). –С.79-85.

[5] Куликов Л.В. Проблема поиска эмпирических оснований классификации чувств. Вестник Омского университета. Серия «Психология». – 2018. – №1. – С. 4-12

[6] Кузнецова В.В. Исследование отношения подростков к изучению искусства в школе //Образовательное пространство в информационную эпоху: Сборник научных трудов /Под ред. С.В. Ивановой. – Москва: Институт стратегии образования РАО, 2019. – С.1263-1277.

[7] Левин К. Динамическая психология: избранные труды. – Москва: Смысл, 2001. – 572 с.

[8] Лосев А.Ф. Проблема символа и реалистическое искусство. [2-е изд., испр.]. – Москва: Искусство, 1995. – 319 с.

[9] Лосев А. Ф. Диалектика художественной формы. – Москва: изд. авт., 1927. – 251 с.

[10] Петренко В.Ф. Субъективное семантическое пространство /В.Ф Петренко. – Гуманитарная энциклопедия Центр гуманитарных технологий, 2002-2019.

[11] Петренко В. Ф., Дедюкина Е.А. Психология искусства: психосемантический анализ восприятия и понимания художественного фильма. Ученые записки СПбГИПСР. Выпуск 1. Том 31. 2019. –С.24-31.

[12] Поляков А.М., Пугач М.В. Динамическая структура эстетического переживания //Журнал Белорусского государственного университета. Философия. Психология. – 2019. – №2. – С.5–121.

[13] Флиер А.Ф. Предназначение культуры //Вестник Московского государственного университета культуры и искусств. – 2016. – №3 (71) – С.24-31.

[14] Цикунов С.Ю. Интеллектуально-эмоциональное развитие старшеклассников в системе художественной культуры: Автореф. дисс... канд.пед.наук. – Самара, 1997.

[15] Юшко Т.А. Когнитивное и личностное развитие старших подростков художественных школ: Автореф. дисс... канд.пед.наук.– М., 1998.

[16] Капустін С. В. Модернізація освіти в контексті реалізацій компетентнісного підходу до формування цілісного світогляду молоді. Науковий вісник. Серія «Філософія». – Харків: ХНПУ, 2017. – Вип.49. –С.57-68.

[17] Компетентнісно орієнтоване навчання: виклики та перспективи: Збірник тез І всеукраїнської науково-практичної Інтернет-конференції 30 вересня (ред. О. Пометун та ін.) (наукове електронне видання). – Київ : Педагогічна думка, 2019. – 139 с.

[18] Масол Л.М. Художньо-педагогічні технології в основній школі: єдність навчання і виховання: методичний посібник. – Харків: Друкарня Мадрид, 2015. – 178 с.

[19] Отич О.М. Холістична науково-мистецька парадигма освіти у суспільстві знань //Педагогічна освіта Scientific Journal «Science Rise». – 2015. – №9/5(14). – С.22-27.

References

[1] Goncharuk A.F. Teoriya i metodika social'no-pedagogicheskogo prognozirovaniya: Uchebno-metodicheskii praktikum po III Gosudarstvennomu standartu. – M-Berlin: Direkt-Media, 2015. – 235 s.

[2] Gucol Yu.V., Zharinova I.A. Kompetentnostnyi podhod v obuchenii: osnovnye opredeleniya i komponentnyi sostav //Izvestiya Samarskogo nauchnogo centra Rossiiskoj akademii nauk. Social'nye, gumanitarnye, mediko-biologicheskie nauki. – 2018. – T.20. –№3. – S.13-15.

[3] Ermolaeva M.V., Lubovskii D.V. Kul'turno-psihologicheskie modeli perezhivaniya lichnost'yu vstrechi s proizvedeniem iskusstva //Konsul'tativnaya psihologiya i psihoterapiya. 2017. Tom 25. № 2. S. 159–174.

[4] Kolomeec N.V. Kompetentnostnyi podhod v obuchenii i razvitii personala. Vestnik Omskogo universiteta. Seriya «E'konomika». – 2017–. № 4 (60). –S.79-85.

[5] Kulikov L.V. Problema poiska e'mpiricheskih osnovanii klassifikacii chuvstv. Vestnik Omskogo universiteta. Seriya «Psihologiya». – 2018. – №1. – S. 4-12

[6] Kuznecova V.V. Issledovanie otnosheniya podrostkov k izucheniyu iskusstva v shkole //Obrazovatel'noe prostranstvo v informacionnuyu e'pohu: Sbornik nauchnyh trudov /Pod red. S.V. Ivanovoj. – Moskva: Institut strategii obrazovaniya RAO, 2019. – S.1263-1277.

[7] Levin K. Dinamicheskaya psihologiya: izbrannye trudy. – Moskva: Smysl, 2001. – 572 s.

[8] Losev A.F. Problema simvola i realisticheskoe iskusstvo. [2-e izd., ispr.]. – Moskva: Iskusstvo, 1995. – 319 s.

[9] Losev A. F. Dialektika hudozhestvennoj formy. – Moskva: izd. avt., 1927. – 251 s.

[10] Petrenko V.F. Sub`ektivnoe semanticheskoe prostranstvo /V.F Petrenko. – Gumanitarnaya e'nciklopediya Centr gumanitarnyh tehnologii, 2002-2019.

[11] Petrenko V.F., Dedyukina E.A. Psihologiya iskusstva: psihosemanticheskii analiz vospriyatiya i ponimaniya hudozhestvennogo fil'ma. Uchenye zapiski SPbGIPSR. Vypusk 1. Tom 31. 2019. –S.24-31.

[12] Polyakov A.M., Pugach M.V. Dinamicheskaya struktura e'steticheskogo perezhivaniya //Zhurnal Belorusskogo gosudarstvennogo universiteta. Filosofiya. Psihologiya. – 2019. – №2. – S.5–121.

[13] Flier A.F. Prednaznachenie kul'tury //Vestnik Moskovskogo gosudarstvennogo universiteta kul'tury i iskusstv. – 2016. – №3 (71) – S.24-31.

[14] Cikunov S.Yu. Intellektual'no-e'mocional'noe razvitie starsheklassnikov v sisteme hudozhestvennoj kul'tury: Avtoref. diss... kand.ped.nauk. – Samara, 1997.

[15] Yushko T.A. Kognitivnoe i lichnostnoe razvitie starshih podrostkov hudozhestvennyh shkol: Avtoref. diss... kand.ped.nauk. – M., 1998.

[16] Kapustin S.V. Modernizaciya osviti v konteksti realizacij kompetentnisnogo pidhodu do formuvannya cilisnogo svitoglyadu molodi. Naukovii visnik. Seriya «Filosofiya». – Harkiv: HNPU, 2017. – Vip.49. –S.57-68.

[17] Kompetentnisno orієntovane navchannya: vikliki ta perspektivi: Zbirnik tez I vseukraïns'koï naukovo-praktichnoï Internet-konferencіï 30 veresnya (red. O. Pometun ta in.) (naukove elektronne vidannya). – Kiïv : Pedagogichna dumka, 2019. – 139 s.

[18] Masol L.M. Hudozhn'o-pedagogichni tehnologiï v osnovnij shkoli: єdnist' navchannya i vihovannya: metodichnii posibnik. – Harkiv: Drukarnya Madrid, 2015. – 178 s.

[19] Otich O.M. Holistichna naukovo-mistec'ka paradigma osviti u suspil'stvi znan' //Pedagogichna osvita Scientific Journal «Science Rise». – 2015. – №9/5(14). – S.22-27.

Жасөспірім мектеп оқушысының әлеуметтік-мәдени құзыреттілігі құрылымындағы көркем шығарманы белгі-символикалық түсіндіру

Л.В.Гонтовая
М.И.Глинка атындағы Днепропетровск музыка академиясы
(Днепропетровск, Украина)

Аңдатпа

Мақала көркем мәдениетті зерттеу процесінде бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік-мәдени құзыреттілігін қалыптастыру мәселесіне және оның көп компонентті құрылымының критерийлерінің бірі – көркем туындының белгі-символикалық интерпретациясына арналған. Мақалада білім берудегі құзыреттілік тәсілдің сынына, оның оқу циклі пәндерінің ерекшеліктеріне негізделген теориялық қамтуды нақтылау және шектеу қажеттілігіне назар аударылады. Бұл белгілі бір құзыреттілікті қалыптастыруда оның артықшылықтарын ашатын әр пәндік саланың ерекшелігі деп ұсынылады. Қазіргі заманғы мектеп оқушысының, әлеуметтік-мәдениеттің негізгі құзыреттіліктерінің бірі қарастырылып, оның интегративті сипаты мен ғылыми тәсілдердегі пәнаралық байланысы баса назар аударылды, бұл құбылыстың күрделілігін көрсетеді. Бұл құзыреттілік үшін көркемдік мәдениет пен өнер адамның рухани әлемінің символы ретіндегі көркемдік ерекшелігінің арқасында жасөспірімнің әлеуметтік және құндылық-семантикалық қатынастарына әсер ететін маңыздылардың бірі ретінде қарастырылады.

Түйін сөздер: әлеуметтік-мәдени құзыреттілік, көркемдік мәдениет, белгі-символикалық интерпретация, мағыналық кеңістік.

Works of art sign-symbolic interpretation in the structure of a teenage pupil's social-cultural competence

L.V. Gontovaya
Dnepropetrovsk Academy of Music named after M.I. Glinka
(Dnipro, Ukraine)

The article is dedicated to the problem of forming socio-cultural competence of pupils of of primary school in the process of learning artistic culture as well as to one of the criteria of its multicomponent structure – sign-symbolic interpretation of a literature work of art. In the article special attention is paid to the criticism of the competency approach in education, the necessity in specifying and limiting its theoretical highlighting based on the specifics of the subjects of the educational cycle. The assumption is offered that it's the peculiarity of every subject area that will allow to single out its advantages in forming certain competences. One of the key competences of a modern pupil is being observed, socio-cultural in particular. Its integrative character and cross-subject qualities in scientific approaches are emphasised. This reflects the complexity of the phenomenon. As one of the most important for this competence artistic culture and art are considered. Due to peculiarities of artistic expression as symbolization of a human being spiritual world artistic culture and art influence both social and value-sensational statements of a teenager.

Key words: socio-cultural competence, artistic culture, value-sensational interpretation, semantic field.

Поступила в редакцию 31.05.2020

ҒТАХР 14.25.05

К. АЛШЫНБАЕВ[1], Е. МУХИДДИНОВ[2], М. ИСПАНДИЯРОВ[1], Б. САҚАЕВ[2], Е. МАРАТҰЛЫ[1]

[1]Аймақтық әлеуметтік инновациялық университеті (Шымкент, Қазақстан),
[2]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы, Қазақстан)

СПОРТТЫҚ ЖАТТЫҚТЫРУДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҮДЕРІСТІҢ БІЛІМИ НЕГІЗДЕРІ

Аңдатпа

Қазіргі кезде әлемдегі білім және ғылым саласында болып жатқан жаңа өзгерістер, жаңалықтар, пайда болған бағыттар мен әдістемелер қай бір ел болмасын, өзіндік жүйесін қалыптастыруда. Білім және ғылымның қандай да болмасын бағыттары мен салалары заманның талаптарына сәйкес, жаңа технологиялар үрдісі бойынша оқытудың инновациялық түрлеріне өтуде. Сол секілді, дене шынықтыру мен спорт саласында да оқу үрдісі жаңа әдістерге көшудің үстінде. Спортшының дайындық кезеңінің негізгі құрылымы сақталғанымен, оның орындалу әдіс-тәсілдері, амалдары, тіпті, санитарлық-гигиеналық, бейімделу, қайта қалпына келу т.с.с. спортшының нәтижелерін жақсартатын әдіс-амалдар түрлері жаңарған. Мысалы, бұрын спортшының нәтижелерін жақсарту үшін негізгі, кейбір жағдайда - жалғыз амал ретінде, оның дене дайындығына өте көп назар аударылатын. Заман ағымына қарай, жаңа амал-әдістер көбейген соң, кейінгі уақыттарда, нәтижелерді жақсарту үшін спортшылардың психологиялық жәй-күйін педагогикалық үдеріс арқылы ескеру қажеттілігі туындауда.

Түйін сөздер: спорттық жаттықтыру, спорт сипаттамасы, спорттағы педагогикалық үдеріс, оқыту әдістері.

Кіріспе. Спорт өзінің педагогикалық жағымен, спорттық дайындығымен дене тәрбиесінің бір бөлігін құрайды, сондықтан, білім беру мен тәрбиенің барлық жүйесінің жиынтықтарына жауап береді. «Спорт – дене мәдениетінің бір бөлігі және материалдық, рухани байлықтың қосындысы болып табылады [9]. Ол арнайы дене даярлығымен айналысып, арнайы морфофункциялық және психикалық дене даярлығының арқасында жарыстарда үлкен көрсеткіштерге жету, арнайы жаттығулар арқылы қол жеткізетін дене мәдениетінің бір бөлігін айтады». Спорт дегеніміз қоғам қызықшылықтарына қызмет ететін тәрбиелік, даярлық функцияларды дайындайды [15]. Спорт ештеңе шығармайды, оның мемлекетке айтарлық экономикалық пайдасы жоқ, бірақ ол мемлекетке орасан зор пайда келтіреді. Әбден шыныққан, арнайы дайындықсыз спорт болмайды. Адам спортта барлық мүмкіндіктерін көрсете алады, көрсету де керек және бұл жарыстарда көп байқалады. Әлгі айтылған қағидалардың барлығы балалар спортында да бар [6]. Балалар спорты – сабақтан тыс арнайы дайындық пен жарысқа қатысуларын, оның жас ерекшеліктеріне қарап, дене қимылдарын арнайы жетілдіру. Жастар спорты тек жас ерекшеліктеріне қарай бір-ақ жас санат-дәрежелерімен шектеледі. Мектеп спорты ол балалар спортымен бірдей. Жарыстар тек таза мектептік жарыстар болу керек, оған арнайы спорттық мектептерде айналысатын балалар қатыспайды. Дене тәрбиесі – дене қимылы дайындығының жетілдіруші педагогикалық жүйесі болып табылады. Айталық, спорт түрлерінің ішінде ауыр атлетиканы немесе жекпе-жек түрлерін (күрес, бокс, шығыс жекпе-жек түрлері) алсақ, бұрынғы дайындық жүйесі мен қазіргі кездегі дайындық жүйесінің айырмашылығы айтарлықтай.

Спорт білім беру саласында маңызды рөл атқара отырып, оның пайда болу жолдарын төмендегі суреттен танысуға болады (Сурет 1):

Мақсаты: өз бетінше қойылған іс-қимыл жаттығуларды, білімділік қимылдарды игере алмайтын айналысушыларға керекті көмек көрсету. Кейбір айналысушылар жаттығуды қамтамасыз ете алмайды, өздігінше істей алмайды [8]. Соларды үйрену үшін, ақыл-ойлық, білімділік іс-әрекеттерді, жаттығулар кешенін үйрету арқылы келесі мақсаттарды игерген абзал:

– мектептегі спорттық жаттықтыруды өткізу маңызы;
– мектептегі спорттық үйірмелерінде қолданылатын бақылау әдісінің түрлері;
– спорттық жаттықтырулардағы педагогикалық факторды қолданудың әдістемелік және тәрбиелік негіздерін анықтау;
– спорттық жаттықтырулардың педагогикалық негізгі міндеті.



Сурет 1. **Спорттың пайда болуының қайнар көздері**

Аталған мақсаттарды іске асыру барысында, соған байланысты келесі *зерттеу міндеттерін қоюға болады* [5]:

– белгіленген ережелерге байланысты тәртібінің тура болуы, оқу тапсырмасын орындауы – ол үшін уақытылы хабарлап, ескертіп тұруды қамтамасыз ету;
– жаттықтыру міндеттеріне, дайындық деңгейіне, оларды орындау шарттарына байланысты үй тапсырмасын орындау жүйесін дайындау [3].

Спорт жалпы адамзат мәдениетінің ең көне компоненттерінің бірі болып табылады. Оның шығу тарихы жөнінде әртүрлі пікірлер айтылуда. Біреулері биологиялық, екіншілері – тұлғалық-психикалық, басқалары – әлеуметтік факторларға жоғары дәрежелі

мән беруде. Мәселенің бұл аспектісі туралы қазіргі заманғы көзқарас олардың тығыз бірлікте қарастыру қажеттілігіне негізделген [7].

Спорттың пайда болуының биологиялық алғышарттары адамның туа біткен өзін-өзі алып жүру белсенділігіне байланысты («алдын-алып басып озу мен қарсы тұру» инстинкті). Олар қарсыласына өмірлік қажеттіліктерін қанағаттаныруда жеңістік бермеу және одан озуға күш салуға деген табиғи талпыныспен анықталады (мысалы, өмір сүру амалдарын табуда). Адамдар арасындағы қарым-қатынастарды қалыптастыру аясында осындай алғышарттар радикалды қайта жаңарудың ұзақ жолын өтті. Тарихи тұрғыда олардың қалыптасуы жүріп жатқан кездегі өмір сүру салтының себеп-салдары мен нормаларының өзгеруіне байланысты (мән-мағынасына адамзатқа тән деңгейде мән берілді) болды [4].

«Дене шынықтыру және спорт» мамандығында білім алушыларға және де осы салада жұмыс жасайтын мамандарға спорттық жаттықтыру жөнінде аз-кемді ақпарат алған жөн. «Дене шынықтыру мұғалімі» мен «Спорт түрлерінен жаттықтырушы» біліктілігін алушы азаматтарға арналған осы оқулық дене шынықтыру және спорт саласында қызмет ететін мамандар мен жаттықтырушыларға, білікті спортшыларды даярлаудың қазіргі заманғы жүйесінде кеңінен қолданылатын негізгі компоненттерді тереңірек оқып-үйрену қажеттілігіне арналған. Мұнда спорттың мән-мағынасының сипаттамасына маңызды педагогикалық және қоғамдық құбылыс ретінде өте үлкен көлемде орын берілген. Сонымен бірге, аталмыш дипломдық жұмыста спорттық жаттықтырудың негізгі мәселелері, білім алушылардың кең ауқымда ғылыми-әдістемелік эрудицияларының қалыптасуы мен шығармашылық тұрғыдағы теориялық ойлау қабілеттіліктерін жетілудірудің негізіне бағытталған және спортшылардың дайындығының қазіргі заман технологияларының мәселелері жалпылай синтезделген аспектіде қарастырылған [1; 10; 11; 12].

Зерттеу әдістері мен оны ұйымдастыру: мәселені талдау барысында тарихи, отандық, жақын және алыс шетел әдеби қайнар көздерін оқып-үйрену, талдау жасау әдістері, шолу жасау, аталмыш мәселелерден мектеп бағдарламасына қолдануға болар ұтымды әдістер кешенін қолдануды қарастырады. Білім беру мекемелеріндегі спорт өзінің педагогикалық тарапымен, спорттық дайындықпен бірге дене тәрбиесінің бір бөлігін құрайды, сондықтан, білім беру мен тәрбиенің барлық жүйесінің жиынтықтарына жауап береді. «Спорт – дене шынықтырудың бір бөлігі және материалдық, рухани байлықтың қосындысы болып табылады. Спорт деп арнайы дене даярлығымен айналысып, арнайы морфофункциялық және психикалық дене даярлығының арқасында жарыстарда үлкен көрсеткіштерге жету, арнайы жаттығулар арқылы қол жеткізетін дене шынықтырудың бір бөлігін айтады». Спорттың қоғамда атқаратын тәрбиелік, даярлау функциялары бар. Спорт ештеңе өндірмейді, оның мемлекетке айтарлық экономикалық пайдасы жоқ, бірақ мемлекетке орасан зор пайда келтіреді. Әбден шынықпай, арнайы дайындықсыз спорт болмайды. Адам спортта барлық мүмкіндіктерін көрсете алады, көрсету де керек және бұл әсіресе жарыстарда көп байқалады [2; 13; 14].

Жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үдерісінде спорттық жаттықтыруды өткізудің педагогикалық үрдісі әлі де болса көп түйткілдерді шешудің жолдарын қарастыруды қажет етеді. Мәселен, айналысушылардың дайындығына – басты міндеттермен алдын-ала танысу, сабақтың ерекшеліктерімен, бағыттамасымен түсіндіру, сабақта керекті құрал-жабдықтармен танысып, дайындау т.б. [19].

Жаттықтыруды ұйымдастыруды қамтамасыз етуге жататындар: санитарлық-гигиеналық жағдай туғызу, сабақтың материалдық-техникалық қамтамасыздығы, айналысушыларды орналастыру, оқу ісінің ұйымдастыру-әдістемелік түрлері, бапкерге көмекші оқушыларды түзеу, ұйымдастыру. Спорттың пайда болуының тұлғалық-

психикалық алғышарттары спорттық қызметтің негізіндегі өзін-өзі жетілдірумен, өзін-өзі тану және өзін-өзі анықтауға жеке тұлғалық ұмтылыстардың маңызды орын алуымен байланысты [17].

Спорттың қалыптасуы жеткіншек ұрпақтың өмір сүру әрекеттерінің негізгі салаларына (еңбекке және қорғанысқа) дағдыларын тәрбиелеу практикасымен тығыз байланысты. Басым көпшілігінде, дене шынықтыру саласында дами отырып, спорт жеке тұлғамен қоғамның басқа да салаларымен тығыз байланысты (мәдени-ойын-сауықтық қызметтері көрініс бере бастайды). Ғылыми-зерттеу материалдары мектепте спорт үйірмелерін қалыптастыру жұмыстарында айналысушылардың білімі мен тәрбиесін қалыптастырудың жолдарын ұсынады [18].

Спортық жаттықтырудың тақырыптық жоспарлаудағы орнын, алдын-ала жоспарланып отырған сауықтандыру, білім беру және тәрбиелік міндеттерін шеше білу керек. Жаттықтыру міндеттерін анықтай отырып, жаттықтыруға берілген уақытты жөнді жұмсай алу, тақырыпта қойылған міндеттер мен талаптарды орындауға, жаттықтыру циклдеріне, айналысушылардың тәрбиелік, білімділік, дене қимылы дайындығының, материалдық-техникалық жабдығына баса назар аудару қажет [16; 20].

Алынған нәтижелер мен қорытынды: спортық жаттықтырудың тақырыптық жоспарлаудағы орнын, алдын-ала жоспарланып отырған сауықтандыру, білім беру және тәрбиелік міндеттерін шеше білу керек. Жаттықтыру міндеттерін анықтай отырып, жаттықтыруға берілген уақытты жөнді жұмсай алу, тақырыпта қойылған міндеттер мен талаптарды орындауға, жаттықтыру циклдеріне, айналысушылардың тәрбиелік, білімділік, дене қимылы дайындығының, материалдық-техникалық жабдығына баса назар аудару қажет. Қойылған талап-міндеттер нақты, жас ерекшеліктері мен жыныстарына байланысты болу керек және де талаптарды орындағаннан кейін оның нәтижесін талдай отырып, біз алға қойылған келесі мақсаттарды шешуге күш салдық:

– мектептегі спорттық жаттықтыруды өткізу маңызы;

– мектептегі спорттық үйірмелерінде қолданылатын бақылау әдісінің түрлері;

– спорттық жаттықтырулардағы педагогикалық факторды қолданудың әдістемелік және тәрбиелік негіздерін анықтау;

– спорттық жаттықтырулардың педагогикалық негізгі міндеті.

Оқу-білімділік сараптаманың көңілдегідей болуы бақылаудың өз уақытысында болуына, жүйелілігіне, шарттылығына байланысты. Бағаның объективті болуы үшін оқу материалын сапалы және санды көрсеткіштерін, белгілі бір уақытта жұмыс нәтижесінің толықтығын тексереді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

[1] Ахметов К., Царев А. Спортивный Казахстан. – Алматы, 1979. – С. 5-38.

[2] Геращенко Н.В., Геращенко И.В. Критический метод в педагогике спорта /Физическое воспитание и спортивная тренировка. – 2018. –. №3 (25). – С. 119-126.

[3]. Dill D. The economy of muscular exer cise //Phisiol. Rev. – 1936. – Vol.16. – P. 263-291.

[4] Досқараев Б.М. Қазақстандағы Олимпиадалық білім және спорт тарихының очерктері /Б.М.Досқараев, Е.К.Сейсенбеков, Е.Т.Алтынбек. – Алматы, 2019. – С. 400.

[5] Қаражанов Б. Қазақ дене тәрбиесі институты. – Алматы, 1991. – С. 26-43.

[6] Коваль В.И. Международные спортивные объединения, туристические организации. – М.: ФиС, 1984. – С.45-67.

[7] Кулешов А.П. Страницы из Олимпийского дневника. – М.: ФиС, 1980. – С. 18-39.

[8] Maslow A.H. Motivation and Personality /A.H.Maslow. – New York, 1954. – P. 65-86.

[9] Miyaznita M., Ssuadomoto T. The current problems of physical fitness in japanase chidern /Journal of sports medizine. – 1987. – P. 40-45.

[10] McClelland, D.C. The Achievement Motivation /D.C. McClelland, J.W. Atkinson. – New York, 1953. – P.11-27.

[11] Olympic School Project. – Melbourn, 1989. – P.44.

[12] Романов А.О. Международное спортивное движение. – М.: ФиС, 1980. – С.27-56.

[13] Сапарбаев М.Б. Подготовка учителей физкультуры. – Алматы, 1992. – С. 286.

[14] Сейсенбеков Е.К. Спорт теориясы мен әдістемесі. – Астана, 2013. – С. 330.

[15] Сейсенбеков Е.К. Білім алушының жеке дене мәдениетін тәрбиелеудің педагогикалық әдістері / Педагогика және психология. – 2016. – № 1.(26). – С.118-122.

[16] Сейсенбеков Е.К. Дене шынықтыру және спорт теориясы мен әдістемесі. – Астана: ЕҰУ баспасы, 2011. – С.431.

[17] Сейсенбеков Е.К. Дене шынықтыру және спорт тарихы. – Шымкент, 2009. – С.144.

[18] Сейсенбеков Е.К. Қазақтың ұлттық ойындарын оқу үдерісінде жастарды тәрбиелеу амалы ретінде қолдану /Сейсенбеков Е.К., Тастанов А.Ж., Дауленбаев М.Т. /ҚазҰУ Жаршысы, Педагогикалық серия. – 2016. – №1 (47). – С.118-123.

[19] Тәнікеев М. Қазақстандағы дене шынықтыру мен спорт тарихы. – Алматы, 2002. – С. 254.

[20] Хавин М. Все об Олимпийских играх. – Москва: ФиС, 1974. – С.12-56.

References:

[1] Ahmetov K., Carev A. Sportivnyi Kazhastan. – Almaty, 1979. – C. 5-38.

[2] Gerashchenko N.V., Gerashchenko I.V. Kriticheckij metod v pedagogike cporta /Fizicheckoe vocpitanie i cportivnaya trenirovka. – 2018. –. №3 (25). – C. 119-126.

[3]. Dill D. The economy of muscular exer cise //Phisiol. Rev. – 1936. – Vol.16. – P. 263-291.

[4] Dockaraev B.M. Kazakstandagy Olimpiadalyk bilim zhane sport tarihynyn ocherkteri /B.M.Dockaraev, E.K.Seisenbekov, E.T.Altynbek. – Almaty, 2019. – C. 400.

[5] Karazhanov B. Kazak dene tarbieci inctituty. – Almaty, 1991. – C.26-43.

[6] Koval' V.I. Mezhdunarodnye cportivnye ob»edineniya, turicticheckie organizacii. – M.: FiC, 1984. – C.45-67.

[7] Kuleshov A.P. Ctranicy iz Olimpijckogo dnevnika. – M.: FiC, 1980. – C. 18-39.

[8] Maslow A.H. Motivation and Personality /A.H.Maslow. – New York, 1954. – P. 65-86.

[9] Miyaznita M., Ssuadomoto T. The current problems of physical fitness in japanase chidern /Journal of sports medizine. – 1987. – P. 40-45.

[10] McClelland, D.C. The Achievement Motivation /D.C. McClelland, J.W. Atkinson. – New York, 1953. – P.11-27.

[11] Olympic School Project. – Melbourn, 1989. – P.44.

[12] Romanov A.O. Mezhdunarodnoe cportivnoe dvizhenie. – M.: FiC, 1980. – C.27-56.

[13] Saparbaev M.B. Podgotovka uchitelej fizkul'tury. – Almaty, 1992. – C. 286.

[14] Seisenbekov E.K. Sport teoriyacy men adictemeci. – Astana, 2013. – C. 330.

[15] Seisenbekov E.K. Bilim alushynyn zheke dene madenietin tarbieleudin pedagogikalyk adicteri /Pedagogika zhane psihologiya. – 2016. – №1 (26). – C.118-122.

[16] Seisenbekov E.K. Dene shynyktyru zhane sport teoriyasy men adictemeci. – Astana: EUU baspacy, 2011. – C.431.

[17] Seisenbekov E.K. Dene shynyktyru zhane sport tarihy. – Shymkent, 2009. – C.144.

[18] Seisenbekov E.K. Kazaktyn ulttyk olyndaryn oku uderisinde zhastardy tarbieleu amaly retinde koldanu / Seisenbekov E.K., Tactanov A.Zh., Daulenbaev M.T. /KazUU Zharshysy, Pedagogikalyk seriya. – 2016. – №1 (47). – C.118-123.

[19] Tanikeev M. Kazakstandagy dene shynyktyru men sport tarihy. – Almaty, 2002. – C. 254.

[20] Havin M. Vce ob Olimpijskih igrah. – Moskva: FiC, 1974. – C.12-56.

Образовательные основы педагогического процесса в спортивной тренировке

К. Алшынбаев[1], Е. Мухиддинов[2], М. Испандияров[1], Б. Сақаев[2], Е. Маратұлы[1]
[1]Региональный социально-инновационный университет (Шымкент, Казахстан),
[2]Казахский национальный педагогический университет имени Абая (Алматы, Казахстан)

Аннотация

В современном мире новые веяния, новости, новые направления и методики в сфере образования и науки, произошедшие в какой бы ни было стране, формируют свою своеобразную систему. Все направления и сферы образования и науки в соответствии с современными требованиями, переходят по новым технологиям на инновационные методы обучения. Также, и в сфере физической культуры и спорта учебный процесс на стадии перехода по новым методам обучения. Хотя, основная структура подготовительного периода у спортсменов и сохранилась, но навыки и умения, средства, методы, а также, санитарно-гигиенические нормы, адаптивные, рекреационные, реабилитационные и другие методы, улучшающие результаты спортсменов, обновляются. Например, раньше для улучшения результатов спортсменов применялся как основной, а в некоторых случаях, как единственный метод – физическая подготовка, следовательно, именно на нее и делали основной акцент. В соответствии с новыми веяниями времени, круг новых средств и методов расширяется, а значит, для улучшения результатов в спорте, появляются потребности профилактики психологического состояния спортсменов через педагогический процесс.

Ключевые слова: спортивная тренировка, характеристика спорта, педагогический процесс в спорте, методы обучения.

The educational foundations of the pedagogical process in sports training

K. Alshynbayev[1], E. Muhiddinov[2], M. Ispandiarov[1], B. Sakaev[2], E. Maratuly[1]
[1]Regional Social Innovation University (Shymkent, Kazakhstan),
[2]Abay Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan)

Abstract

In the modern world, new trends, news, new directions and methods in the field of education and science, which occurred in any country, form their own peculiar system. All areas and areas of education and science, in accordance with modern requirements, are moving on new technologies to innovative teaching methods. Also, in the field of physical education and sports, the educational process is at the transition stage using new teaching methods. Although the basic structure of the preparatory period for athletes has been preserved, the skills and abilities, means, methods, as well as sanitary and hygienic standards, adaptive, recreational, rehabilitation and other methods that improve the results of athletes are updated. For example, before, to improve the results of athletes, it was used as the main, and in some cases, as the only method - physical training, therefore, it was precisely on it that the main emphasis was made. In accordance with the new trends of the time, the range of new tools and methods is expanding, which means that to improve the results in sports, there are needs to prevent the psychological state of athletes through the pedagogical process.

Keywords: sports training, sports characteristics, pedagogical process in sports, teaching methods.

Редакцияға 20.09.2019 қабылданды.

МҒТАР: 14.01.00

Қ.М. БЕКБОЛАТОВА

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
(Алматы, Қазақстан)

ЭКОДИЗАЙННЫҢ БАСҚА ҒЫЛЫМ САЛАЛАРЫМЕН БАЙЛАНЫСЫ

Аңдатпа

Мақалада экологиялық дизайн ұғымының тарихы мен анықтамасына тоқталады. Жоғары оқу орындары мен мектеп бағдарламаларына экологиялық білімді ендіру жолдары қарастырылады. Экологиялық білімді ендіру алдында қоршаған ортаға, табиғатты қорғауға байланысты әр сала бойынша жүргізіліп жүрген пәнімен байланысын, сол пәндерге арнап қандай оқулықтардың жарық көргені жайлы сөз етіледі.

Автор ғалым-педагогтардың ғылыми еңбектеріне талдау жасап, сәндік қолөнердегі түрлі материалдармен орындалған бұйымдардың пайдалану ерекшліктеріне, жасалу техникасы мен технологияларының маңыздылығына тоқталған. Дәстүрлі киіз басу өнеріндегі экодизайн материалдарының құрылымы мен технологиялық бірізділігі және экодизайнның бес негізгі қағидаларына жайлы айтылады. Экодизайнның философия, өнертану, педагогика, психология, тарих және экологиямен тікелей байланысы бар екендігі баяндалады.

Түйін сөздер: экодизайн, дизайн, кәсіби білім, технология, ғылым, бейнелеу өнері,

Кіріспе. Заманауи қоғамның ұстанатын жаңа саясаты – білім беру жүйесінің жаңаша бағыттарына жаңа идеялармен толықтыру қажет. Осыған орай кәсіби білім берудің мақсаты, мазмұны және оның білім беру үдерісінде қолданылатын технологияларын жетілдіру, кәсіби білім беру жүйесін реттеудегі ұйымдастыру мәселелерін жан-жақты зерттелуінде тиімді шешімдерді іздестіруді талап етуде.

Жоғары білім беру жүйесінің басты міндеті-болашақ маман даярлауда ұлттық сана мен ұлттық құндылықтар маңызын түсіндіруде ғылым мен білім, өнер мен өмір тәжірибе жетістіктерін өз кәсіби шеберлігінде, адами болмысында тиімді пайдалануға бағыттау.

Сонымен, жалпы орта білім беру мектептерінде болып жатқан жаңартулар, жоғары көркемдік білім беру ісінде жаңашаландыруға әкелуде. Дегенмен де, тек қана болашақ маман даярлауда ғана емес, бейнелеу өнері және сызу, технология пәндері мұғалімдерінің де, өздерінің өзгермелі жаңалықтарға қайта даярлау мен бейімділіктерін бұру қажетті болып отыр. Себебі, жаңартылған көркем еңбек пәні мазмұнында қойылған мақсаттар мен әдістемелік бағыттар ғылым мен өнер байланысы негізінде құрылып, берілген. Біз атап бейнелеу өнері пән мұғалімдері практикалық бағытта өз біліктілігін айғақтай алатынын ескерген жағдайда, әдістемелік даярлық деңгейінің ғылыми тұрғыдан негізделуін талап етілетінін атап өтуіміз қажет. Тек қана сурет нұсқасын қойып қана, бейнелеу өнерін оқушыға үйрету әдістемесі бұл жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша құзіреттіліктерге жауап бере алмайды. Яғни, мұғалімнің ғылыми-әдістемелік даярлығы мен өнертанымдық білімін жетілдіруі аса маңызды. Осы орайда, жаңартылған білім беру бағдарламалары негізінде осы күнге дейін болашақ бейнелу өнері маманның кәсіби шеберлігінің сұранысы мен қажеттілігі бүгінгі қоғам дамуында аса маңызды.

Міне осындай жаңаша бағыттар мен өзгерістер маман дайындаудың талаптарын күшейтуде, сол себепті де бейнелеу өнері пәні мұғалімінің өнертанымдық білімінің маңызы да арта түседі. Мектепте тек қана бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі мен сызуды оқыту әдістемесін шебер меңгерумен қатар,

өнертануәдістемелік даярлығының маңызы арта түсуде. Заман ағымы мен ғылыми-техникалық дамулар әр кезде, өнерге өзіндік бір әсерін тигізіп отырды. Өнер пәндерінің кіріктірлуі, өнер пәні мұғалімі деп айтылуы жалпы орта мектептерде қазақ өнерінің қай түрі, қай саласы болмасын бірдей,жалпылама өнерден білімді талап етеді. Осыған байланысты, тұжырым жасауға болады.

Негізігі бөлім. Осы күнге дейінгі бейнелеу өнері пәні мұғаліміне арнайы пән, арнайы біліктілік беріліп келе жатқан мамандардың келешегіне жоғары талаптарды меңгеруді міндеттейді. Орта буын аға мұғалімдер үшін жаңаша талаптарды меңгеру, оны әрі қарай жүзеге асыру үдерісі көпетеген дайындықты қажетсінеді. Бейнелеу өнері мамандары, педагогикалық тұрғыда өздерінің кәсіби шеберліктері мен әдістемелік даярлықтарын қайта қарау мүмкіндіктеріне ие болуда. Себебі, тек қана бейнелеу өнерін сурет салуды ғана практикалық тұрғыда үйретпей, оны ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етудің жолдары арқылы жаңаша шешімдерін іздестіретіні айғақ. Сурет салуды оқушыға үйретудің әдістемесіне де, жаңаша бетбұрыстар келуде. Сурет салғанға дейін оқушыны өзіндік іздену әрекетіне, оқу-әдістемелік материалдарымен таныстырып, тапсырмалар беріліп, тек қана мектептегі сыныпта ғана емес, сыртта, мұражайда, галлереялар да іске асыруға болады. Бұл жаңаша бастама, өзіндік бағытымен, шетелдік тәжірибе негізінде қолға алынуда.

Енді, біздің зерттеу жұмысымыздың пәнін ашып көрсетуде экодизайн технологиялары арқылы болашақ бейнелеу өнері мамандарының кәсіби шеберлігін қалыптастыру үдерісін негізге алғандықтан, экодизайн технологияларын тиімді, әрі мазмұнды пайдалану ерекшеліктеріне сипаттама беруді қажеттігі туындады. Олай болса, бүгінгі жаһандану заманында жас ұрпаққа әлемдік стандартқа сәйкес Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі қалыптасу үдерісінде болашақ маманның жеке тұлғалық болмысын жетілдіру ісінде нәтижеге бағытталған білім беру жүйесіне көшуде жаңа технология мен озық тәжірибелерді тиімді пайдалану жолдарын жан-жақты қарастыруымыз қажет.

Жаңа технологиялар қандай да бір ақпарат беруді білдірмейді, ол білім алушылардың қисынды ойлау, бағдарламалық материалдың ең бастысын таба білу қабілеттіліктерін қалыптастырып, материалды неғұрлым терең меңгеруін қамтамасыз етеді. Жоғары мектепте жаңа технологиялар білім алушының іс-әрекетінде шеберлік пен біліктілік қызметінің нәтижелерін береді.

Біз зерттеу жұмысымызда экодизайн технологияларын заманауи қоғамда даму деңгейін қарастыруды негізге алдық. Жалпы табиғат туындылар көрінісінде адам өмірі экодизайн технологияларымен тығыз байланыста дамып келеді. Олай болса, ең алдымен экология және дизайн ұғымының байланысына тоқталамыз.

Экодизайн мәні мен мазмұнына талдау жасау бүгінгі қоғам өміріндегі талаптарға сай зерттелу жағдайын ашып көрсету міндеті тұр. Ол үшін экодизайн терминіне түсінік беруде алдымен дизайн ұғымына тоқталуды жөн көрдік.

«Дизайн» сөзінің өз мағынасы оның этимологиясымен анықталады. Бұл орайдалатын тілінен аударғанда италияндық және ағылшын түсініктеріне тоқталуға болады. Ол латын тілінен «designare» – анықтау, белгілеу сөзінен шыққан. Италияндық «desegno» сөзі Ренессанс уақыттарынан бері жобалар, суреттер, негізін қалаушы идеялар мағынасын береді. Англияда «design» сөзі жобалау, сызу, ойлап шығару деген мағынада қолданды [1, Б.5].

Қазіргі әлемде «дизайн» ұғымының даму және зерттелу жағдайы қоршаған ортамен байланысыжиі тоғысып келеді. Бүгінде біз қоршаған ортаобъектілеріне тигізетін әсері жайлы, оған қатысты мәселелерді, түрлі жобаларды дизайн обьектісі ретінде көреміз. Көп жағдайда, заттардың атаулары «эко» сөзімен байланыстыру негізінде «экологиялық» сипатқа ие.

Бүгінгі таңда «экологиялық дизайн» ұғымы экологиялық құбылыс ретінде қабылданады. Экологиялық тұрғыдан байланысатын барлық салалар көрініс алады. Кез-

келген жаңа бұйымның жобалауына кірісу кезінде дизайнер осы бұйымды қолданатын адамды үнемі ескеруі қажет. Адам туралы ойымен, ол туралы қамқорлығымен, елестер байлығын, технология білімін және қолдық шеберлігін қолдана отырып, дизайнер әрқашанда жаңалық, одан да прогрессивті шешім таба алады [1, Б.9].

Өзекті мысалды айта отырып, экологиялық жағдайдың сын көтермей тұрғанын әрбір саналы азаматтың түсінетін кезі келді [2, Б.52].

Біздің зерттеу жұмысымызда экодизайн технологияларының даму үдерісін зерттеуде, дизайн мен сәулеттің табиғатпен үйлесімділігін айта кету қажет. Бұл үрдіс экодизайн деп аталады. Бұл ұғымның шеңберінде жоспарға азық-түліктің мол мөлшерін қысқарту, сонымен қатар материал мен технологияны, қажеттіліктің жаңа құрылымын түбегейлі қайта қарастыру енеді. Адамның физикалық және психикалық денсаулығы арасындағы байланысты ешкім де жоққа шығара алмайды.

Экодизайнның пайда болуы қоршаған ортаның бүгінгі қоғам өмірінде табиғатпен байланыс дағдарысына жауап тапты. Экодизайнның сәулетшіге және дизайнерге қоятын негізгі талабы: бұйымды қауіпсіз пайдалану, денсаулыққа зиян келтірмеуі, шу, тербеліс, шығарулар, сәулеленудің аз мөлшері, экологиялық зиянды болдырмау. Міне, осыдан экодизайнның дамуында мынаталаптар ескерілуі қажет. Олар: материалдардың шығу тегіне, жобалау, жасау, қолдану және пайдалану кезінде қорларды үнемдеу,қоршаған ортаны қорғаудан бастап, жануарларға да дұрыс қарым-қатынас жасау, адам құқығын қорғаумен аяқталады. Экологиялық дизайн мен сәулеттің дамуы біздің әрқайсымызға аса қажет. Экодизайн - адамға жайлы, әрі ыңғайлы, әрі үйлесімді болатын қоршаған ортаны қорғауға баса назар аударатын дизайндағы және сәулеттегі ағым. Әдемі және ыңғайлылығы ғана емес, сонымен қатар жобалау, жасау, қолдану және пайдалану кезінде қолданылатын материалдардың сипаттамасы [3, Б.169].

Австрия суретшісі Хундертвассер Фриденсрайх өз кезегінде экологиялық құрылымда үй архитектурасын салуда ғылыми және жаңашыл тұрғыдан бионикалық жүйені қолданды. Бұл жүйе адамның тұратын жерін көгалдандыру деген бағытта үй құрылымы мен адамның іс-әрекетін физикалық байланысын беруде, ежелден ұлт болмысын сақтауға, оның тарихи, мәдени дәстүрін қастерлеуге бағыт беретінімен құнды. 20 ғасырдың 80 жылдары нарықтық экономикада «жасыл» жобалардың философиялық, көркемдік шешімдерін іздестіруде жаңа материалдар қолданысқа енеді [42, Б.217].

Адам қолданысында түрлі континентте пайда болған материалдар мен технологиялар өз дамуында жаңаша бағытта өрістей бастайды. Ертедегі аңыз әңгімелердегі баяндалған табиғи таза тастар, ыдыстар, ағаш қыш, былғары заттары экологиялық тұрғыдан өңдеу тұстары жүйелі өзгерістерге ұшырап, формаларын өзгерте бастайды. Тіпті киім үлгілері мен тұрмыста қажетті заттардың барлығын жаңа материалдар арқылы өңдеп, әлемдік деңгейде түрлі салада қолданысы жастарды өз өмірін табиғатпен үйлесімді байланыстыруға жетелейді.

Дәстүрлі шығармашылыққа тән көптеген әдістер заманауи дизайнға көшті. Мысалға келтіретін болсақ, Хансом Копердің керамикадан табиғилылықпен орындалған жұмысы табиғи текстураның көрнекі қабылдауына ғана емес, сонымен қатар қайта өңдеуге ұшырамаған жерлері одан бетер әсерін күшейтіп қана қоймай, материалдың табиғилылығын барынша анық көрсете білген [42, Б.50]. Мұнда заманауи дизайн әдістері адамның психологиялық ойлауы мен қабылдауы тығыз байланыста болғанын дәлелдей түседі.

Вена суретшісі Хундервавсер Фридсенрейх өзінің шығармашылық туындыларында процестер мен образдарды экологиялық конструкция ұғымына үйлестіре білді. Ол адамзатқа қажетті, іштей соған талпынатын дүниелерді яғни жайлылық, салт-дәстүр, табиғилылық, адамның мұқтаждықтарын заманауи тұрғыдан көрсетуді бір ортаға жинап көрсете білді.Веналық өнер туындыларын, 1960 жылдардағы сюрреализм мен

радикалды экологиялық қозғалыстарды бойға сіңіре отырып, оны 1980-ші және 2000-шы жылдар аралығында өзінің архитектура ғимараттарында қолданады. Аталмыш жұмыстарында ғылыми және новаторлық көзқарастармен бірге көркем шығармашылық, аздап қарапайым образдарды үйлестіре білген. Хундертвассердің салған ғимараттары өз бетінше табиғи, әрі түзу сызықты, терезесіз ,олар сонымен қатар бионикалық жүйе мен примитивизм көзқарасын қалыптастырады [42, Б.37].

Хундертвассер экологиялық қаланың жұмыс істеуі үшін жүйе әзірледі, ол ғимараттардың төбесін, ағаштан жасалған қылтималарды сонымен қатар, қаланың көгалдандыруын барынша арттыруды ұсынды. 1976 жылғы қоқыс үйінің «ағаш-тұрғыны» идеясы «үйде өмір сүру» тұйық циклын қамтамасыз етті, мұнда құрылыс барысында адам ағзасына әсер еткен ағаштар, сондай-ақ, тұрғын үйде адам табиғатпен көрнекі және физикалық байланыста болуы керек. Көгалдандыру құралдарымен қоршаған ортаны тазалау идеясы Хундертвассер жұмысының көпшілігінен өтті. Ең танымал жұмыстардың бірі «шоссе» жобасы болды. Сонымен қатар 1998-2000 жылдардағы «орманды спираль» атты жобасы автордың ең жарқын шығармаларының бірі болды [42, Б.38].

Необходимо подчеркнуть, что конкурентоспособность любого уровня определяется специалистом, включенным в профессиональную деятельность и выполняющим ее качественно, а также обладающим определенными социально-психологическими характеристиками. В этой связи есть необходимость рассмотрения вопроса о подготовке конкурентоспособного специалиста в процессе его обучения.

Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева уже многие годы осуществляет подготовку педагогов и психологов всех трех уровней: бакалавриат, магистратура и докторантура, который взят как *база исследования,* где *объектом* выступает особенности развития конкурентоспособности будущего педагога-психолога в системе высшего образования.

Процесс формирования конкурентоспособности личности студента будет оптимизирован, **если:** будут выявлены особенности развития конкурентоспособности будущего педагога-психолога, заключающие в себя закономерности и механизмы, совокупность индивидуальных и личностных свойств, **то** развитие конкурентоспособности будущих педагогов-психологов будет эффективным, **так как** это будет способствовать продуктивно, реализовать психолого-педагогическую подготовку, стремление к непрерывному саморазвитию, профессиональному росту, конгруэнтности, стрессоустойчивости.

Поэтому в предстоящем научном исследовании, мы нацелены на обоснование, разработку и апробацию программы, обеспечивающей формирование конкурентоспособности личности студента в образовательном процессе вуза, которые представляется

возможным при специальном изучении – особенности развития конкурентоспособности будущих педагогов-психологов.

Данный результат возможен только постановки и решений пошаговых действий. Это, *прежде всего* обоснование методологических основ развития конкурентоспособности будущего педагога-психолога, что будет способствовать созданию эффективных условий психолого-педагогической деятельности, профессиональной самореализации будущих специалистов.

Во-вторых, возможно, разработка модели и инструментарий по развитию конкурентоспособности будущих педагогов-психологов, эффективность которой будет проверено путем опытно-экспериментальной работы. На этой основе представится возможность выдвинуть конкретные рекомендации по развитию конкурентоспособности будущих педагогов-психологов;

При решении проблемы формирования конкурентоспособности личности будущего педагога – психолога, разработка средств, методов и форм должны осуществляться с учетом особенностей предстоящей профессиональной деятельности. А это возможно только при условии подготовки у студентов высокого уровня нравственной культуры, самосознания, принятия ими цивилизованных норм и правил ведения конкурентной борьбы.

Таким образом, особенность изучения этой проблемы будет осуществляться применительно к будущим педагогам и психологам, с учетом понимания и осознания различий двух феноменов конкуренции и конфликта, соблюдение этических принципов ведения конкурентного взаимодействия, акцент на развитии культурно-нравственных качеств личности.

Мы предполагаем, что полученный теоретический и практический материал с учетом специальности будет эффективным в подготовке конкурентоспособности у будущих специалистов в целом.

Список использованных источников

[1] Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы. [Электронный ресурс]: URL: https://primeminister.kz/page/article_item-34 (дата обращения: 10.04.2020)

[2] Статья Президента «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания». [Электронный ресурс]: URL: https://informburo.kz/stati/statya-prezidenta-vzglyad-v-budushchee-modernizaciya-obshchestvennogo-soznaniya.html (дата обращения: 13.04.2020)

[3] Viola Deutscher, Esther Winther. Instructional sensitivity in vocational education / Learning and Instruction. Volume 53, February 2018, Pages 21-33. [Электронный ресурс]: URL: https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S0959475216302274 (дата обращения: 17.06.2020)

[4] Anna Volodina, Christoph Lindner, JanRetelsdorf. Personality traits and basic psychological need satisfaction: Their relationship to apprentices' life satisfaction and their satisfaction with vocational education and training / International Journal of Educational Research. Volume 93, 2019, Pages 197-2092019, Pages 197-209. [Электронный ресурс]: URL: https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S0883035518300922 (дата обращения: 17.06.2020)

[5] Dong Guo, Anyi Wang. Is vocational education a good alternative to low-performing students in China/ International Journal of Educational Development. Volume 75, May 2020, 102187. [Электронный ресурс]: URL: https://www. sciencedirect.com/science/article/pii/S0738059319311460 (дата обращения: 18.06.2020)

[6] Philip Foster. Technical/vocational education in the less developed countries/ International Journal of Educational Development. Volume 7, Issue 2, 1987, Pages 137-139. [Электронный ресурс]: URL: https://www. sciencedirect. com/ science/ article/ pii/0738059387900484 (дата обращения: 18.06.2020)

[7] Wei Yang, Klaus E., Meyer B. How do local and foreign firms compete? Competitive actions in an emerging economy / International Business Review. Volume 29, Issue 3, June 2020,101689. [Электронный ресурс]: URL https://www.sciencedirect.com/science/article/abs/pii/S0969593120300275 (дата обращения: 17.06.2020)

[8] Aidarova, A.B., Uskenov, M.K.,Seitbekova, S.T.,Seitova, V.N. Development of innovative activity of sheep breeding with the aim of formation of resource base of light industry of Kazakhstan/Izvestiya Vysshikh Uchebnykh

Zavedenii, Seriya Teknologiya Tekstil'noi PromyshlennostiVolume 2019-January, Issue 1, 2019, Pages 46-52 [Электронный ресурс]: URL:https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0-85074598513 &origin= resultslist&sort =plf-f&src=s&st1=competitiveness&nlo=&nlr=&nls=&sid=727f4a6349faf513ad44c6486697a063 &sot=b&sdt=cl&cluster=scopubyr%2c%222020%22%2ct%2c%222019%22%2ct%2c%222018%22%2ct%2bscosu bjabbr%2c%22SOCI%22%2ct%2c%22ECON%22%2ct%2c%22ENGI%22%2ct%2c%22PSYC%22%2ct%2bscoex actkeywords%2c%22Competitiveness%22%2ct%2bscolang%2c%22Russian%22%2ct&sl=30&s=TITLE-ABS-KE Y%28competitiveness%29&relpos=12&citeCnt= 0&searchTerm= (дата обращения: 18.06.2020)

[9] Андреев В.И. Конкурентология: Учебный курс для творческого развития конкурентоспособности /В.Андреев. — Казань: Центр инновац. технологий, 2013. – 468 с.

[10] Митина, Л.М. Психология развития конкурентоспособной личности /Л.М. Митина. – Москва: МПСИ; Воронеж: МОДЭК, 2002. – 400 с.

[11] Щербаков А.И. Экономика труда: рыночные и социальные аспекты /Под общей ред. Н.А. Волгина // Москва: РАГС, 2010.

[12] Емельянова Л.А. Психология конкуренции и конкурентоспособности /Монография. – М.: МГОУ, 2008. – 440 с.

References

[1] Gosudarstvennaya programma razvitiya obrazovaniya Respubliki Kazahstan na 2011-2020 gody. [Elektronnyj resurs]: URL: https://primeminister.kz/page/article_item-34 (data obrashcheniya: 10.04.2020)

[2] Stat'ya Prezidenta «Vzglyad v budushchee: modernizaciya obshchestvennogo soznaniya». [Elektronnyj resurs]: URL: https://informburo.kz/stati/statya-prezidenta-vzglyad-v-budushchee-modernizaciya-obshchestvennogo-soznaniya.html (data obrashcheniya: 13.04.2020)

[3] Viola Deutscher, Esther Winther. Instructional sensitivity in vocational education / Learning and Instruction. Volume 53, February 2018, Pages 21-33. [Elektronnyj resurs]: URL: https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S0959475216302274 (data obrashcheniya: 17.06.2020)

[4] Anna Volodina, Christoph Lindner, JanRetelsdorf. Personality traits and basic psychological need satisfaction: Their relationship to apprentices' life satisfaction and their satisfaction with vocational education and training / International Journal of Educational Research. Volume 93, 2019, Pages 197-2092019, Pages 197-209. [Elektronnyj resurs]: URL: https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S0883035518300922 (data obrashcheniya: 17.06.2020)

[5] Dong Guo, Anyi Wang. Is vocational education a good alternative to low-performing students in China/ International Journal of Educational Development. Volume 75, May 2020, 102187. [Elektronnyj resurs]: URL: https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S0738059319311460 (data obrashcheniya: 18.06.2020)

[6] Philip Foster. Technical/vocational education in the less developed countries/ International Journal of Educational Development. Volume 7, Issue 2, 1987, Pages 137-139. [Elektronnyj resurs]: URL: https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/0738059387900484 (data obrashcheniya: 18.06.2020)

[7] Wei Yang, Klaus E., Meyer B. How do local and foreign firms compete? Competitive actions in an emerging economy / International Business Review. Volume 29, Issue 3, June 2020,101689. [Elektronnyj resurs]: URL https://www.sciencedirect.com/science/article/abs/pii/S0969593120300275 (data obrashcheniya: 17.06.2020)

[8] Aidarova, A.B., Uskenov, M.K.,Seitbekova, S.T.,Seitova, V.N. Development of innovative activity of sheep breeding with the aim of formation of resource base of light industry of Kazakhstan/Izvestiya Vysshikh Uchebnykh Zavedenii, Seriya Teknologiya Tekstil'noi PromyshlennostiVolume 2019-January, Issue 1, 2019, Pages 46-52 [Elektronnyj resurs]: URL:https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0-85074598513&origin=resultslist&sort =plf-f&src=s&st1=competitiveness&nlo=&nlr=&nls=&sid=727f4a6349faf513ad44c6486697a063 &sot=b&sdt=cl&cluster=scopubyr%2c%222020%22%2ct%2c%222019%22%2ct%2c%222018%22%2ct%2bscosubjabbr%2c%22SOCI%22%2ct%2c%22ECON%22%2ct%2c%22ENGI%22%2ct%2c%22PSYC%22%2ct%2bscoexactkeywords%2c%22Competitiveness%22%2ct%2bscolang%2c%22Russian%22%2ct&sl=30&s=TITLE-ABS-KEY%28competitiveness%29&relpos=12&citeCnt= 0&searchTerm= (data obrashcheniya: 18.06.2020)

[9] Andreev V.I. Konkurentologiya: Uchebnyj kurs dlya tvorcheskogo razvitiya konkurentosposobnosti /V.Andreev. — Kazan': Centr innovac. tekhnologij, 2013. – 468 s.

[10] Mitina, L.M. Psihologiya razvitiya konkurentosposobnoj lichnosti /L.M. Mitina. – Moskva: MPSI; Voronezh: MODEK, 2002. – 400 s.

[11] SHCHerbakov A.I. Ekonomika truda: rynochnye i social'nye aspekty /Pod obshchej red. N.A. Volgina // Moskva: RAGS, 2010.

[12] Emel'yanova L.A. Psihologiya konkurencii i konkurentosposobnosti /Monografiya. – M.: MGOU, 2008. – 440 s.

Бәсекеге қабілеттілік және академиялық ұтқырлық – ЖОО-дағы білім беру бағыттары

Н.Ж.Дүйсекеева[1], Ш.Б.Кадирсизова[2]

[1]Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің (Нұр-Сұлтан, Қазақстан),

[2]Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті (Семей, Казақстан)

Аннотация

Мақалада психологиялық-педагогикалық ғылым тұрғысынан болашақ мамандардың бәсекеге қабілеттілігін дамыту мәселелерінің өзектілігі негізделеді. Бәсекеге қабілеттілік проблемасы қоғамдық және ғылыми сұраныс аспектісінде қарастырылады. Автордың пікірінше, тұлғаның дамуы болашақ мамандардың бәсекеге қабілеттілігінің базистік сапасы ретінде қарастырылады. Отандық ғалымдар мен алыс және жақын шетелдердің түрлі ғылымдардан мәселелері зерттелген. Бәсекеге қабілеттілік-тұлғаның қабілеттілігінің, қасиеттерінің әлеуметтік бағытталған жүйесі. Ол тұлғаның оқу, сондай-ақ кәсіби және кәсіби емес өмірде табысқа жетудегі әлеуетті мүмкіндіктерін сипаттайды, сондай-ақ динамикалық өзгеретін жағдайларда барабар жеке мінез-құлықты анықтайды. Кез-келген мамандық мамандарының бәсекеге қабілеттілігінің мақалалары авторларының тұрғысынан кеңейтілуі жалғасуда: мұндай жағдайларға кәсіби бейімделу, аттестаттау, жағдайлық педагогикалық міндеттерді шешу, оқу-тәрбие үдерісінде қарым-қатынас жасау, білім берудің вариативтілік мәселесі, мансаптық өсу, кадрларды орналастыру, педагогикалық конкурстар және т.б. жатады.

Түйін сөздер: бәсекелестік; бәсекеге қабілеттілік; тұлға дамуының бәсекеге қабілеттілігі; кәсіби қызмет; кәсіби-тұлғалық даму.

Competitiveness and academic mobility-guidelines of educational trajectories in higher education institution

N. Zh.Duisekeeva[1], Sh.B.Kadyrsizova[2]

[1]Eurasian national University named after L. N. Gumilev (Astana, Kazakhstan),

[2]Kazakh humanitarian and legal innovation University (Semey, Kazakhstan)

Abstract

The article substantiates the actuality of developing the competitiveness of future specialists from the perspective of psychological and pedagogical science. The problem of competitiveness is considered in the aspect of public and scientific demand. According to the authors, the personality development is considered as the basic quality of the future specialists' competitiveness. The problem is studied by domestic scientists, scientists from near and far abroad from the perspective of various sciences. Competitiveness is defined as a socially-oriented system of abilities, properties and qualities of an individual. It characterizes the personality potential in achieving success, both in educational, professional and non-professional life activities, and also determines adequate individual behavior in dynamically changing conditions. From the authors' standpoint, the factors, conditions, and competitiveness parameters of any specialists continue to expand: such situations include professional adaptation, certification, solving situational pedagogical problems, communicating in the educational process, solving the problem of variability of education, career growth, staff placement, and others.

Key words: competitiveness; competitiveness of personality development; professional activity; professional and personal development.

Поступила в редакцию 09.07.2020.

ҒТАХР 14.25.05

Ә. ДАВЛУМБАЕВ[1], Ұ. МАРШЫБАЕВА[2], С. ҚУАНЫШОВ[3],
Р. ҚАДЫРБЕКОВ[1], А. АЗТАЕВ[3]

[1]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы, Қазақстан),
[2]Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Нұр-Сұлтан, Қазақстан),
[3]Аймақтық әлеуметтік инновациялық университеті (Шымкент, Қазақстан)

СПОРТТЫҚ ЖАТТЫҚТЫРУДЫ ӨТКІЗУ ӘДІСТЕРІ МЕН СПОРТТЫҢ ЖАЛПЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРІ

Аңдатпа

Өскелең ұрпақтың денсаулығын шыңдау, оның жұмыс істеу қабілетін арттыру, ағзаны өмірдің әртүрлі жағдайларына бейімдеу сияқты талаптарға спорт түрлері мен ойындардың барлығының сай келуін қадағалағау – осы саладағы мамандардың міндеті. Соңғы уақыттарда спорт түрлері мен ойындардың спортшы ағзасына пайдалы жақтарын сипаттайтын ғылыми еңбектер де көптеп шыға бастады. Спорттық машықтану және жаттықтыру, дағдылану әдістерін жетілдіруге, оның сауықтыру мәнін көтеруге бағытталған нұсқаулар, ұсыныстар жасалынып жатыр. Халық тәжірибесіне негізделген күрделі педагогикалық жүйе бола отырып, спорт түрлері мен ойындар қарапайым дене қимылы дамуы мәселелерін ғана шешіп қоймай, сонымен қатар, оның терең де күрделі жақтарын ашуға, ағзаны дайындауға көмектеседі. Сондықтан да, олармен жүйелі түрде айналысу керек. Соңғы жылдары жастар спортпен айналысуға көбірек назар аударып келеді. Машықтану барыстарын дұрыс ұйымдастыру арқылы жастардың жан-жақты дене қимылы дайындығына қол жеткізуге болады.

Түйін сөздер: спорттық жаттықтыру, оқу-жаттықтыру үдерісі, әдістер, қызметтер.

Кіріспе. Бүгінгі күндері өскелең ұрпақтың рухани өмірінің барлық саласында спорт және оның түрлері арқылы ұлттық мәдениет пен ұлттық тәрбие әсері, оның маңызы күннен-күнге арту үстінде. Спорттық өмір де бұған тікелей қатысты, дене шынықтыру мен спорт – осы үдерісті әрі қарай дамытудың ең негізгі жолдарының бірі. Яғни, спорт түрлері мен ойындарды терең де күрделі құбылыс деп түсінуіміз керек. Жоғарыда аталған үдерісті толығымен дұрыс қабылдай алмаған кеңес уақытындағы кейбір дарынсыз басшылықтың кесірінен спорттың көптеген саласын шеттетіп тастау көптеген келеңсіз құбылыстарға алып келді. Кезінде асыра сілтеушілік заман талабына орай, кейбір спорт түрлері өз зауалын тартып та жатты [7].

Жаттықтыру нәтижесі бапкердің дайындық сапасына, оқу жүйесін дұрыс жоспарлауына, қолда бар құрал-жабдықтарды жер жағдайына байланысты дұрыс пайдалануына, оқу тәрбие жүйесін жүргізу әдістерімен байланысты. Сабақ кезінде уақытты тиімді пайдалану арқылы мұғалім жоғары жетістікке жетуіне мүмкіншілік туғызады [9].

Мақсаты: *спорттық жаттықтырудың әр сабағы төмендегі пункттер бойынша жауап беруі тиіс:*

а) белгіленген міндеттері болуы;

ә) әдістемесі дұрыс құрылуы;

б) өткен сабақтармен сабақтас, байланысты болуы;

в) мазмұны бойынша айналысушылардың жасына, жынысына, дене жағынан жетілуіне және дайындығына сәйкес болуы;

г) денсаулықты нығайтуға, сымбаттың қалыптасуына, дене жағының дамуына әсер ететін жаттығулар мен ойындарды пайдалануы;

д) тәрбиелік мақсатта болуы [20].

Зерттеу әдістері мен оны ұйымдастыру: жаттықтыру сабақтарын дұрыс ұйымдастыру әдістері – өткен жаттықтырулардың

дәйекті жалғасы болуымен қатар, біртұтас құрастырылып толық аяқталуы қажет. Әр жаттықтыру, келесі кезектегі жаттықтырудың мазмұны мен мақсатын қамтиды [8]:

– жаттықтырудың мазмұны айналысушылардың санына, жынысына, жасына, шынығу деңгейіне және жалпы дайындығына қарай анықталады;

– айналысушыларды қызықтырып, олардың өз бетінше белсенділікпен дайындалу сезімін оятады;

– дене шынығудың жан-жақты дамытуына, денсаулықтың нығаюына қозғалыс тірегінің қалыптасуына әсерін тигізетін жаттығулар мен ойындардан құрастырылады [5];

– оқып үйрену және тәрбие жұмыстарын қамтиды;

– спорттық жаттықтыру тазалық-гигиена және қажетті спорттық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етіледі;

– жаттықтырудың негізгі мақсаты әртүрлі әдістер қолдану арқылы шешіледі;

– оқу-тәрбие жұмыстарын әрдайым дамытады;

– спорттық жаттықтыру сабағының сапасын жақсарту, бақылау жұмыстарының тұрақты жүргізілуіне тікелей байланысты. Айналысушылардың оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру [6].

Жаттықтырудың мақсатын орындау үшін оқу жұмыстарын ұйымдастыруда ең тиімді әдістер қолданылады.

Жан-жақты әдіс – бұл әдістің артықшылығы, көп оқушылар тобын қамту, жаңа жаттығуларды үйретерде оқушылардың сабақтың тиімділігін және жұмыс көлемін барынша ұлғайту [1].

Бұл әдістің тиімділігі – сабақты айналысушылар тобымен сақтық пен көмекті аса қажет етпейтін жаттығулар орындағанда қолданылады.

Үздіксіз оқыту әдісі. Жаттығуды айналысушылар бірінен соң бірі кезекпен үздіксіз орындайды. Жағдайға байланысты жаттығуларды үздіксіз орындау екі-үш топта бір мезгілде өткізіуі мүмкін. Мысалы: тепе-тендік жаттығуларын үздіксіз 2-3 гимнастикалық орындықта немесе бөренеде орындауға болады [4].

Жаттықтыруды осы әдіспен өткізудің артықшылығы оның тығыздылығы мен жүктемесінің өсуінде. Ұзындыққа, биіктікке секіргенде, өрмелегенде немесе өрмелеп шыққанда, тепе-теңдік және акробатика жаттығуларын орындағанда, сонымен қатар, шаңғымен өрге көтеріліп, еңіске түскенде қолдану өте ыңғайлы [2].

Бұл әдістің тағы бір маңызы әр түрлі жаттығуларды орындауында. Мысалы: алдымен айналысушылар гимнастикалық орындықпен жүріп, бөренеңің астынан өтеді де биіктікке секіреді, содан кейін гимнастикалық қабырғаға өрмелейді т.б. Үздіксіз оқыту тәсілі негізінен жаттығуларды дағдыландыру және жетілдіру мақсатында қолданылады [12].

Ауыспалы әдіс. Айналысушылар жаттығуларды кезекпен орындау үшін топтарға бөлінеді, жаттығуды орындаған соң топтар орын ауыстырады. Алмасу топтары жаттығуды бір мезгілде орындайтын топтардан құрастырылады [13]. Алмасу тобының біреуі жаттығуды орындайды да басқалары оны қадағалайды, сақтандырады, көмектеседі, талдайды. Мысалы: залда 10 гимнастикалық кереге, 30 оқушы болса, жаттығуды орындау үшін олар алты баладан бес ауыспалы топқа бөлінеді. Допты нысанаға және қашықтыққа лақтырғанда, асылу, өрмелеу, ұзындыққа, биіктікке секіргенде т.б. жаттығулар орындағанда «Ауыспалы әдіс» қолданылады. Бұл әдісті қолдану мұғалімге оқушыларды жақсы қадағалауға мүмкіншілік береді [10].

Топтармен сабақ өткізу әдісі. Бапкердің тапсырмасы бойынша жаттығуларды топтар кезекпен өз бетінше орындайды. Бұл әдіс сабақтың негізгі бөлімінде, жаттығудың бір түрімен айналысуға құрал-жабдықтар жетпей қалған жағдайда қолданылады. Уақытты тиімді пайдалану үшін жаттығудың 2-3 түрі бір мезгілде орыңдалады. Белгіленген уақыт бойынша топтар орындарын ауыстырады. Жаттығудың дұрыс орындалуын және тәртіп сақтауды қадағалау үшін әр топтың ағасы тағайындалады. Бұл әдіс жүктемені

дәл анықтап, қателікті дер кезінде түзетуге мүмкіншілік береді, бірақ уақыт тығыздығын төмендетеді. Уақыт тығыздығын көтеру үшін кезек күтуші топтарға, орындалуы жеңіл, бұрын оқып үйренген, оқушылардың білімін жетілдіретін, негізгі қозғалыс сапасын дамытатын қосымша жаттығулар беріледі [11].

Даралық әдіс. Бапкер жаттықтыру кезінде дайындық деңгейі жоғары немесе әлсіз айналысушыларға шынығу деңгейіне қарай жеке тапсырма беріп, оны айналысушылардың өз бетінше орындауын қадағалайды. Бұл әдіс олардың жаттығуларды өз бетінше орындап үйренуіне көмектеседі.

Айнымалы әдіс. Қозғалыс сапасын жан-жақты дамыту және ағзаны дұрыс қалыптастыру үшін жаттығулар тобын айнымалы әдіспен орындаудың маңызы өте айрықша. Сабақтың басталар алдында қажетті құрал-жабдықтар тізбегімен өз орындарына қойып, қай топтың қандай жаттығуды орындайтынын хабарланады. Әр жаттығудың қалай орындалатының мұғалім түсіндіріп, топтарды алма кезек ауыстырып тұрады. Жаттығулар топтамасы қай әдіспен орындалмасын, мұғалімнің алдына қоятын мақсаты сабақты оқушылардың қабілетіне, қауіпсіздікті сақтауына, шынығу деңгейін дамытуға бағытталады [16]. Әдістің тиімділігі оның дұрыс ұйымдастырылуында. Ол үшін бапкер жаттықтыру кезінде белсенді спортшыларды, ұйымдастырушыларды, команда капитандарын т.б. пайдаланады [14].

Қоғамда елеулі еңбегі бар, рухани ой-санасы адамгершілік тұрғыда жақсы қалыптасқан спортшыны тәрбиелеу түрлерін есепке ала отырып, жалпы педагогикалық ретінде, спорттың 4 қызметтерін бөліп айтуға болады: ақыл-ойлық-тәрбиелік, рухани-тәрбиелік, эстетикалық-тәрбиелік және тәрбиелік-еңбек түрлері [15].

Спорттың ақыл-ойлық-тәрбиелік қызметі. Спорттық іс-қызмет спортшының дүниетанымының тұрақты түрде кеңеюін қарастырып қана қоймай, сонымен бірге, әлеуметтік, медициналық-биологиялық, арнайы-педагогикалық, ұйымдастыру-әдістемелік сипаттағы білімдердің ерекше жүйесін жүйелі түрде игеруін талап етеді [19].

Спорттың рухани-тәрбиелік қызметі. Спортпен айналысу барысында әріптестермен, команда мүшелерімен, басқа адамдармен, спортсүйер табынушылармен араласу және өзара әрекет ету туралы нормалары мен ережелердің ерекше жүйесі, Отанға деген ерекше ықылас пайда болады, өз елі үшін үлкен халықаралық жарыстарда басқа елдің спортшыларымен үнемі бақталаса бергеннен өзінде патриоттық және достастық, әріптестік сезім, команда ішінде ұжым үшін жауапкершілік қасиеттері қалыптасады. Осының арқасында, спорт өскелең ұрпақтың рухани тәрбиесіне өзінің зор үлесін қосады [18].

Спорттың эстетикалық-тәрбиелік қызметі. Спорттық іс-қызмет пен жарыстардың ерекше әдемілігі мен сауықшылығы соған сәйкес көзтартымдылықпен ерекшеленеді де, музыка құралдары мен қозғалыс өнері мүмкіндіктерін бүге-шігесіне дейін ойластыра дұрыс, әрі сауатты қолдануды талап етеді, соған сәйкес өзін-өзі ортада алып жүру мәнерін қалыптастырады, өзіне жарасымды тартымды спорттық талғампаздыққа мүмкіндік береді [17].

Спорттың тәрбиелік-еңбек қызметі. Спорттық іс-қызметте, әсіресе, оның ұйымдастыруында, еңбекке деген соған сәйкес қарым-қатынасты қалыптастыру мақсатында қарапайым, ақыл-ойлық және қоғамдық пайдалы еңбектің мүмкіндіктерін жүйелі түрде қолдану қажет [3].

Алынған нәтижелер мен қорытынды: қимыл-әрекеттерді тұрақты түрде қабылдай білу қажеттілігі, нәтижесінде айналысушылардың зияткерлік деңгейіне пайдасын келтіретін талдай алу қабілеттіліктерінің дамуына жағдай жасайды. Адамзаттың даму тарихында өте терең ақыл-ой қабілеттіліктері мен дене дайындығы өте жақсы көптеген аты әлемге аян тарихи тұлғалар баршылық (Ресей императоры Петр I, математик Пифагор – өз уақытында жұдырықтасудан көне Олимпиадалық ойындардың чемпио-

ны болған, ағылшын ақыны лорд Байрон – бокста әжептәуір нәтижелерге жеткен, және басқалары).

Осы және осы тектес әсемдік мүмкіндіктерінің арқасында Олимпиадалық ойындар, Универсиадалар, әлем, құрылық ойындары мен спорт түрлерінен чемпионаттары секілді, ірі жарыстардың ашылу-жабылу рәсімдері, әдетте, спорттық-мәдени, сұлулықты, адамның дене жетілуі мен денсаулығын театрландырылған көрініс арқылы салтанатты түрде паш ететін, адамның әсемдік пен үйлесімділік туралы көрінісін қалыптастыра, эмоциялық сезімге берілуін, оның эстетикалық талғамының дамуына әкеледі.

Еңбекке, әсіресе, оның қоғамдық пайдалы түрлеріне деген қарым-қатынаспен ғана адамның тәрбиелік деңгейі анықталады. Өзіне, ұжымға жұмыс істей білу кез келген адам мен мемлекеттің өмір сүру әрекеттері мен дамуының негізі болып табылады. Спортпен айналысу кезінде ең бастысы, еңбек іс-әрекетінде көптеп кездесетін өмірлік қажетті дағды-машықтар қалыптасады, дене қасиеттері жетілдіріледі, шаршауға қарсы тұра алу және өте үлкен күш түсірулерді көтере алу дағды-машықтары дамиды. Спортпен айналысушы адамдар осы және осы тектес ерекшеліктердің арқасында өз іс-қызметтерінде еңбектің әртүрлі түрлерін игеруге бейім және оны оңай игереді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

[1] Ахметов К., Царев А. Спортивный Казахстан. – Алматы, 1979. – С. 5-38.

[2] Геращенко Н.В., Геращенко И.В. Критический метод в педагогике спорта /Физическое воспитание и спортивная тренировка. – 2018. – №3 (25). – С.119-126.

[3] Dill D. The economy of muscular exer cise /Phisiol. Rev. – 1936. – Vol.16. – P.263-291.

[4] Досқараев Б.М. Қазақстандағы Олимпиадалық білім және спорт тарихының очерктері /Б.М.Досқараев, Е.К.Сейсенбеков, Е.Т.Алтынбек. – Алматы, 2019. – С.400.

[5] Қаражанов Б. Қазақ дене тәрбиесі институты. – Алматы, 1991. – С.26-43.

[6] Коваль В.И. Международные спортивные объединения, туристические организации. – М.: ФиС, 1984. – С.45-67.

[7] Кулешов А.П. Страницы из Олимпийского дневника. – М.: ФиС, 1980. – С.18-39.

[8] Maslow A.H. Motivation and Personality /A.H.Maslow. – New York, 1954. – P.65-86.

[9] Miyaznita M., Ssuadomoto T. The current problems of physical fitness in Japanese children /Journal of sports medizine, 1987. – P.40-45.

[10] McClelland, D.C. The Achievement Motivation /D.C. McClelland, J.W. Atkinson. - New York. 1953. – P. 11-27.

[11] Olympic School Project. – Melbourn, 1989. – P.44.

[12] Романов А.О. Международное спортивное движение. – М.: ФиС, 1980. – С.27-56.

[13] Сапарбаев М.Б. Подготовка учителей физкультуры. – Алматы, 1992. – С. 286.

[14] Сейсенбеков Е.К. Дене шынықтыру және спорт тарихы. – Шымкент: Нұрлы бейне, 2009. – С.144.

[15] Сейсенбеков Е.К. Қазақтың ұлттық ойындарын оқу үдерісінде жастарды тәрбиелеу амалы ретінде қолдану /Сейсенбеков Е.К., Тастанов А.Ж., Дауленбаев М.Т. «ҚазҰУ Жаршысы», Педагогикалық серия. 2016. – №1 (47). – С.118-123.

[16] Сейсенбеков Е.К. Дене шынықтыру және спорт теориясы мен әдістемесі. Астана: ЕҰУ баспасы, 2011. – С.431.

[17] Сейсенбеков Е.К. Спорт теориясы мен әдістемесі. – Астана, 2013. – С.330.

[18] Сейсенбеков Е.К. Білім алушының жеке дене мәдениетін тәрбиелеудің педагогикалық әдістері. Педагогика және психология. – 2016. – №1 (26). – С.118-122.

[19] Тәнікеев М. Қазақстандағы дене шынықтыру мен спорт тарихы. – Алматы, 2002. – С. 254.

[20] Хавин М. Все об Олимпийских играх. – М.: ФиС, 1974. – С.12-56.

References:

[1] Akhmetov K., Tsarev A. Sportivnyy Kazakhstan. – Almaty, 1979. – S.5-38.

[2] Gerashchenko N.V., Gerashchenko I.V. Kriticheskiy metod v pedagogike sporta. /Fizicheskoye vospitaniye i sportivnaya trenirovka. – 2018. – №3 (25). – C.119-126.

[3] Dill D. The economy of muscular exer cise /Phisiol. Rev. – 1936. – Vol.16. – P.263-291.

[4] Dosqaraev B.M. Qazaqstandağy Olimpiadalyq bilim jäne sport tarihynyñ oçerkteri, /B.M. Dosqaraev, E.K. Seisenbekov, E.T. Altynbek. – Almaty, 2019. – S.400.

[5] Qarajanov B. Qazaq dene tärbiesi instituty. – Almaty, 1991. – S. 26-43.

[6] Koval' V.I. Mezhdunarodnyye sportivnyye ob»yedineniya, turisticheskiye organizatsii. M.: FiS. 1984. – S. 45-67.

[7] Kuleshov A.P. Stranitsy iz Olimpiyskogo dnevnika. – M.: FiS, 1980. – S.18-39.

[8] Maslow A.H. Motivation and Personality /A.H.Maslow. – New York, 1954. – P.65-86.

[9] Miyaznita M., Ssuadomoto T. The current problems of physical fitness in japanase chidern /Journal of sports medizine, 1987. – P. 40-45.

[10] McClelland, D.C. The Achievement Motivation /D.C. McClelland, J.W. Atkinson. – New York, 1953. – P.11-27.

[11] Olympic School Project. – Melbourn, 1989. – S.44.

[12] Romanov A.O. International Sports Movement. – M.: FiS, 1980. – S.27-56.

[13] Saparbaev M.B. Podgotovka uçïtelei fïzkultury. – Almaty, 1992. – S.286.

[14] Seisenbekov E.K. Dene shynyqtyru jane sport tarihy. – Shymkent,:Nurly beine, 2009. – S.144.

[15] Seisenbekov E.K. Qazaqtyñ ulttyq oiyndaryn oqu üderisinde jastardy tärbïeleu amaly retinde qoldanu / Seisenbekov E.K., Tastanov A.J., Daulenbaev M.T. KazUU Zharshysy», Pedagogikalyk seriya. – 2016. – №1 (47). – C.118-123.

[16] Seisenbekov E.K. Dene shynyqtyru jane sport teoriyasy men ädistemesi. – Astana. EUU baspasy, 2011. – S.431.

[17] Seisenbekov E.K. Sport teoriyası men ädistemesi. – Astana, 2013. – S.330.

[18] Seisenbekov E.K. Bilim alushynyñ jeke dene mädenietin tärbieleudiñ pedagogikalyq ädisteri. Pedagogika jäne psihologiya. – 2016. – №1 (26) . – S.118-122.

[19] Tänikeev M. Qazaqstandagy dene shynyqtyru men sport tarihy. – Almaty, 2002. – S.254.

[20] Khavin M. Vse ob Olimpiyskikh igrah. – M.: FiS, 1974. – S.12-56.

Методы проведения спортивной тренировки и общие педагогические функции спорта

А. Давлумбаев[1], У. Марчибаева[2], С. Куанышов[3], Р. Кадырбеков[1], А. Азтаев[3]

[1]Казахский национальный педагогический университет имени Абая (Алматы, Казахстан)

[2]Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева (Нұр-Султан, Казахстан)

[3]Региональный социально-инновационный университет (Шымкент, Казахстан)

Аннотация

Задача специалистов сферы физической культуры и спорта контроль за такими требованиями в видах спорта и игр, как – закаливание здоровья подрастающего поколения, повышение их работоспособности, адаптация организма к различным жизненным условиям. В последнее время научных работ, характеризующих полезную сторону видов спорта и игр организму спортсмена можно встретить сколько угодно. Разработаны различные методические пособия, рекомендации, направленных на совершенствование спортивной тренировки, навыков и умений, повышение оздоровительного значения спорта. Являясь сложной педагогической системой, основанной на народном опыте, виды спорта и игры не только решает проблемы развития простых двигательных качеств, но и помогает раскрыть его глубокие сложные стороны, подготовить организм к сложным физическим и психологическим нагрузкам. В последнее время молодежь все чаще начинает

обращать внимание к занятиям спортом. Через правильную организацию тренировки двигательных навыков можно достичь всесторонней физической подготовки молодежи.

Ключевые слова: спортивная тренировка, учебно-тренировочный процесс, методы, функции.

Sports training methods and general pedagogical functions of sports

A. Davlumbaev[1], U. Marchibaeva[2], S. Kuanyshov[3], R. Kadyrbekov[1], A. Aztaev[3]
[1]Abay Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan)
[2]L.N. Gumilev Eurasian National University (Nur-Sultan, Kazakhstan)
3Regional Social Innovation University (Shymkent, Kazakhstan)

Abstract

The task of specialists in the field of physical education and sports is to control such requirements in sports and games as hardening the health of the younger generation, increasing their performance, and adapting the body to various living conditions. Recently, the scientific papers characterizing the useful side of sports and games can be found as much as possible for the athlete's body. Various methodological aids, recommendations aimed at improving sports training, skills and abilities, improving the health value of sports have been developed. Being a complex pedagogical system based on folk experience, sports and games not only solve the problems of developing simple motor qualities, but also help to reveal its deep complex sides, prepare the body for complex physical and psychological stresses. Recently, young people are increasingly beginning to pay attention to sports. Through the proper organization of the training of motor skills, it is possible to achieve comprehensive physical training for young people.

Keywords: physical sports training, educational process, methods, functions

Поступила в редакцию 15.06.2020.

ҒТАМР 14.07.01

Г.Ө. БАЙТАШЕВА[1], А.С МУСИНА[1], А.У ИСАЕВА[2], Ж.К.МЫРЗАБАЕВА[1], А.А.САРТАЕВА[1]

[1]Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті (Алматы, Қазақстан),
[2]М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті (Шымкент, Қазақстан)

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ БИОЛОГИЯ ПӘНІНЕ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДА ЖОБАЛАП ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Жаңартылған білім беру бағдарламасы негізінде шиыршықты оқыту технологиясы бойынша Биология пәнінде «Жасушалық биология» бөліміндегі сабақтарда жобалау технологиясын қолдану мәселелері талқыланған. Жобалау технологиясы кезіндегі ата-ана, ұстаз, білім алушы арасындағы байланыстар қарастырылған. Ата-анаға сұрақтар қою арқылы тақырыпқа қызығушылық арта түсетіндігі қарастырылған. Маған не үшін керек сұрағын ой санасынан өткізу, жұмыстарды бөлісу топтық жұмыстар жүргізу арқылы мативациялау жолдарына ұсыныс жасалған. Кейбір ғалымдардың еңбектеріне талдау жасалып қолдану кезеңдері көрсетілген. Білім алушылардың биология пәніне қызығушылығын арттыруда жобалап оқыту технологиясын қолдану ерекшеліктері айқындалған. Биология пәнінде "Жасушалық биология" тақырыбындағы мағлұматтарды бекітіп, әрі қарай дамытуға бағытталған жұмыс кезеңдері нақтыланған. Ұстаз рөлі көрсетілген. Ата-ана, бала, сыныптағы достық, қарым қатынасқа мән берілген.

Түйін сөздер: Жаңартылған білім беру; биология; педагогика; жобалау; технология; жасуша; дағды; тұлға; құндылық; мативация.

Кіріспе. Жаңартылған білім беру бағдарламасы негізінде шиыршықты оқыту технологиясы бойынша Биология пәнінде «Жасушалық биология» бөліміндегі сабақтарға тоқталар болсақ. Бастапқы мақсатқа қол жеткізуде әр түрлі әдіс тәсілдерді қолдану арқылы білімді жүйелеуге болады. Осы сәтте Жобалап оқыту технологиясын пайдалану білімнің жүйелі қалыптасып әрі қарай дамуына білім алушының өмірлік тәжірбиеде қолдануына септігін тигізері сөзсіз. Педагогикалық технология – дара тұлғаны қалыптастыруға педагогикалық ықпалдарды ұйымдастыру қажеттілігінен туындаған өзара байланысты процестер [1; 2]. Жаңартылған білім беруде көбінесе топпен жұмыс барысында ассоциограмма кеңінен пайдаланылады. MindMap (ассоциограмма)- студенттердің жұмысының өнімділігін артыратын жаңа тәсілдердің бірі [3]. Кез келген педагогикалық технологиялардың басты мақсаты: жеке тұлғаның білімі, шеберлігі, құндылығы негізіндегі дағдыларын қалыптастыру.

Негізгі бөлім: Қазіргі таңда кез келген оқу ордасында оқуға деген қызығушылықтың жоқтығы білім алушылардың ата анасының бастапқы мәселелерінің бірі болып табылады. Осы ретте білім алушыларға өздері ғана орындап қоймай ата аналарын көмекке тарту арқылы бірігіп орындайтын тапсырмалар беру нәтижиелі болады.

Ұстаздың жан жақты ізденісі сабақ үрдісіне кәсіби даярлану процесі шешуші рөль атқарады. Жобалау іс-әрекетінде Білім алушылардың даярлығын қалыптастыру маңызды қабам болып табылады. Жаңартылған білім беру бағдарламасы негізіне үңілсек оқу процесін ұйымдастыру іскерліктер және дағдылар қалыптастырудан құзыреттіліктер қалыптастыруға көшіп отырған бүгінгі таңдағы білім парадигмасына сәйкес ең алдымен білім алушыны шығармашылықпен жұмыс жасауға дайындау қажеттігін туындатады. Физиканы оқыту студенттерге бағытталуы керек, ал мұғалімдерге бағытталған физикалық оқыту студенттерді пассивті объектіге айналдырады, сондықтан олар физикаға тұжырымдама жасау мен тұжырымдау процесінде сыни ойлау дағдыларын дамытады. Бұл зерттеу MindJet MindManager ақыл-ой картасына индуктивті оқыту моделінің студенттердің физиканы оптикалық көзде оқуда сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамытуға әсерін білуге бағытталған. MindJet MindManager көмегімен ойлаудың индуктивті оқыту моделі оқушылардың сыни ойлау қабілеттеріне әсер етеді [4]. Сондықтан жаратылыстану ғылымдарын оқыту кезінде ақыл ой картасын пайдалану тиімді. Білім алушылардың биология пәніне қызығушылығын арттыруда жобалап оқыту технологиясын пайдалану кезінде ақыл ой картасы арқылы ассоциограмма сыздыру жобаны құрудағы ерекшеліктердің бірі болмақ. Ата анасымен тапсырманы талқылау арқылы білім алушы өмірлік шындықпен байланыстыра отырып, ізденіс тақырыбындағы сұрақтар ауқымын кеңейтіп ассоциаграмма құрылып, шығармашылықпен ұласады. «Сұрақ ≥ Мәселе ≥ ізденіс ≥ анализ ≥ ойын ≥ мативация.!» алаңы түзіледі.

Адамгершілікке бағытталған әлеуметтік мәселелерді шешу процесінде адамгершілік құндылықтарға көтерілу нәтижесінде қалыптасқан өмір салты, жеке қасиеттер мен дағдылар тұратын: Ата-аналар, жасөспірімдер мен мұғалімдер қауымдастығының шығармашылық қызметі ретінде іске асырылатын әлеуметтік дизайн қалыптасады [2].

Мұндай педагогикалық қолдау ата-аналардың бірлескен күш-жігерінің мүмкіндіктерін іске асыруды қамтамасыз етуге бағытталған, тәрбиешілер мен жасөспірімдер оларды қанағаттан-дырады қызығушылықтар, қажеттіліктер, өзара іс-әрекетте өз білімін, дағдыларын көрсету жасөспірімдердің әлеуметтік-мәдени дамуының оңтайлы процесіне ықпал еткен қатынастар мен қарым-қатынас мәдениеті болып табылады [5].

Осы тұста ұстаз шығармашылықпен жұмыс жасау үшін топтарды біріктіреді.

Шығармашылықпен жұмыс жүргізе алатын топтардың:

– Жоспарлау (тақырып таңдау, бір

мәселені шешуге бағытталған сұрақ қою, уақыт ұзақтығын белгілеу,);

– топтық жұмыс (Маған не үшін керек сұрағын ой санасынан өткізу, жұмыстарды бөлісу, топтық жұмыс ережесін);

– зерттеу жүргізу (Не және қалай, сараптама);

– рессурстармен жұмыс жүргізу (ғылыми әдістемелік еңбектер, әлеуметтік желі материалдары);

– қорытындылау (анализ, ұсыныс) жұмыстарына даярлығын тексеріп ұстаз жобалау іс-әрекетіне дайындығын реттеп, қалыптастырады [6].

Жаңартылған білім беру бағдарламасымен оқытудың тиімділігі де осында байқалады. Білім алушылар оқу үрдісінде әр түрлі әдіс тәсілдерді пайдалану негізінде сыный ойлау қабілеттілігі мен шығармашылықпен жұмыс істеу дағдалары арта түседі. Білім алушының мұндай шығармашылық жұмыстармен айналысып тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологиялары күн санап артуда. Педагогикалық технологияларды теориялық және ғылыми қолданбалы бағытта бірнеше отандық ғалымдар зерттеу жүргізіп өз тәжірбиелерінде қолданып оларды оқыту үрдісіне енгізу жолдарын іздестіруде. Олар педагогикалық технологияларды пайдаланудың ерекшеліктері мен қиындықтарына тоқталып, Д.М.Жүсіпбалиева, Б.Ә.Әбдікәрімұлы, М.С.Мәлібекова,Г.Қ.Нұрғалиева, Қ.Қабдықайырұлы, Ж.А.Қараев, Ш.Т.Таубаева, А.Әлімов, М.Жанпейісова т.б. өз зерттеулерінде қарастырып оқу үрдісінде пайдаланудың мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін айқындауды елеулі еңбек етіп келеді. Өзгермелі заманда Оқу үрдісін белсенді жүйеге айналдыру үшін туындаған технологиялардың бірі жобалап оқыту технологиясы. Жобалап оқыту технологиясының негізін салушы Карл Фрей өзінің "Жобалау әдісі" атты (Бельц қаласы, Германия, 1977 ж.) жобалау әдісі туралы кітабында – Білім алушылардан болсын немесе ұстаз тарапынан болсын практикалық маңызы бар бір жоба (проект) ұсынылуы тиіс. «proicere» – деген латын сөзінен аударылғанда «Жобалау жоспарлау, дайындау» деген мағынаны білдіреді. Жоба дегеніміз белгілі бір уақыт аралығында бір нәтижиеге қол жеткізу болып табылады. Жобалау технологиясы XIX ғасырдың 2-ші жартысында АҚШ ауылшаруашылығы мектептерінде пайда болған. Оның негізін қалаған психолог, педагог, философ Джон Дьюи. Дьюидің ілімін жалғастырушы профессор Уильям Херд Килпатриктің ойынша, балаларды өз жұмысының жемісін көруге ынталандыру арқылы үлкен өмірге дайындау – бұл технологияның негізі болып табылады. «Өзіне көйлек тігіп киген бойжеткенді мысалға алайық. Егер ол кейін өзі киетін көйлегі үшін жанын аямай, ерінбей, аса қызығушылықпен көйлек үлгісін өзі ойлап тауып, өз бетімен өлшеп, пішіп, тігіп кисе – бұл мысал жобалау технологиясының нағыз типтік үлгісі» – деп тұжырымдайды Хилпатрик [4]. Бұл технологияны қазіргі таңда оқу үрдісінде білім алушылардың белсенділігін арттыру үшін ғалымдар мен ізденушілер кеңінен пайдаланып жүр. Тяглова Е.В. және Якушкина Е.А. жобалар әдісін енгізудің ең үлкен мәселелері биологияны оқытуда пайда болатынын атап өтсе, М.В. Высоцкийдің пікірінше, биология сабақтарында жобалар әдісін қолдану оқушылардың іс-әрекеттерін жүзеге асыруға, оқу кезінде алған білім мен біліктерді біріктіруге мүмкіндік береді [7;8].

Биология пәнінде жасуша тақырыбындағы мағлұматтарын бекітіп әрі қарай дамытуға бағытталған жұмыс келесі кезеңдерден тұрады (Сурет 1):

І-кезең. Негізі жасуша тақырыбы аясында жүргізілетін жобаға даярлық кезеңі:

– жобалық тапсырма тақырыбын құрастыру;

– орындалу уақыт мерзімін белгілеу.

ІІ-кезең. Шығармашылық топтар құру кезеңі:

– топтағы оқушылар өзара үйлесімді жұмыс істеуі үшін олармен ұйымдастыру жұмыстарын жүргізу (Ж.А.Қараевтың

«Деңгейлеп оқыту технологиясын» негізге алу);

– мақсат айқындау;

– міндеттерді құрастыру;

III-кезең. Жоспарлау кезеңі:

– Мәселелі сұрақтар қою, сұрақтарды тұжырымдап сараптау арқылы жоспар құру (М.Жанпейісованың «Сыни ойлау технологиясын» негізге алу);

– топ мүшелеріне тапсырмалар тарату;

– рессурстар таңдау, іріктеу.

IV-кезең. Жобаның орындау кезеңі:

– Мұғалім оқушылар жұмысын үйлестіру, кеңес беру;

– олардың іс-әрекетін көтермелеу, қолдау (Стивен Р.Ковидің «Жасампаз жандардың 7 дағдысы» атты еңбегіндегі Ұттым-ұттым принципін негізге алу [9].);



1 сурет. **Биология пәнінде «Жасушалық биология» тақырыбындағы мағлұматтарды бекітіп, әрі қарай дамытуға бағытталған жұмыс кезеңдері**

V-кезең. Сараптау кезеңі:

– Шығармашылық жеке топтармен ізденіс нәтижиелерін немесе жорамалдарын талдау, сараптау;

– жобаны алдын ала қорғау;

– әрі қарай зерттеуге бағыт беру (В.Ф.Шаталов «Тірек-сызбамен оқыту» принципін негізге алу [10].).

VI-кезең. Қорытындылау кезеңі:

– Жоба жұмысының нәтижиесін қорғау (өнім: презентация, постер);

– Мұғалім экспертизалық жұмысты ұйымдастырады. Мысалы эксперт ретінде жоғары сынып оқушыларын немесе ата-аналарды шақыруға болады.

VII-кезең. Бағалау (рефлексия).

– Мұғалім балалардың іс-әрекетін педагогикалық тұрғыда бағалайды;

балалардың ынтасын ескереді.

– Бағалау критерилері алдын ала таратылуы қажет.

Білім алушылардың эталон жауапқа талпынуы үшін, бағалау критерилері де топ мүшелерімен бірге жасалып талқылануы қажет.

Жеті кезеңнен тұратын зерттеу жұмыстарына арналған Жобаны орындау барысында білім алушылар:

– Білім алушылар алған білімдерін танымдық және практикалық міндеттерді шешуге пайдалана алады;

– Жеткіліксіз білімді әртүрлі ақпарат көздерінен өз бетінше оқып үйренеді;

1 Кесте

1 кесте. **Жобалық жұмысты бағалау критерилері**

Критерий	Дискриптор	Жетістік
Түсіну	Тапсырмаларда көрсетілген критерилерді орындай алмады	0
	Жоба тақырыбтан аутқу бар тапсырмаларды жартылай орындаған орындаған	1
	Жоба тақырыбқа сай тапсырмаларды түсініп орындаған	2
Талдау, сараптау	Жобаны дұрыс жоспарлай алмаған	0
	Жобаға нақты мақсат міндет құрастыра алған	1
	Жоба тақырыбының өзектілігі мен тиімділігін анықтай алған	2
	Жобаның практикалық маңыздылығын айқындай алуы	3
Жинақтау, бағалау	Тапсырмаларда көрсетілген критерилерді орындай алмады	0
	Ұсыныстардың ерекшелігімен мазмұндылығы	2
	Өнімді рәсімдеу сапасы	1
	Рессурстарды пайдалану ерекшелігі	3
	Жобаны қорғауда мазмұнын толық аша білу	5
	Сұрақтарға жауап беру шеберлілігі	4

– Ұжымда жұмыс істеп үйренеді;

– Зерттеу біліктерін (проблеманы анықтау, ақпарат жинау, бақылау, тәжірибе жүргізу, талдау, жорамал жасау, қорытындылау) меңгереді;

– Пәнге деген қызығушылығы артады.

Білім алушыны жобалауға үйрету іс-әрекетке баулу. Білім берудің іс-әрекеттік аспектісінің мәні неде дейтін боласақ, оқыту мазмұны проблеманы шешу іс әрекеті және әлеуметтік норманы меңгеруге бағытталған коммуникация іс-әрекеті болып табылады, яғни оқу үрдісі проблемалық міндеттерді шешу және өзара іс-қимыл үрдісін білдіреді. Оқытудың осы тәсілдемесі кезінде білім алушылар жұмысының негізгі элементі іс-әрекеті, әсіресе жаңа іс-әрекеттерді меңгеру болып табылады: оқу-зерттеу, ізденістік-конструкторлық, шығармашылық және т.б. [11, Б.68]. Бұл дегеніміз Жобалап оқыту аспектісі тікелей Дж. Дьюидің «Іс-әрекет арқылы оқу» тұжырымдасымен тығыз байланыста. Дж. Дьюи оқытудағы іс-әрекет ұстанымының негізгі қағидаттарын:

– Оқушылардың қызығушылықтарын есепке алу;

– Ой мен әрекет үйрену арқылы оқу;

– Таным және білім қиындықтарын жеңудің салдары;

– Еркін шығармашылық жұмыс және ынтымақтастық [12].

Осы тұста бастапқы іс әрекеттердің бірін орындаушы ұстаз рөлі келесідегідей жіктеледі (Сурет 2):

– Ұйымдастырушы (нақты өзекті мәселені ұсыну);

– Бағыттаушы (тапсырмалар орындаушымен уақыттарын белгілеу);
– Серіктес (өмірлік тәжірибемен байланыстыру арқылы ізденіс жүргізу);
– Синергетик (біте қайнасып жұмыс жүргізу);
– Консултант (жобалық жұмыстың нәтижесі өнімге жетуге кеңес беру);
– Білім алаңы (сұрақтарға нақты немесе сұраққа сұрақпен жауап беру);
– Тың идеялар сандығы (идеяларын топпен талқылап әрі қарай дамыту).



2 сурет. **Жобалап оқытудағы ұстаз рөлі**

Жобалық жұмыстың өнімінің нақты шығып білім алушылар портфолиесіне енуі үшін ұстаз жобаның нәтижелі орындалуына ықпал жасауы маңызды болып табылады. Дж.Дьюи анықтап бергендей іс-әрекет барысында шығармашылық пен ынтымақтастық селбесіп отыру қажет. Сонда ғана жобаға алынған мәселенің әрі қарай дамып шешулер мен мүмкіндіктер іздеумен жалғасады. Жобаны орындау мен болжауда іс-әрекет тұжырымдамасы үйлесімді жүреді. Іс-әрекет теориясын А.Н. Леонтев, Д.Б.Элконин, Л.С.Выготский, В.В. Давыдов сынды зерттеуші ғалымдар педагогика психологиялық тұрғыдан жүйелеп қалыптастырған [13;14].

Білім алушылар нақты мәселені шешу үшін зерттеу кезінде бірнеше рет теорияға ақпараттық рессурстарға үңіледі. Білім алушы жоба тапсырмаларын шынайы өмірмен байланыстыруға тырысады. Өз зерттеулерінде Л.С. Выготский өмірді шығармашылық жүйе ретінде көрсеткен. Ол «Біздің әрбір ойымыз, әрбір қимылымызбен сезінген нәрсеміз жаңа болмысты жасауға, қандай болмасын жаңа дүниеге, алға ұмтылу болып табылады». Ол үшін оқу процесі де шығармашылық сипатта болуы тиіс. Білім алушыны «шектеулі және теңестірілген, орнығып алған абстракциядан жаңасына, әлі басынан өткермеген нәрсеге» шақырып тұруы тиіс [15].

Австралия ғалымдары өз зерттеулерінде жобалауға негізделген оқытудың дәстүрлі әдістерінің (PBL) іс-әрекеті топырақ механикасының инженерлік курсын-

да оқушылардың білімін жетілдіре ала ма, жоқ па, деген сұрауға жауап іздеген. Оқулықтың бірнеше мәселесінен тұратын дәстүрлі тапсырмаға балама ретінде студенттерге бүкіл семестр бойы нақты геотехникалық мәселелермен жұмыс істей алатындай етіп 2015 жылы жобалық тапсырмаларды енгізеді. Студенттерге жоба бойынша тапсырманы немесе дәстүрлі тапсырманы орындауға болатындығын таңдау мүмкіндігі берілді, осылайша сәйкесінше «жоба» және «жоба емес» топтар құрады. Осы екі топтың академиялық үлгерімі студенттердің бағалары бойынша салыстырылды, ал студенттердің тәжірибесі бірқатар сұхбаттасулар арқылы бағаланды. Осы үш жылға созылған зерттеуде теориялық тұрғыдан екі топ айырмашылығы байқалмағанымен іскерлік жағынан жобалық топтың басымдығын байқаған [16].

Жобалық оқыту (PBL) студенттерге нақты әлем жобалары бойынша топтарда жұмыс істеуге мүмкіндік беру арқылы сыни ойлау мен проблемаларды шешу дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Алайда, оның тиімділігіне қарамастан, инженерлік сыныптарда PBL қолдану оны жобалау мен іске асырумен байланысты қиындықтарға байланысты шектеулер кездеседі [17].

Проблемалық және жобалық оқытудың (PBL) негізгі мақсаты және маңызды нәтижесі ретінде атап көрсетілсе де, студенттік жұмыстың түрлері мен формаларына қатысты аз ғана эмпирикалық дәлелдер келтіре отырып ғалымдар, Qatar университетіндегі инженерлік курстың төрт түрлі курстарында 23 жобалық топпен (116 студент) бақылаулар мен топтық сұхбаттардың эмпирикалық мәліметтеріне сүйене отырып зерттеген. PBL жағдайында студенттердің қатысуының төрт үлгісін анықтап, алғашқы екі құрылымның маңыздылығы – автономия және байланыс. Қалған екі көрсеткішке қатысты, атап айтқанда, қарым-қатынас және эмоционалды белсенділік, олар оң көрсеткіштілігімен сипатталған. Жобалық топтардағы студенттердің белсенділігіне әсер еткен үш факторанықталған:атапайтқандаPBLтүрлері және оның курс сипатына, студенттердің PBL-ге дейінгі тәжірибесі және команда динамикасы [18]. Зерттеулерді салыстыра келе барлық жағдайда оқушылардың білімі мен мұғалімнің рөліне қарай курсты толығымен құрылымдық өзгерістерге әкелетіндігі байқалды. Зерттеудің жалпы нәтижесі контексте дәріске негізделген режимнен PBL-ге ауысуды басқаруды қолдайды.

Ал,бізжасалғанжинақталғанжұмыстарды анализдеу барысында өз іс әрекетіне мән беріп өзін - өзі бағалауынан сенімділік пен рухы биіктейді. Жобалық әдісті қолдануда ұстазға қойылатын талапта ғалымдардың пікірлері әр түрлі. Мәселен оқушы өз әрекетінің нәтижесін көріп, өзінің қабілетін бағалау үшін В. Килпатриктің ойынша, оқу әрекеттері оқытушының қатысуынсыз орындалуы тиіс. Ал Д.Дьюидің пікірінше оқушының әрекеті мұғаліммен бірлескен әрекет болуы міндетті. Оқушының әрекетті аяғына дейін орындауына толық білімі жетпеуі мүмкін, ол үшін мұғалім әрекетті орындаудың алдында оқушының барлық ойлау әрекеті сатысынан өтуін қамтамасыз етуі тиіс деген болатын [19-20]. Жобалық оқыту әдісінің артықшылығына қарай, өз бетінше іздену және бірлесіп оқыту арқылы біз кәсіби білімді оқытудың тиімділігін арттыра аламыз және оқушылардың инновациялық ойлау қабілетін дамыту мен дамыту үшін жақсы негіз жасай аламыз [21]. Әлемдік еңбек нарығының мәселелері университет басшылығы дәстүрлі білім беру формаларын неғұрлым инновациялық және тиімді шешімдерге кеңейтуді талап етеді. Жобалық оқыту (PjBL) білім алуға және болашақ қызметкерлерге «жұмсақ» дағдыларды үйретудің тиімді әдістерінің бірі болып табылады [22].

Жобалап оқыту технологиясының негізгі – өз бетімен белсенді істер атқаратын шығармашылық топ мүшелерінің өзіндік ізденісіне, олардың өзін-өзі танытуына, танымдық-практикалық қабілеттерін жүзеге асыруына қажетті мүмкіндіктерден тұрады. Қорыта келгенде жобалап оқыту технологиясын кез келген сабаққа оқушының қызығушылығын арттыру мақсатында

[4] Söderqvist M. The Internationalisation and strategic planning of Higher Education Institutions. An analysis of Finnish EPS strategies, Helsinki School of Economics and Business Administration, HSE Print, 2007, 212 p.

[Elektronnyj resurs]: URL: https://aaltodoc.aalto.fi/bitstream/handle/123456789/10994/isbn9789524881739.pdf?sequence=1 (data obrashcheniya: 18.09.2020).

[5] Shumejko A.A. Internacionalizaciya i regionalizaciya vysshego obrazovaniya kak vazhnyj faktor razvitiya konkurentosposobnosti universiteta // Sovremennye problemy nauki i obrazovaniya. – 2015. – №6 [Elektronnyj resurs]: URL: http://www.science-education.ru/ru/article/view?id=23862 (data obrashcheniya: 18.09.2020).

[6] Aleksankov A. Internacionalizaciya vysshego obrazovaniya: vyzovy i realii: Tezisy. – Sankt-Peterburgskij obrazovatel'nyj forum – 2013 //Akkreditaciya v obrazovanii [Elektronnyj resurs]: URL: https://akvobr.ru/internacionalizacia_vysshego_ obrazovania.html (data obrashcheniya: 04.09.2020).

[7] Knight, J. (2015). Updated Definition of Internationalization. International Higher Education, (33). DOI: https://doi.org/10.6017/ihe.2003.33.7391 [Elektronnyj resurs]: URL: https://ejournals.bc.edu/index.php/ihe/article/view/7391 (data obrashcheniya: 18.09.2020).

[8] Kopus' T.L. Praktiki internacionalizacii uchebnyh disciplin // Sovremennye problemy nauki i obrazovaniya. – 2019. – №6 [Elektronnyj resurs]: URL: http://www.science-education.ru/ru/article/view?id=29276 (data obrashcheniya: 18.09.2020).

[9] Sovremennye problemy i perspektivy internacionalizacii intellektual'nyh resursov Rossii (vyzovy, strategii, modeli, interesy nacional'nogo, regional'nogo i otraslevogo razvitiya): kollektivnaya monografiya /Pod red. A.R.Grosheva, S.O.Kramarova, V.M.Kruglova, N.V.Pelihova. – Moskva: RIOR, 2019. – 287 s. (Mezhdunarodnaya deyatel'nost'). DOI: https://doi.org/10.29039/02021-0 (data obrashcheniya: 18.09.2020).

[10] Internationalization in Kazakhstan universities: learning from the regions. Project: Assessing Internationalization Strategies at Kazakhstan universities – British Council, 2018. – 72 p. [Elektronnyj resurs]: URL: https://www.britishcouncil.kz/sites/default/files/_booklet_ 222h304_pravka_2108_.pdf (data obrashcheniya: 18.09.2020).

[11] Nurligenova Z.N., Sagatova A.S. Internacionalizaciya vysshego obrazovaniya Respubliki Kazahstan kak faktor konkurentosposobnsti //Innovacionnye tekhnologii v nauke i obrazovanii: Sbornik statej XIII Mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoj konferencii. – Penza, 05.10.2019. – Penza: Nauka i prosveshchenie (IP Gulyaev G.Yu.), 2019. – S.58-60 [Elektronnyj resurs]: URL: https://www.elibrary.ru/download/elibrary_ 41107833_85968758.pdf (data obrashcheniya: 18.09.2020).

[12] Progressivnye modeli luchshih praktik internacionalizacii vysshego obrazovaniya v Kazahstane: Opisanie proekta. – Nazarbayev University. Graduate School of Education [Elektronnyj resurs]: URL: https://gse.nu.edu.kz/ru/progressivnye-modeli-luchshih-praktik-internalizatsii-vysshego-obrazovaniya-v-kazahstane.html (data obrashcheniya: 18.09.2020).

[13] Strategiya internacionalizacii vysshego obrazovaniya v Respublike Kazahstan do 2025 goda. – Nur-Sultan: CBPiAM MON RK, 2019. – 33 s. [Elektronnyj resurs]: URL: https://drive.google.com/file/d/19ymnPapZPgwwHCSeOmh_KrfU3_ouV7y_/view (data obrashcheniya: 18.09.2020).

[14] Metodicheskie rekomendacii po realizacii strategii internacionalizacii. – Astana: Centr Bolonskogo processa i akademicheskoj mobil'nosti MON RK, 2018. – 43 s. [Elektronnyj resurs]: URL: https://enic-kazakhstan.kz/uploads/additional_files_items/53/ file/realizaciya-strategii-internacionalizacii.pdf?cache=1574332976 (data obrashcheniya: 18.09.2020).

[15] Krasnoshchekov V.V. Internacionalizaciya vuza kak faktor povysheniya kachestva vypusknika // Fundamental'nye issledovaniya. – 2014. – №6-5. – S.1045-1048 [Elektronnyj resurs]: URL: http://www.fundamental-research.ru/ru/article/view?id=34289 (data obrashcheniya: 20.09.2020).

[16] Kvalifikacii vypusknikov kazahstanskih vuzov budut priznany za rubezhom: Press-reliz, 17.09.2020. – MON RK: Press-sluzhba [Setevoe izdanie]: URL: https://www.zakon.kz/5040326-za-rubezhom-budut-priznany.html (data obrashcheniya: 18.09.2020).

Жаһандық уақыт сұранысы жағдайында университеттерді интернационалдандыру теориясы мен практикасы

А.Н.Кошербаева[1], С.Т.Исалиева[1], Г.А.Мусабекова[2]
[1]Абай атындағы ҚазҰПУ (Алматы, Қазақстан),
[2]ҚР ББжҒМ Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығы (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)

Аңдатпа

Мақалада Қазақстанның әлемдік білім беру ортасына интеграциялану мәселелер және жаһанданудың негізгі тенденцияларының бірі – білім беруді интернационалдандыру туралы қарастырылады. Білім мен ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес шетелдік студенттерге білім беру қызметін көрсететін ЖОО-ға талдау жүргізіліп, шетелдік университеттерге критерийлер және Қазақстандық ЖОО-ның тізілімдері жасалады. Факторлар мен жаһандық тенденцияларға шолу, негізгі елдік тәсілдер мен тұжырымдамалар, Стратегия мен Интернационалдандырудың жол картасы келтірілген, олардың арасындағы айырмашылық аталған және білімнің қажетті сапасына ие Қазақстанның бәсекеге қабілетті артықшылықтары, сондай-ақ интернационализация процесінің күрделілігі мен динамикасы көрсетілген. «Жаһандық уақыт сұранысы жағдайында университеттерді интернационалдандыру теориясы мен практикасы» жобасының негізгі мазмұны ұсынылған, онда осы саладағы барлық мүмкін қызмет салалары қамтылған.

Түйін сөздер: интернационалдандыру, жоғары білім беру, жобалық қызмет, шетелдік білім алушылар, білім беру ортасы.

Theory and practice of internationalization of universities in the context of global challenges of the time

A.Kosherbayeva[1], S.Issaliyeva[1], G.Mussabekova[2]
[1]Abai University (Almaty, Kazakhstan)
[2]Bologna Process Center and academic mobility MES RK (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Abstract

The article discusses the problems of integration of Kazakhstan into the world educational environment and one of the main trends of globalization – the internationalization of education. In accordance with the State Program for the Development of Education and Science, an analysis of universities that provide educational services to foreign students is carried out, criteria for foreign universities and the Register of Kazakhstan' universities are created. An overview of the factors and global trends, the main country approaches and concepts, the Strategy and the Internationalization Roadmap is given, the difference between them is indicated and the competitive advantages of Kazakhstan, which has the necessary quality of education, as well as the complexity and dynamism of the internationalization process, are shown. The following is the main content of the project "Theory and practice of internationalization of universities in he context of global challenges of the time", which covers all possible areas of activity in this area.

Key words: internationalization, higher education, project activity, international students, education environment.

Поступила в редакцию 17.07.2020.

МРНТИ 14.01.01

Р.К.КЕРИМБАЕВА[1], Г.С.ИМАМБЕКОВА[1], Қ.А.САЙЛЫБАЕВА[1]

[1]М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті
(Тараз, Қазақстан)

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗІНДЕГІ «ТОЛЫҚ АДАМ» БЕЙНЕСІ

Аңдатпа

Мақала Абай шығармаларындағы «Толық адам» ілімінің қалыптасуын психологиялық тұрғыда зерттеуге арналады. Абайдың еңбектерінің философиялық-психологиялық негізіндегі «Толық адам» концепсиясы теориялық талдау, саралау, салыстыру, жіктеу, жүйелеу әдістері арқылы жүргізілді. Ақынның адамның тұлғалық құнды сапаларын дамыту арқылы ақылды, білімді биік деңгейге көтеру, «адам» болып өмір сүру, халыққа, қоғамға пайдаңды тигізу, адамды құрметтеу, адам мен табиғат тұтастығын сақтау туралы ой–тұжырымдары сараланды. Абай еңбектеріндегі сана, ақыл-ой, мінез-құлық, сезім, көңіл-күй сияқты психологияның қарасытатын мәселелері тәлім-тәрбиелік бағытта берілуінің қоғамдық-тарихи мәні ашылады.

Зерттеу нәтижесі бүгінгі жас ұрпаққа ұлттық құндылықтарды дәріптеу, оларды оқыту және тәрбиелеуде, рухани жаңғыруда, Абай ілімінің негізгі принциптерін қолдануды ұсынады. Абай идеясының «Толық адам» концепциясы, өмірдің барлық саласында, мемлекетті басқару мен білім беру жүйесі, әлеуметтік-қоғам мен отбасы институты, тіпті әрбір адамның өмірлік ұстанымына айналдырудың практикалық маңыздылығы айқындалды.

Түйін сөздер: «Толық адам», «кемел адам», «адам болу», ілім, ухани жаңғыру.

Кіріспе. Бүгінгі таңда жаһандану заманы сағат санап өзеріп, үздіксіз даму үстінде. Дамыған өркениетті елдер қатарына қосылу үшін, заманауи өзгерістер мен технологияларға ілесе алырлықтай қауһарлы болу қоғам талабы. Ал өркениетті қоғам дегеніміз – материалдық игіліктері рухани құндылықтармен бір арнада тоғысып, адами қадір-қасиеттерді алғашқы орынға қоятын қоғам.

Осы тұрғыда адами капиталды қалыптастыру мен дамыту негізі ретінде, тағылымы мол асыл мұра қалдырған ойшыл Абайдың «Толық адам» ілімін зерттеу мақсатын қойдық. Абайдың ардақты ілімі, теңдесі жоқ «Адам болу» қағидасынан бастау алып, халқымызды рухани тазару жолы екендігіне көз жеткізу үшін зерттеу жүргіздік.

Жастайынан үш рухани бұлақтан нәр алып өскен Абай, ана сүтімен халқымыздың ұшан-теңіз ауыз әдебиетімен сусындап, орыс ойшылдарының туындыларымен танысып, батыстың тың философиясын оқып, адамдықтың шыңы болар «толық адам» концепциясын жасап шығарды. Мұндағы толық адам анықтамасы – ақылды, ой-парасаты биік, халқын қадірлейтін адам.

Осы тұрғыда ақынның шығармаларын тереңінен зерттеу арқылы санаға сіңдіріп, философиялық ой-тұжырымдарын ақылмен зерделеуді өмір сүру салтымызға айналдырсақ, Абай айтқан «толық адамға» айналып, рухани жаңғырған, жан-жақты бәсекеге қабілетті Қазақстанның жаңа тұғырға шығуына ықпал етер еді. Абайдың еңбектерінің психологиялық маңызына талдау жасай отырып, «толық адам» бейнесін анықтау, жас ұрпақты тәрбиелеуде рухани жаңғыру негізі ретінде қолданудың ғылыми маңызы зор.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында атап өткеніндей Абайдың «Толық адам» ілімі – халқымыздың рухани тазару жолындағы теңдесі жоқ құрал»-деді [1].

Негізгі бөлім. Кеңес дәуірінде дініміз бен ана тіліміздің құлдырауы, халқымыздың ұлттық болмысы мен мінез-құлқы, санада рухани құндылықтардың жоғалып кету салдарына әкелгені мәлім. Бүгінгі таңда халқымыздың рухани қазынасын қайта жаңғырту, бұлжытпай сақтау дәрежесіне көтеру – баршамызға ортақ мақсат. Бұл мәселенің шешімін іздеуде, осыдан екі ғасыр бұрынғы бабалар мұрасын ғылыми тұрғыда зерттеп, теориялық талдау жасай отырып, «кемел адам» ілімін жазған Абайдың еңбегін сараладық.

«Толық адам» деген сөз ағылшын тіліндегі «A man of integrity» түсінігімен сәйкес келеді екен. Бұл – ақылды, қайратты, ізгілікке ұмтылатын адамдарға ғана тән сипаттама. Бүгінде философия мен психология ғылымында үлкен мән беріліп отырған осы ұғымға ойшыл Абай өз дәуірінде «толық адам» деген атау беріп, оны – еліне қызмет етуші, еңбексүйгіш, ойлы, жігерлі, қажырлы, парасатты, терең білімді, жүрегі нұрлы, мейірімді адам деп түсіндірген.

Адамзатқа ортақ «толық адам» тәрбиелеуді мақсат еткен Абай ілімі – бүгінгі рухани жұтаған қоғам үшін теңдесіз қымбат қазына. Халықтың түбегейлі мүддесін, арман-тілектерін ойшылдық деңгейге көтеріп, көркемдік қуатпен бейнелеуі – ұлы Абайдың философиялық тұлғасы.

Абайды «ойшыл» ақын, парасат падишасы дейміз. Себебі, ақынның өмір құбылыстарын терең толғап айту қасиеті, адамдардың ішкі тұлғалық болмысын суреттеуі, оның бүгінгі заманмен астасуы, ерекше көрегенділіктің белгісі. Оған дәлел, Абайдың өмір, адам тағдыры, дүние, заман ағымы жайлы пікірлері, дүниетанымдық өлеңдері мен қара сөздері. Қазақ халқының ұлттық санасының оянуы, рухани қайта жаңғыруы, қоғамның озық күштерінің өркениеттілікке ұмтылысы мен әлеуметтік әділдіктің орнауы Абай есімімен тікелей байланысты.

Ақынның шығармалары өзі өмір сүрген тұтас бір тарихи кезеңді жан-жақты, барынша толық бейнелеп береді. Сол дәуірдегі қоғамдық өмір салтының, ой-сана, ұғым-түсініктердің қаншама ғасырлар бойы қалыптасқанын, түп-тамырын тереңнен алатынын ескерсек, Абай поэзиясы қоғамның қалыптасып дамуындағы ерекше елеулі кезеңді, халықтың тағдырын, ұлттық мінез-құлқын, тарихи тұрғыдан сипаттайды.

Қаншама дәуірлер алмасып, уақыт өтседе, қоғам өміріндегі әділдік, бірлік, достық, еңбексүйгіштік, талаптылық, адалдық сынды адамгершілік, моральдық құндылықтар, озбырлық, жауыздық, екіжүзділік секілді сан түрлі мінез-құлық дерттері толассыз болатын – заман шындығы. Ал ақынның поэзиясы кейінгі дәуірлердің, оның ішінде бүгінгі замандағы өмір шындығын танып-білуге себін тигізеді. Олай болса, Абайдың еңбектері сол кезеңнің ғана емес, өскелең ұрпақ үшін тарихи маңызды, қоғамдық ой-санаға ықпалы мол асыл мұра.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің халыққа жолдауында: «...Біз қазақ халқының сан ғасырлық дәстүрін, тілі мен мәдениетін сақтап, түлете береміз...» – дейді [2].

Осындай міндеті жүзеге асыруда ұлы тұлғалардың өнегелі өмірі мен тағылымы мол мұрасы арқылы жас ұрпақты тәрбиелеу, ұлттық коды қалыптасқан тұлғаны дамыту қажет. Абай шығармаларының негізгі идеясы, адамзат пен оның ақыл-ойы. Ақынның еңбектерінің алтын қазығы – Адам. Абай өзінің саналы ғұмырын нағыз адам, толық адам, кәміл адам тұлғасын зерттеуге арнаған.

Абайдың шығармаларында адам жаратылысы һәм, оның жан сыры жайындағы терең философиялық, психологиялық ой толғаулары таным теориясының негізін құрайды. Ол өзіне дейінгі өмір сүрген Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Қ.Яссауи және Ж.Румидің кемел адам жайлы ой-пікірлерін талдап, салмақты тұжырымдар жасады. VIII-IX ғасырда ғұмыр кешкен Әл-Фараби ұсынған моральдық-этикалық ілім

негізіне, түркі халықтарының мінез-құлық, ой-сезімдерін, сергіту идеясы мен парасатты адам (инани фазыл) туралы танымы жатады. Әл-Фараби өзінің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» атты философиялық трактатында «Қайрат», «Ақыл» және «Жүрек» сияқты ұғымдарға түсінік бере келіп: «Жүрек – басты мүше, мұны тәннің ешқандай басқа мүшесі билемейді. Бұдан кейін ми келеді. Бұл да басты мүше, бірақ мұның үстемдігі бірінші емес» [3], – дейді.

Әл-Фараби түркі әлемінде өз философиясының негізі жүрекке баса мән беруі, Абай негізін қалаған «толық адам» ілімінің түп төркінін білдіретін құнды дерек көздеріне жатады. Әл-Фарабидің осы философиялық тұжырымы Абайдың «Он жетінші» қара сөзінде логикалық жалғасын тапқан. Ғақлияшы осы сөзінде «Қайрат», «Ақыл» және «Жүрек» үшеуі әрқайсысы өзін мықты санап, айтысып, таласып, соңында «ғылымға» келіп жүгінеді. Сонда ғылым бұл үшеуінің сөзін тыңдай келе: – Сен үшеуіңнің басыңды қоспақ – менің ісім, – депті. Бірақ билеуші, әмірші жүрек болса жарайды. Ақыл, сенің қырың көп, жүрек сенің ол көп қырыңа жүрмейді: жақсылық айтқанына жаны – діні құмар болады. Көнбек түгіл қуанады. Жаманшылық айтқаныңа ермейді. Ермек түгіл жиреніп, үйден қуып шығарады. Қайрат, сенің қаруың көп, күшің мол, сенің де еркіңе жібермейді. Орынды іске күшіңді аятпайды. Орынсыз жерге қолыңды босатпайды. Осы үшеуің басыңды қос, бәрін жүрекке билет, – депті. Осы үшеуің бір кісідей менің айтқанымдай табыссаңдар, табанының топырағы көзге сүртерлік қасиетті адам сол. Үшеуің ала болсаң, мен «Жүректі» жақтадым. Құдайшылық сонда, қалпыңды сақта, құдай тағала қалпыңа әрдайым қарайды» – деген қорытындыға келеді[4].

Мұнда қазіргі таңда психология ғылымының қарқынды зерттеу нысанына айналып отырған «эмоционалды интеллект» феноменін байқай аламыз. Осы мәселені анағұрлым терең зерттеген ғалымдардың бірі Г.Доулманның пікірінше: «эмоциялық интеллект – тұлғаға өзін-өзі сезінуге, түрткілендіруге, көңіл-күйін басқаруға, импульстік көріністерді бақылауға, фрустрациядан бекіну, күнделікті өмірде табыстарға қол жеткізуге мүмкіндік беретін факторлар жиынтығы[5].

Яғни психологиялық процестердің бірі – ерік-жігермен астарлас болған «қайратты», сол секілді ой-қиялмен мағыналас болған «ақылды» адам бойындағы эмоцияның қайнар көзі болған «жүрекке» басқартқанда адамның ішкі әлемімен қоса тұлға аралық әрекеттесуінде де үйлесімділік орнайтынын заманынан оза туған ойшыл ақын болжай білген.

Ұлы ақын шығармадарында психология ғылымының негізі – жан мен тәннің байланасы, адамның тұлғалық дамуына тәрбие мен білімнің әсері, баланың ішкі болмысы, әлеуметтік, ұлттық психология ғылымының өзекті мәселелері ерекше көрініс береді. Нақтырақ айтсақ, психология ілімі адамның ішкі дүние сырларына тереңінен бойлататын барлық тіршілігінің ілкі бастауы. Демек, адам тек өзін, өзінің ішкі сезімдері мен ойларын өз ырқына бағындырып қана қоймай, қоршаған айналасын ақыл ойы мен парасатына сүйене отырып өз қалауынша өзгертуге қауқарлы. Мұндағы жетекші идея – психология ғылымының адамтану пәндері арасындағы сабақтастықты көрсетеді. Осындай тұжырымды М.Әуезовтің мына пікірі толықтырады: «Абай сөзінің негізін адамгершілікке тірейді. Барлық өсиет ой-толғау еңбектерінің қорытындысы тағы да адамгершілік тәрбие екенін танытады»[6].

Абай адам бойындағы адамгершілік, ізгілік пен әділдік сезімдерін барлық поэзиялық туындылары мен қара сөздерінің негізгі моральдық принципі ретінде сипаттаған. Ақын «Әсемпаз болма әрнеге» өлеңінде:

Қайрат пен ақыл жол табар,
Қашқанға да, қуғанға.
Әділет, шапқат кімде бар,
Сол жарасар туғанға.

Бастапқы екеу соңғысыз,
Біте қалса қазаққа,
Алдың – жалын, артың – мұз,
Болар едің қай жаққа? – дей келе, әділеттілік пен мейірбандық жоқ болса, асқан ақыл мен құрыш қайрат та, адам баласын жақсылыққа жеткізе алмайды деп ой түйеді.

Абай өзінің өлең-жырларында ғылым мен білімді қатар қосқан адам ақылды, саналы болады деп, ерекше бағалаған. Ақыл – қайсібір нәрсеге болмасын мизан (таразы), ғаламның ғажайып қырларымен ашылмаған сырларын танып білуде біліммен қанықкан ақылдың мүмкіндігі мол деп санайды. Ақынның пайымдауынша «нағыз адамды» ақыл, білім, білік, ғылымға құштарлық қасиеттері қалыптастырады.

Ойшыл ақын өз шығармаларында ой мен сезімді бір-біріне қарама қарсы мағынада емес, бірін-бірі толықтыратын қос ұғым ретінде келтіреді.

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боларсың елден бөлек.
Жеке-жеке біреуі жатыртпайды,
Жол да жоқ жарыместі жақсы демек.

Бұл өлең шумақтарынан біз бүгінгі таңда үлкен сұранысқа ие болып отырған позитивті психологияның «Әр күніңді, әр сәтіңді сергек сезіне отырып, саналы өмір сүр», «Ақыл-ойың мен сезімдеріңді тең ұста» секілді жетекші идеяларын байқай аламыз.

Кемеңгер ақын адам жүрек пен сананы тең ұстағанда, оның өміріне үйлесімділік орнап кемел адамға айналатындығын айтады. Мұндағы кемел адам деп отырғанымыз – араб тілінде, «инсан-и камил» – толық адам.

Тамырын тарихтың терең қатпарларынан алған бай қазақ әдебиетінде ізгілік идеясына сүйенген кемел адам (инсан-и камил) туралы ой алыптарынан қалған рухани мұралар желісінің іздері:

1) Алып Ер Тоңаның «Ақи немесе жомарттық» ілімі (б.з.д.VII ғасыр),

2) Әл-Фарабидің «парасатты адам» ілімі (X ғасыр),

3) Жүсіп Баласағұнидің «жәуанмәртілік» ілімі (XI ғасыр),

4) Ясауидің «хәл» ілімі (XII-XIII ғасыр),

5) Абайдың «толық адам» ілімі (XIX ғасыр соңы),

6) Шәкәрімнің «ар» ғылымы (XX ғасыр басында).

Осынау терең философиялық мәнмағына мен даналық ойларға толы теңдесіз ізгіліктің өзекті ғылыми негізін қамтыған бабаларымыз көреген болған. Бүгінгі таңда асыл қазыналар халқымыздың рухани жаңғыру жолында жаңа заман адамдарын тәрбиелеуде маңызы зор.

Абай отыз жасында өз ұлтының рухани құндылықтарын жетік меңгеріп, Шығыс әлемінің әдебиетімен де қанықкан еді. Бұл екі алтын бұлақ ойшыл ақынның дүниетанымын орнықты қалыптастырды. Үшінші бұлақ көзі орыс әдебиеті арқылы жеткен батыс ағартушыларының туындылары болды. Жан-жақты шет ел әдебиеттеріне қанығып өскен Абайдың отыз сегізінші ғақлиясында атап көрсеткен «толық адам» ілімі өзіндік жеке жүйесі бар дербес таным. Толық адам ілімі ұзақ уақытты ізденіс пен зерттеулер нәтижесінде, төрт бөліктен құралғаны анықталды:

1) Жүрек кілті;
2) хауас;
3) жәуәнмәртілік;
4) иманигүл деп аталатын терең ғылыми мәні бар ой танымы [7].

Ұлы Абай сарқылмас рухани мол мұрасының шарықтау шыңы – «толық адам» ілімі екені анық. Ал ақынның бұл ілімді жасауына түрткі болған дүние, ол отаршыл патша үкіметінің қазақ халқын біртұтас етіп ұстап тұрған, ұлттық құндылықтарымыз бен қадір-қасиеттерімізді жою арқылы ел билеу саясаты еді.

Батыс Сібір генерал-губернаторы М.Сперанский сияқты озбыр саясаткерлер «қазақ даласында өсетін сексеуіл деген ағашты балталасаң да сынбайды, оны тек өзіне-өзін ұрып қана сындыруға болады екен» [8] деп, осы әдісті қолдануы себебінен бұрынғы рухани тұтас халықтың арасына іріткі түсіп, алауызданып, мінез-құлқы бұзылған, бәлекөр, арызқой, тобырға айналды. Осы жағдайды тереңінен түсіне

білген қайраткер ақын қарапайым халықты мұндай індеттен сақтап қалудың бірден бір жолы, осынау албырт кезеңде ұлт өзегін берік сақтайтын «толық адам» ілімін жасауы еді.

Абайдың «толық адам» туралы концепциясының түп төркіні «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінен бастау алады. Бұл өлең жыл өткен сайын өзінің философиялық, психологиялық, педагогикалық мән-мағынасын арттырып, қырлана түспесе, құнын жоғалтқан емес. Мұндағы «егер дүние бейне жүзік болса, онда адам оның бетіндегі гауһар» идеясы – гуманистік психологияның ең асылы, ең ардақты саналатыны «Адам». Сол адамның бойындағы болатын мінез-құлықтың ең басты сипаты неден тұрады? – деген сұраққа, әр заман ойшылдары өздері өмір сүрген дәуір талабына орай жауап бермекке ұмтылған. Исламият әлемінде, әсіресе, Түркістан өлкесінде бұл өзекті мәселеге Әл Фараби бастаған XI ғасырдағы Жүсіп Қас Хаджиб, XII-XIII ғасырлардағы Ясауи, Ш.Табризи (Тарази), Ж.Руми жалғастырған жәуанмәртлік, хал ілімі, камили инсани жайындағы тың идеяларымен, ой-толғаныстарымен жаңа дем берген болса, ал XIX ғасырдың екінші жартысында Абай бұл мәселеге ерекше назар аударып, өзіне дейінгі ойшылдар дәстүрін өзіндік дүниетанымдық тұжырыммен қорытады.

Абай адам болу хақысында «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде көп нәрсені жүйелей қамтып, толық адамға айналу формуласын дәл сипаттайты. М.Әуезов Абайдың бұл өлеңін мән-мағынаға толы, қорытынды ой түюге көмектесетін бағдарламалық өлең деп жоғары бағалайды [9].

Абай өлең жолдарында жазылған «адам болудың» шарты замана көшін бір жарым ғасыр ілгерілетсе де өз құндылығын жоғалтар емес. Себебі, біз әлі күнге дейін өсек пен өтірікке құмартып, оған мақтанымызды қоса айтып, іс бастауға кегенде ерініп, арзан ойын-күлкіге беріліп, жиған малды бекер шашып жүрген сүреңсіз өмір салтынан арыла алар емеспіз. Әрине, ойын тереңге бойлатып, таудай талап қойып, ерте еңбектеніп, қанағат пен рақымды да ойлай жүретін ойлыларымыз аз емес. Дегенмен, тұлғамызды ұлы Абай атаған бес дұшпаннан қашық, бес асылға асық етіп тәрбилесек, адамдықтың негізін қалыптастыратынымыз анық.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында XXI ғасырда қоғамдық сананы қайта қалыптастырып, рухани жаңғыруды заман талабына сай бейімдеу арқылы халыққа жаңа серпін беру жолын айтады. Әрбір адамның өз бойындағы мінмен алысып, Абай көрсеткен, ізгілік қасиеттерді, асыл құндылықтарды жинай отырып, қазіргі заман ағымына икемдеп, жаһандану дәуірінің белесіне шығар көшбасшы болатындығымыз айтылған [10].

Абай өлеңдерінің психологиялық мәні ақынның жетінші қара сөзінде сипатталып «жанның тамағы» – деген философиялық мағынадағы ұғыммен астасып жатыр. Абай түсінігіндегі «жанның тамағы» дегеніміз – жанның қуаты арқылы толығатын рухани байлық негізі, өзегі болып отыр. Себебі, Абай: «...Құмарланып жиған қазынамызды көбейтсек керек, бұл жанның тамағы еді», – деп көрсетуі арқылы жас ұрпақ, өзінің саналы өмірін, дүниетанымын қалыптастыру жолында жанын пайдалы тамақпен сусындауға бет бұрса ғана, толық адам жолына түседі деген. Яғни Абай танымы толық адамдық қаситетті баланың жас кезінен сіңіру керектігі идеясын меңзейді.

Адамзатты адамдыққа жетелейтін Абай еңбектері, бүгінгі таңда ел арасында нақылға айналған «Атаңның баласы болма, адамның баласы бол», «Атымды Адам қойған соң қайтып надан болайын», «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп...», «Адамды сүй, Алланың хикметін сез, не қызық бар өмірде одан басқа» –деген өлең – жырларының тармақтары бар. Абайдың «адам бол, адамды сүй, адам болып қал»-деген ой-пікірлерінің негізі, бүгінгі таңдағы гуманистік педагогика ғылымында кеңінен қолданылып жүрген ұстанымдарға жатады. Осы тұрғыда, жас ұрпақты тәрбиелеуде ең алдымен, оларды адамды сүюге баулудан басталуы керек деген тұжырымнан шығады. Абай үшін дүниенің

басты құндылығы – адам, жәй ғана адам емес, рухани тұрғыда, кемелденген толық адам. Адамзат өркениетіндегі барлық игі қасиеттер: дін, иман, ғылым, білім, тәрбие, әдеп, өнер, құқық, іскерлік, тапқырлық, қайраткерлік, азаматтық, жомарттық, әділеттік т.б. сапаларды бойын жетілдіре білген, дамыған адам – Абай ұсынған «толық адам» концепциясы.

Осындай тұжырымның Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Интеллектуалды ұлт – 2020» ұлттық жобасының «адами капитал» идеясымен өзектесе құрылуы, жас өркеннің осынау терең тағылымды ілімінің мәңгілік екендігін көрсетеді [11].

Адам өмірі біртұтастық түрлі қарым-қатынастардан құралады, осыз адам қоғамнан бөлініп қалады. Адам қоғамның бір бөлшегі, құрамдас бөлігі, құрастырушы, құрылысшысы деп қарастырады. Аайдың отыз жетінші қара сөзінде «Дүниеде жалғыз қалған адам – адамның өлгені. Қапашылықтың бәрі соның басында дейді».

Бұл неміс философы Гетенің «Адам жалғыздықта өмір сүре алмайды, оләлеуметке мұқтаж» деген даналық нақылымен үндесіп жатыр. Бригам Янг университетінің (Юта штаты, АҚШ) психологтар бірлестігінің зерттеу нәтижелері бойынша жалғыздықта өмір сүретін адам көптеген ауруларға бейім келеді екен. Олардың қатарындағы ең жиі ұшырасатыны депрессия мен психикалық бұзылыстар көрінеді. Яғни Абай айтқан «қапашылық» осы дерттерге, жан күйзелістеріне апарып соқтырса керек.

Абай поэзиясындағы психологизм, әр түрлі адамдардың мінез-құлқын, жан-дүниесін, қандай жағдайда, қандай әрекет ететіні ашып көрсету шеберлігімен ерекшеленеді. Мысалы «Бөтен елде бар болса», «Сабырсыз, арсыз, еріншек» секілді өлеңдерін атауға болады. Қиын-қыстау жағдайда жалтарғыш, «бір сөз үшін жау болып, бір күн үшін дос болып» қырық құбылып жүретін адамдардың мінезін, іс-әрекетін ақын дөп басып, надан адам бейнесінде сипаттайды.

Абай шығармаларында қазақ әкімдерінің, ел билеушілерінің бейнесін көрсетуде де мысқылшыл, сатирик ақын, психолог-суреткер ретінде танылады. Мысалы, «Болыс болдым мінекей» өлеңінде ақын сол уақыттағы қазақ қоғамында белең ала бастаған мансапқорлық психологиясы ашық, әрі айқын суреттелген. Билікке ұмтылу, жақсы өмірге құштарлық, адамның бойындағы жағымсыз қасиет ретінде бейнеленген. Дегенмен де, бұл қасиет ақыл-санаға бойұсынуы тиіс, себебі ақыл адамның мінезі мен іс-әрекетін басқарушы күш.

Ал адамның билікке деген құштарлығын ақылға бағындырғанда, онда жауапкершілік сезімі күшейеді. Ал жауапкершілік сезімі адамнан көркем мінезді, адалдықты, шынайы білім мен іскерлікті қажет ететін болғандықтан осының барлығын ескеріп, бойына жиған адам ғана қоғамда тура басшылық жүргізе алады.

Осы негізде жоғарыда айтылған асыл қасиеттерді бойына терең сіңіріп, өзін уақыттың талабына икемдей алатын адам, қоғамды алға жетелеуші тұлғаға айналмақ. Ал сол кезеңде болыстық билік үшін барын салып, жанын салып, таласып, мінез дертіне шалдыққан қазаққа Абайдың ұсынған рухани емі - «толық адам» ілімі еді. Осындай рухани ілімі арқылы әр қазақтың бойын ізгілік тұрғысынан жаңғырту, іс-әрекетті ар таразысына салуға ұмтылған Абайды, өз заманында қалың көпшілік түсіне қоймады.

Ақынның жиырма бірінші қара сөзінде адамның мақтан деген қасиетін толық адам сипатына келмейтін көрініс ретінде талдайды. Мұнда Абай адамның мақтангершілік қасиетінен аман болуы өте қиын іс екендігі, бөтен адамдарға мақтанғандық ләкин нағыз надандық дейді. Ал екінші адамдар өз елінің, жұрттың ішінде мақтан іздейді, ол толық адамға лайық емес, надан дейді. Ал үшіншісі өз үйіне, немесе ауылына келіп айтпаса, өзге адамдар қостамайтын мақтанды іздейді дейді, ол наданның наданы.

Абай адам бойындағы қасиеттерді ұғынықты тілмен көркем талдай отырып, ұлттық болмыс пен ұлттық мінез де, сапалық қасиеттер арқылы көрініс табатындығын түсіндірген. Қырық төртінші қара сөзінде «адам баласы я талапты, я талапсыз болсын,

әйтеуір «бәрекелдіні» керек қылмайтұғыны болмайды. Әрнешік, орынсыз ба, орынды ма, «бәрекелді» деушіні көңіл іздеп тұрады» деп адам баласының әлсіз тұсын баса көрсетеді. Бұл қара сөзінде Абай қазақ халқының бойына сіңген даңдайлық, мақтаншақтық, мақтан сүйгіштік сезімі адами құндылықтардың ең төменгі дәрежесі, ол адамды толық адам сипатына әкелмейтіндігі айтылған.

Расымен-ақ, Абай шығармаларынан адам бойынан тұлғалық келбеттің сан түрлі үлгілерін, байқаймыз. Олай дейтініміз, ақын өз заманы, қоршаған ортасы арқылы адам болудың, адамша өмір сүрудің жолдары мен бағытын көрсетеді. Әр өлеңінде адами болмыстың сыры, әр қырынан танылады. Ол адамдықтың басты қасиеті – адамгершілік екенін жиі айтады, оның дүниетанымында ізгілік, парасаттылық мәселесі негізгі орынды алады. Абай – адамның өзін-өзі танып білуін, ашылып түсінуін, өмірдегі орны мен деңгейін дұрыс бағалайтын, әрекет-қимылдарын сын тұрғысынан саралай алатын қабілетін адамгершіліктің түпнұсқасына балайды.

Оған дәлел ретінде «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» өлеңін келтіруге болады. «Интернатта оқып жүр» деген өлеңінде ақын қазақ жастарының жоғары шенге ұмтылатынын, жан байыту қаперіне кірмейтінін ашына сынайды. Ақын тілегі бүгінгі жас сараңдықтан, дүние қоңыздықтан сақтанып, білім теріп өз еліне адал көңілмен қызмет етсе, деген арманынмен ұштасады.

Түп нұсқасында, адам мінезінің жақсыға да жаманға да тез үйренетінін ақын ерекше ескерте келе, адам бойындағы сапалық қасиеттердің ең биігінде тұратын – ар мен намыс, деп баға береді. Осы ойды негіздей келе Абай өзінің отыз сегізінші қара сөзінде «Мал, мақтан, ғиззат-құрмет адамды өзі іздеп тапса, адамдықты бұзбайды һәм көрік болады. Егер де адам өзі оларға табынып іздесе, тапса да таппаса да адамдығы жоғалады». Расында, осы сөздерді байқап, терең саралай білген адамға мұнда өте үлкен өмірлік өнеге бар.

Абай шығармаларынан әр түрлі адамдардың психологиялық бейнелерін, сан алуан мінез-құлық қасиеттерін кездестіруге болады.

Кей жігіт мақтан үшін қылық қылмай,
Бойына майдалықпен сыр сақтаған,
Кей жігіт арсыздықпен ұятсынбай
Қолы жетпес нәрсеге тыртақтаған... – деп ер жігіттің нашар сипаттарын әшкерелесе, келесі бір өлең жолдарында:

Ақылды қара қылды қырыққа бөлмек,
Әр нәрсеге өзіндей баға бермек.
Таразы да, қазы да өз бойында,
Наданның сүйенгені көп пен дүрмек, – деп ақылды адамның артықшылығына назар аудартады. Солай болмаққа ұмтылтады. Тіпті халық арасында жігіт адамға жар таңдауда ақыл мен пайым-парасаттың адам бойындағы ерекше қымбат қасиет екенін ескертеді.

Ақын сол дәуірдің өзінде адам мінезінің қалыптасуы тәрбиеге, ортаға байланысты екенін ашып жазады. Өзінің отыз жетінші қара сөзінде: «Егер мен қолында заң қуаты бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім»,-деп нық сеніммен айтады.

Абайдың философиялық-психологиялық «толық адам» концепциясының негізі, отыз сегізінші ғақлиясында күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсені сипаттап, одан қашпақ керектігін айтады: «әуелі – надандық, екіншісі – еріншектік, үшінші – залымдық. Мұндағы надандық – білім ғылымның жоқтығы, дүниеде ешбір нәрсені оларсыз біліп болмайды. Білімсіздік хайуандық болады. Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік – бәрі осыдан шығады. Ал Залымдық – адам баласының қас дұшпаны. Адам баласына дұшпан болса, адамнан бөлінеді, жыртқыш хайуан қисабына қосылады»- дейді[12].

Қорытынды. Белгілі Абайтанушы М.Мырзахметов ғұламаның бүкіл еңбегі мен өмір жолын зерттеп, бүкіл саналы ғұрын осы ізденістке арнағанын жазған. Мекемтас Мырзахмет ұлы бір сұхбатында, Абайдың жұмбақ адам екендігі, оның еңбегінің негізгі құпия сыры «Толық адам» ілімінде екендігі туралы тұжырым жасаған. Расында да,

Абайдың «толық адам ілімін» жас ұрпақтың тәлім-тәрбиесіне, қазақ және бүкіл түркі халықтарының санасына сіңдіру, рухани жаңғыру жағынан жаңа сатыға көтерілу деген тұжырым жасайды [13].

Абай ақынның болашақ ұрпаққа қалдырған мол мұрасы арқылы өткен дәуірдегі тұтастай бір ұлттың болмысын, мінез-құлық ерекшеліктерін танынатын дәйекті деректер сан ғасырлар бұрын ғұмыр кешкен көшпенділердің тағылымды тарихын көрсетеді. Абайдың психологиялық, педагогикалық көзқарастары қазіргі ғылымда да жан-жақты қарастырылып, зерттеліп жатқан ауқымды тақырып.

Яғни заман өзгеріп, дәуірлер жалғасып, ғасырлар өтседе, халқымыздың Абай танымындағы «толық адам» ілімі уақыт өткен сайын, оның ұлылық қырлары ашылып, құпия сырлары бүгінгі заманмен астасуда.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

[1] Тоқаев Қ. Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан //Егемен Қазақстан. 09.01. 2020 жыл.

[2] Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халқына Жолдауы //Егемен Қазақстан. 01.03. 2006 жыл.

[3] Әбу Насыр Әл-Фараби. Қайырымды қала. – Алматы, 2015. – 284 б.

[4] Абай Құнанбайұлы. Өлеңдер, поэмалар, аудармалар, қара сөздер. /Құраст. Т.Бельгер. – Алматы, 2007. – 193 б.

[5] Daniel Goleman. Emotional Intelligence: Why It Can Matter More ThanIQ. 2015

[6] Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. – Алматы, 2015. -235 б.

[7] Мырзахметұлы М. Абайтану. Оқу құралы. – Алматы, 2010. – 152 б.

[8] Мырзахметұлы М. Абайтану тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1994.- 192 б.

[9] Әуезов М. Шығармаларының жинағы. – Алматы, 2003.- 452 б.

[10] Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. -Астана. 12.04. 2017 жыл

[11] Назарбаев Н.Ә. «Интеллектуалды ұлт – 2020». – Нұр-Сұлтан. 30.01. 2020 жыл.

[12] Абай. Қалың елім қазағым. – Алматы: Атамұра, 2002. – 224 б.

[13] Мырзахметұлы М. Абайдың «толық адам» ілімі бізді аласапыран дүниеде адастырмай, тура жолға бастайды [Электронный ресурс] URL https://www.inform.kz/kz/abaydyn-tolyk-adam-ilimi-bizdi-alasapyran-duniede-adastyrmay-tura-zholga-bastaydy-abaytanushy-m-myrzahmetuly_a229152. (қаралған күні 09.08. 2010).

References

[1] Tokaev K. Abai zhane XXI gasyrdagy Kazakstan. //Egemen Kazakstan. 09.01. 2020 zhyl.

[2] Nazarbaev N.A. Kazakstan halkyna Zholdauy //Egemen Kazakstan. 01.03. 2006 zhyl.

[3] Abu Nasyr Al-Farabi. Kaiyrymdy kala. – Almaty, 2015. – 284 b.

[4] Abai Kunanbaiuly. Olender, poemalar, audarmalar, kara sozder /Kurast. T.Bel'ger. – Almaty, 2007. – 193 b.

[5] Daniel Goleman. Emotional Intelligence: Why It Can Matter More ThanIQ. 2015

[6] Auezov M. Zhiyrma tomdyk shygarmalar zhinagy. – Almaty, 2015. – 235 b.

[7] Myrzahmetuly M. Abaitanu. Oku kuraly. – Almaty, 2010. – 152 b.

[8] Myrzahmetuly M. Abaitanu tarihy. – Almaty: Ana tili, 1994.- 192 b.

[9] Auezov M. Shygarmalarynyn zhinagy. – Almaty, 2003. – 452 b.

[10] Nazarbaev N.A. Bolashakka bagdar: ruhani zhangyru. – Astana. 12.04. 2017 zhyl

[11] Nazarbaev N.A. «Intellektualdy ult – 2020». – Nur-Sultan. 30.01. 2020 zhyl.

[12] Abai. Kalyn elim kazagym. – Almaty: Atamura, 2002.- 224 b.

[13] Myrzahmetuly M. Abajdyn «Tolyқ adam» ilimi bizdi alasapyran duniede adastyrmai, tura zholga bastaidy [Elektronnyj resurs] URL https://www.inform.kz/kz/abaydyn-tolyk-adam-ilimi-bizdi-alasapyran-duniede-adastyrmay-tura-zholga-bastaydy-abaytanushy-m-myrzahmetuly_a229152. (karalgan kuni 09.08. 2010).

Психологические основы образа «Толық адам» в произведениях Абая

Р.К.Керимбаева[1], Г.С.Имамбекова[1], Қ.А.Сайлыбаева[1]
[1]Таразский государственный университет имени М.Х.Дулати
(Тараз, Казахстан)

Аннотация

Статья посвящена психологическому исследованию формирования «Толык адам» в произведениях Абая. Исследования философско-психологических основ трудов Абая в концепции «Толык адам» проводилась с помощью методов теоретического анализа, синтеза, сравнения, классификации и систематизации. Были проанализированы мысли поэта о поднятии духа образованного человека на высокий уровень, жить по человечески, приносить пользу для народа, обществу, уважать человека, сохранять целостность человека и природы. В трудах Абая раскрывается общественно-историческая значимость передачи в учебно-воспитательном направлении проблем психологии, таких как сознание, мышление, поведение, чувство, настроение.

Результаты исследования показывают на сегодняшний день молодым поколениям популяризацию национальных ценностей, их обучение и воспитание, духовная модернизация, применение основных принципов учения Абая. Определена практическая значимость в применении концепции Абая «Толық адам» во всех сферах жизни, системы управления государства и образования, института семьи, в социальном обществе, и даже принципом каждого человека.

Ключевые слова: «Толық адам», «Совершенный человек», «быть человеком», учение, духовная модернизация.

Psychological bases of the image «Tolyk Adam» in Abay's works

R.K.Kerimbayeva[1], G.S.Imambekova[1], K.A.Silybaeva[1]
[1]M.Kh.Dulaty Taraz State University
(Taraz, Kazakhstan)

Abstract

The article is devoted to the psychological study of the formation of "Tolyk Adam" in Abay's works. Research of the philosophical and psychological foundations of Abay's works in the concept of "Tolyk Adam" was carried out using methods of theoretical analysis, synthesis, comparison, classification and systematization. The author analyzed the poet's thoughts about raising the spirit of an educated person to a high level, living as a human being, bringing benefits to the people and society, respecting people, preserving the integrity of man and nature. The works of Abay reveal the social and historical significance of the transfer in the educational direction of problems of psychology, such as consciousness, thinking, behavior, feeling, mood.

The results of the research show today the popularization of national values, their training and education, spiritual modernization, and the application of the basic principles of Abai's teaching to young generations. Identify practical importance in the application of the concept of Abai "Toly Adam" in all spheres of life, management of state and education, Institute for families in society, and even the principle of each person.

Keywords: «Tolyk Adam», «Perfect man», «to be a man», teaching, rukhani zhangyru.

Редакцияға 27.05.2020 қабылданды.

МРНТИ 13.91

Т.Ж.ЕГИНБАЕВА[1], А.А.МОМБЕК[2]

[1]Казахский университет искусств (Нур-Султан, Казахстан),
[2]Казахский национальный педагогический университет имени Абая (Алматы, Казахстан)

ВОКАЛЬНЫЙ ЦИКЛ Е. РАХМАДИЕВА НА СТИХИ АБАЯ: ТРАКТОВКА ЖАНРА

Аннотация

В статье рассматривается музыкальное творчество Е.Рахмадиева, классика казахской композиторской школы, автора вокально-симфонических, оперных, камерно-инструментальных, песенно-хоровых произведений, вошедших в национальную музыкальную сокровищницу. Автор статьи представляет анализ вокального цикла из семи романсов, посвященных наследию Абаю. В культурной жизни казахского народа личность Абая Кунанбаева, его поэтическое и музыкальное творчество занимают особое место. Каждый его стих «поет», и не удивительно, что многие композиторы при создании своих песен и романсов обращаются к поэтическому наследию Абая. В каждом из романсов проявляется органическое единодушие композитора и поэта, каждая из песен самодостаточна и имеет свое музыкально-поэтическое содержание, все романсы отличаются друг от друга как жанрово, так и стилистически.

Ключевые слова: романсы Е.Рахмадиева, вокальный цикл, гармонизация мелодии, жанры романса, полижанровая композиция.

«Я вообще не верю в одну единственную силу таланта, без упорной работы.
Выдохнется без нее самый большой талант, как заглохнет в пустыне родник,
не пробивая сбе дороги через пески...»
Е.Р.Рахмадиев

Введение. Еркегали Рахмадиев (1932-2013) вошел в историю культуры Казахстана как высочайший профессионал и патриот своей страны, певец, воспевающий красоту, мудрость и духовную щедрость своего народа. Композитора называют классиком, последним представителем «могучей кучки» казахских композиторов, творивших в последней трети XX века (Куддус Кужамьяров, Газиза Жубанова, Сыдык Мухамеджанов и Еркегали Рахмадиев) [1]. Еще Д.Шостакович отмечал, что Е.Рахмадиев связан корнями с культурой своего народа, а его музыка была впервые прозвучала на радио ВВС в 1973 году в исполнении Лондонского симфонического оркестра [2].

История композиторской школы Казахстана тесно связана с традициями и фольклором, проблемами ее периодизации занималась У.Джумакова, определявшая четыре поколения казахских композиторов. К первому поколению относятся основатели композиторской школы А.Жубанов, Е.Брусиловский, Л.Хамиди, М.Тулебаев, В.Великанов, Б.Байкадамов. Второе поколение продолжило становление национальной композиторской школы и закрепило ее роль в национальной культуре, это целая плеяда великих композиторов – Г.Жубанова, Е.Рахмадиев, К.Кожамьяров, С.Мухамеджанов, Т.Мендигалиев, а также М.Сагатов, М.Мангитаев, Т.Тлендиев, Б.Жуманиязов, К.Кумисбеков, Д.Ботпаев

Начало деятельности следующего поколения пришлось на 80-90-е годы XX века, к ним относятся известные композиторы Т.Кажгалиев, Ж.Дастенов, А.Серкебаев, К.Дюсекеев, Т.Мухамеджанов, Ж.Турсынбаев, Б.Далденбаев, Ж.Тезекбаев, К.Шилдебаев и др. [3].

Исследованиями музыкальной культуры Казахстана и музыкального образования занимались также Недлина В.Е. [4],

Харламова Т.В. [5], Абдинуров А.К. [6], Жумабекова Д.Ж. [7], Момбек А.А. [8] и др. ученые.

Основная часть. Обращение Е.Рахмадиева к лирике Абая воспринимается в полне закономерно. В творчестве композитора наряду с монументальными темами, воплощенными в вокально-симфонических, оперных (например, «Қамар-Сұлу») [9], камерно-инструментальных, песенно-хоровых сочинениях (например, хоровая поэма «Вечер в Балхаше» по мотивам народной песни «Назқоңыр» [10], особое место занимают лирические песни и романсы на стихи Абая. В беседе с Т.Егинбаевой композитор так определил сущность своих замыслов над абаевским циклом: «Абай – гений казахской духовности, а человек тянется ко всему духовному, к тому, что обогащает его, делает чище, лучше... Его творчество – неиссякаемый источник вдохновения... Меня привлекает в Абае глубокий психологизм, философичность, содержательность и лиричность, новизна языка и стиля» [11, С.18]. Е.Рахмадиев считает, что каждое поколение читает Абая по-своему, поэтому не существует одинаковых мелодий на один и тот же поэтический текст: «Однажды, читая стих Абая «Көңіл құсы құйқылжыр», а его двухтомный сборник всегда находится у меня под рукой рядом с произведениями Султанмахмута Торайгырова, Кадыра Мырзалиева, я неожиданно открыл для себя особую их прелесть... Родилась интонация, какая-то неоформленная музыкальная мысль. Сел за инструмент, уловив вдохновение, написал романс. Произведение осталось, а через некоторое время в своих записях прошлых лет обнаружил романс на этот же текст. Сравнив эти два романса, я понял, что это совершенно разные произведения, созданные на один и тот же поэтический текст Абая. Новый романс – более содержательное, более зрелое произведение» [11].

Композитор мотивирует свой постоянный интерес к наследию Абая его гибкой отзывчивостью, универсальностью содержания поэзии, созвучностью со своим психологическим состоянием. В каждом из романсов Е.Рахмадиева на стихи Абая проявляется органическое единодушие обоих авторов в переживаниях, настроении, размышлениях и раздумьях о прошлой жизни и, цитируя Пушкина можно заключить, что:

Издревле сладостный союз их меж собой связует,
Они жрецы единых муз;
Единый пламень их волнует...
Они – родня по вдохновенью [12].

Одной из особенностей всех камерно-вокальных циклов Е.Рахмадиева является их сюитная композиция, состоящая из разнородных, разнохарактерных песен-романсов, объединенных общим идейным замыслом. Каждая из песен самодостаточна, что вполне допускает свободный порядок исполнения романсов.

Все романсы связаны между собой единством замысла, объединение происходит на музыкально-драматургическом уровне. Цикл включает семь разнохарактерных, глубоко содержательных вокальных номеров, написанных на стихи Абая, сочиненные в разные годы [13]. В каждом из этих романсов свое музыкально-поэтическое содержание, с музыкальной точки зрения они контрастны как жанрово, так и стилистически. Основная идея – образ Абая, а его размышления становятся важнейшей доминантой всего музыкально-поэтического содержания на фоне отсутствия общего сюжета. Первый романс – «Жақсылығың күнде үміт» – глубоко задумчивое толғау лирико-философского характера. Во втором, «Жаз», перед слушателем предстает живая полнозвучная картина казахской степи и жизни аула. Третий романс «Көңіл құсы құйқылжыр…» – вдохновенная песня о великой силе поэзии. Четвертый романс «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да» – монолог пламенного борца о выпавших на долю поэта страданиях и испытаниях. Пятый – «Қара қатын дегенде» – насмешливо-назидательного характера. Шестой «Сіз – қырғауыл жез қанат» – любовный романс. Седьмой, заключительный романс – «Қайран елім, қазағым» – пафосное обращение к народу.

Основная фабула выражена в разных по музыкальному воплощению, но близких по тематике романсах – первом, третьем, четвертом и последнем, седьмом. Музыкально-драматургическая линия поэта с каждым номером обращается новой своей гранью, новым настроением. Так, например, первый из романсов – глубокомысленный монолог, исповедь поэта, раскрывающая переживания о несправедливости. В третьем романсе перед слушателем предстает восторженный и вдохновенный поэт, наделенный великим даром служения своему народу, несмотря на все невзгоды. По образному содержанию приближен близок к первому произведению и четвертый романс, в котором боль разочарования, тоска выражены в нем с новой силой. Этот романс драматургически предвосхищает последний романс, ставший кульминацией всего цикла – в нем показано пламенное воззвание, призыв к своему народу, - так Абай предстает как страдающая, но абсолютно цельная и волевая личность.

Второй, пятый и шестой романсы – воплощение поэзии Абая, его творчества с различными жанровыми картинками. Они играют роль важных интермедий, оттеняющих и дополняющих общее содержание цикла – это поэтические зарисовки, представляющие разные стороны жанровой поэзии: пастораль (романс №2), любовная лирика (романс №5), остро-характеристический музыкальный портрет (романс №6).

Таким образом, в этих произведениях Е.Рахмадиев объединил разные явления жизни, отразил наиболее значительные стороны мировоззрения, своего рода «картину мира» великого поэта. Главная идея цикла выражена, прежде всего, в воплощении образа самого Абая, гениального поэта, патриота и гражданина.

Романсом в чистом виде, пожалуй, можно назвать только шестой («Сіз – қырғауыл жез қанат») – темой которого является восторженно нежное любовное признание героя. Он выделяется своей камерностью, отличается от шести других романсов своей особой лирической кантиленой, интонациями ариозного типа, широтой дыхания и диапазона. В этом произведении проявляются черты вокально-поэтического лирического жанра – элегии, особенно это проявляется в использовании классической фактуры фортепианного сопровождения. Элегия – один из наиболее распространенных жанров романса, вокальный номер небольшой по протяженности, исполняющийся от первого лица. В нем ощутима скорая перемена чувств – от печального, грустного настроения к восторженно-пылкому признанию, а затем к отчаянию и душевным терзаниям [14].

Это один из немногих романсов цикла, написанный в сквозной строфической форме. Он характеризуется общей цельностью, отсутствием четкой композиционной структуры. Главным признаком этого романса становится необыкновенно выразительная мелодия секвенционного строения, в которой достигаются высокие мелодические вершины, выделенные еще и ритмической протяженностью. В качестве тональности для романса избран «глубокий» минор – es-moll. Музыкальной основой для этого номера является вальс, но образно переосмысленный. Минорый лад, развитие от спокойного элегического любовного излияния к эмоциональному взрыву – кульминации в конце всего вокального номера, экспансивность – создают атмосферу беспокойства и тревоги. Романс воспринимается на едином дыхании, и большое значение имеет темповое решение романса, все мелодическое движение подчинено общему нарастанию эмоциональному, которое проявляется еще и в темповом ускорении (Романс №6 «Сіз – қырғауыл жез қанат»).

Остальные номера цикла представляют разновидности романса – монолог, стихотворение с музыкой, песня-романс.

В цикле есть два романса-монолога, душевные излияния Абая, раскрывающие внутренне состояние главного героя вокального цикла, в которых Е.Рахмадиев исходил из поэтического содержания. В стихотворных первоисточниках явственно

проявляются черты монолога, они представляют собой глубокомысленные, широко развернутые размышления, обращенные к слушателям-потомкам. Стихам присуща определенная композиционная оформленность, насыщенная обобщениями, преобладают настроения тоски и одиночества.

Кез келген дәстүрлі пәнді ұлттық ерекшелендіру «нақты және абстрактілі бірлік», «оқытудың өмірмен байланысы», «ғылым, мәдениет, қызмет тәжірибесі жетістіктерін меңгерудегі жүйелілік және бірізділік», «оқытудың қолжетімділігі» деген оқытудың негізгі принциптерін ескеріле отырып дидактикалық үдерісті ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Ұлттық ерекшеліктерді ескеру дидактикалық ережеге сәйкес «белгіліден белгісіздікке», «жақыннан алысқа» қарай оқытуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Оқу-тәрбие үдерісінде ұлттық ерекшелікті ескеру бір жағынан нәтиже ретінде, екінші жағынан мақсатқа жету құралы ретінде әрекет етеді. Ұлттық ерекшелік мектептің өмірмен байланысы, теорияның практикамен байланысы арқылы мазмұнын нақтылайды, сондай-ақ оқытудың мазмұндық жақтарын іске асыру арқылы оқушылардың қызметін ұйымдастыру кезінде педагогикалық жүйенің барлық компоненттерін саралауға және дараландыруға бағыттайды [14].

Соңғы кездері біз қоғам тарапынан ұлттық салт-дәстүрлер мен әдеп – ғұрыптарды зерттеуге қызығушылықтарын артқанын байқаймыз. Бұл қызығушылық әбден заңды

құбылыс, өйткені қоғамның тарихи ұрпақтар сабақтастығына, ұлттық мәдениеттің сақталуына, таралуына және дамуына, халықтың мәдени және тарихи мұрасына ұқыпты қарауды тәрбиелеуге байланысты екенін байқағанымызда болып отыр [15].

Мектеп пәндерін, соның ішінде, информатика пәнін дәстүрлі түрде оқыту әдісі оқушының тұлғалық қасиетін толығымен ашып көрсете алмайды. Мектеп информатикасының мазмұнында (теориялық және есептер жүйесі) Қазақстан Республикасында тұратын ұлттарының тілі, салт-дәстүрі, әдет-ғұрыптарының ерекшеліктері ескерілмейді. Бүгінгі күнде информатиканы оқытудың теориясы мен әдістемесіндегі этникалық аспект және оны оқу үрдісінде ескеру мәселесі ғылыми еңбектерде зерттелген. Елімізде информатика пәні бойынша ұлттық ерекшеліктерді ескеретін мектеп бағдарламалары жоқтың қасы деп айтуымызға болады.

Негізгі мектептегі информатиканың «алгоритмдер және программалау» бөлімшесін оқыту үдерісін құруда өмір сүру салтының, ұлттық мәдениеттінің, мекендеу ортасының және т.б. ерекшеліктерін ескерсек оқушылардың оқуға деген қызығушылығы артады деген сенімдеміз.

Пайдаланылған әдеби қайнар көздер тізімі

[1] Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын [Электронный ресурс] URL: http://adilet.zan.kz (қаралған күні 18.01.2020).

[2] Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты [Электронный ресурс] URL: https://www.akorda.kz (қаралған күні 17.01.2020).

[3] Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері: Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2018 жылғы 10 қаңтар.

[4] Дьячковская М.Д. Этнометодическая система обучения математике учащихся школ малочисленных народов севера (на примере Республики Саха (Якутия): Дисс... канд.пед.наук – Чебоксары, 2017. – 274 с.

[5] Яковлева, С.Д. Методические особенности реализации регионального компонента курса биологии в школах Якутии (раздел «Животные») [Текст]: Дисс... канд. пед. наук: 13.00.03. – М., 2004. – 167 с.

[6] Монгуш А.С. Использование прикладных задач с национально-региональным содержанием как фактор повышения качества математических знаний учащихся 5-9 классов (на примере Республики Тыва): Дисс. .... канд.пед.наук – Новосибирск, 2002. – 145 с.

[7] Сат С.К. Региональные особенности методической системы формирования основных понятий базового курса информатики в национальных школах Республики Тыва: Дисс... канд.пед.наук – Омск, 2006. – 129 с.

[8] Аль Баттауй Газван Азиз Мухсен Национальные особенности становления и развития системы физического воспитания в Ираке: Автореф. дис... канд.пед.наук. – Тамбов., 2015. – 24 с.

[9] Бадмаева, З.С. Национпльно-психологические особенности калмыков: Автореф. дис.... канд. психол. наук. – М., 1997. – 23с.

[10] Григорева О.Л. Национально-региональные особенности развития сиситемы специального образования Забайкалья; аксиологический подход [Текст]: Автореф. дис... канд. пед. наук. – Б., 2004. – 24 с.

[11] Утеева К.А. Методические условия учета национальных особенностей в обучении математике в начальной казахской школе: Дисс. ....канд.пед.наук – Алматы, 1994. – 176 с.

[12] Ошанова Н.Т., Ануарбекова Г.Ж. Ұлттық ерекшеліктер негізінде алгоритмдеу мен программалауды оқытудың жолдары //Интелектуалдық ақпарттық және коммуникациялық технологиялар – «Қазақстан – 2050» стратегиясы аясында үшінші индустриалды революцияны жүзеге асырудың құралы: V Халықаралық ғылыми –практикалық конференция еңбектері. – Астана, 2018. – Б.163-166.

[13] Ошанова Н.Т., Ануарбекова Г.Ж. Негізгі мектепте алгоритмдер мен программалауды оқытуда ұлттық ерекшеліктер негізіндегі есептердің алатын орны //Математикалық модельдеу мен ақпараттық технологиялар білімде және ғылымда»: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 90 жылдығына арналған VIII Халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары. – Алматы, 2018. – Б.290-294.

[14] Ануарбекова Г.Ж. Ұлттық құндылықтарды цифрландыру заманауи Қазақстанның басты бағыты ретінде //Вестник-Хабаршы, Физика-математика сериясы Абай атындағы ҚазҰПУ. – 2018. – №2 (62). – Б 182-185.

[15] Oshanova N., Anuarbekova G., Shekerbekova S., Arynova G. Algorithmization and programming teaching methodology in the course of computer science of secondary school //Australian Educational Computing – 2019. – V.34. – Iss.1.

References

[1] Kazakstan Respublikasynda bilim berudi damytudyn 2011-2020 zhyldarga arnalgan memlekettik bagdarlamasyn [Elektronnyj resurs] URL: http://adilet.zan.kz (karalgan kuni 18.01.2020).

[2] Kazaқktan Respublikasynyn Prezidenti – Elbasy N.A. Nazarbaevtyn Қazaқstan halkyna Zholdauy «Kazakstan – 2050» Strategiyasy kalyptaskan memlekettin zhana sayasi bagyty [Elektronnyj resurs] URL: https://www.akorda.kz (karalgan kuni 17.01.2020).

[3] Tortinshi onerkasiptik revolyuciya zhagdaiyndagy damudyn zhana mumkindikteri: Kazakstan Respublikasynyn Prezidenti N. Nazarbaevtyn Kazakstan halkyna Zholdauy. 2018 zhylgy 10 kantar.

[4] D'yachkovskaya M.D. Etnometodicheskaya sistema obucheniya matematike uchashchihsya shkol malochislennyh narodov severa (na primere Respubliki Saha (YAkutiya): Diss... kand.ped.nauk – CHeboksary, 2017. – 274 c.

[5] Yakovleva, S.D. Metodicheskie osobennosti realizacii regional'nogo komponenta kursa biologii v shkolah YAkutii (razdel «ZHivotnye») [Tekst]: Diss... kand. ped. nauk: 13.00.03. – M., 2004. – 167 s.

[6] Mongush A.S. Ispol'zovanie prikladnyh zadach s nacional'no-regional'nym soderzhaniem kak faktor povysheniya kachestva matematicheskih znanij uchashchihsya 5-9 klassov (na primere Respubliki Tyva): Diss. .... kand.ped.nauk – Novosibirsk, 2002. – 145 c.

[7] Sat S.K. Regional'nye osobennosti metodicheskoj sistemy formirovaniya osnovnyh ponyatij bazovogo kursa informatiki v nacional'nyh shkolah Respubliki Tyva: Diss... kand.ped.nauk – Omsk, 2006. – 129 c.

[8] Al' Battauj Gazvan Aziz Muhsen Nacional'nye osobennosti stanovleniya i razvitiya sistemy fizicheskogo vospitaniya v Irake: Avtoref. dis... kand.ped.nauk. – Tambov., 2015. – 24 s.

[9] Badmaeva, Z.S. Nacionpl'no-psihologicheskie osobennosti kalmykov: Avtoref. dis.... kand. psihol. nauk. – M., 1997. – 23s.

[10] Grigoreva O.L. Nacional'no-regional'nye osobennosti razvitiya sisitemy special'nogo obrazovaniya Zabajkal'ya; aksiologicheskij podhod [Tekst]: Avtoref. dis... kand. ped. nauk. – B., 2004. – 24 s.

[11] Uteeva K.A. Metodicheskie usloviya ucheta nacional'nyh osobennostej v obuchenii matematike v nachal'noj kazahskoj shkole: Diss. ....kand.ped.nauk – Almaty, 1994. – 176 c.

[12] Oshanova N.T., Anuarbekova G.Zh. Ulttyk erekshelikter negizinde algoritmdeu men programmalaudy okutudyn zholdary //Intelektualdyk akparttyk zhane kommunikaciyalyk tekhnologiyalar – «Kazakstan – 2050» strategiyasy ayasynda ushinshi industrialdy revolyuciyany zhuzege asyrudyn kuraly: V Halykaralyk gylymi-praktikalyk konferenciya enbekteri. – Astana, 2018. – B.163-166.

[13] Oshanova N.T., Anuarbekova G.Zh. Negizgi mektepte algoritmder men programmalaudy okytuda ulttyk erekshelikter negizindegi esepterdin alatyn orny //Matematikalyk model'deu men akparattyk tekhnologiyalar bilimde zhane gylymda»: Abai atyndagy Kazak ulttyk pedagogikalyk universitetinin 90 zhyldygyna arnalgan VIII Halykaralyk gylymi-adistemelik konferenciya materialdary. – Almaty, 2018. – B.290-294.

[14] Anuarbekova G.Zh. Ulttyk kundylyktardy cifrlandyru zamanaui Kazakstannyn basty bagyty retinde //Vestnik-Habarshy, Fizika-matematika seriyasy Abai atyndagy KazUPU. – 2018. – №2 (62). – B 182-185.

[15] Oshanova N., Anuarbekova G., Shekerbekova S., Arynova G. Algorithmization and programming teaching methodology in the course of computer science of secondary school //Australian Educational Computing – 2019. – V.34. – Iss.1.

Понятие и значение национальной особенности

Г.Ж. Ануарбекова[1] , Ы.Бидайбеков[1], Н.Т.Ошанова[1]
[1]Казахский национальный педагогический университет имени Абая
(Алматы, Казахстан)

Аннотация

В данной статье научно обосновано значение понятия национальные особенности, уточнялись определения «национальные особенности». Были проанализированы определения понятия национальные особенности в трудах зарубежных и отечественных исследователей, приведены выводы. Раскрывается роль национальных особенностей обучения в разделе «алгоритмизация и программирование» в курсе информатики. Была рассмотрена характеристика национальной особенностей. Учет национальной особенности в учебно-воспитательном процессе с одной стороны выступает как результат, с другой – как инструмент достижения цели. Национальная особенность заключается в том, что школа имеет связь с жизнью, конкретизирует содержание теории через связь с практикой. А также при организации деятельности учащихся посредством реализации содержательных аспектов обучения на дифференциацию и индивидуализацию всех компонентов педагогической системы. Вопрос учета национальных потребностей и особенностей народов отражается как важный аспект совершенствования системы образования в школах.

Ключевые слова: национальность, особенность, национальная особенность, информатика, алгоритм, учебный процесс

Concept and meaning of national identity

G. Zh. Anuarbekova[1], E. Y.Bidaybekov [1], N. T. Oshanova[1]
[1]Abai University (Almaty, Kazakhstan)

Abstract

In this article, the meaning of the concept of national characteristics is scientifically justified and the definition of the meaning of the concept of national characteristics is clarified. The concepts of national peculiarities in the works of foreign and domestic researchers were analyzed, and conclusions were given. The role of national features of training in the section «algorithmization and programming» in the course of computer science is revealed. The characteristic of national characteristics was considered. Taking into account national characteristics in the educational process on the one hand acts as a result, on the other-as a tool to achieve the goal. The national peculiarity is that the school has a connection with life, concretizes the content of the theory through the connection with practice. And also at the organization of activity of pupils by means of realization of substantial aspects of training on differentiation and individualization of all components of pedagogical system. The issue of taking into account the national needs and characteristics of peoples is reflected as an important aspect of improving the education system in schools.

Key words: nationality, a feature, national feature, computer science, algorithm, educational process

Редакцияға 10.07.2020 қабылданды.

ҒТАХР 14.25.05

Н. ОРДАБАЕВ[1], К. АБИШЕВ[2], Т. ҚАДЫРБАЕВ[1], Е.Н. ТУГЕЛБАЕВ[2], Т. БАЙМЫРЗАЕВ[2]

[1]Аймақтық әлеуметтік инновациялық университеті (Шымкент, Қазақстан),
[2]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы, Қазақстан)

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫН ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҚТАРЫНДА ӨТКІЗУ ӘДІСТЕРІ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Соңғы жылдары жас ұрпақтың дене тәрбиесі мәселесімен айналысатын ғалымдар халықтық ойындар мен дене қимылы жаттығуларының төл ерекшеліктеріне барған сайын айрықша қызығушылық танытуда. Шамасы, бұл өзгеше жағдайларда, мысалы, дала жер бедері, климаты, географиялық ерекшеліктері – дене қимылы қызметінің кез келген түрінің жеткілікті түрде тиімді болмауына байланысты. Спорттың көптеген классикалық түрлері – жүзу, шаңғы, коньки және т.б. жергілікті орындарда тиісті спорт алаңдары мен басқа да қымбат тұратын құрылыстардың болмауынан, оларды салудың жер бедеріне немесе елді мекендердің шашыраңқы болуынан қиынға түсуіне байланысты, кеңінен қолдау таппай отыр. Демек, ұлттық қимыл ойындары жас ұрпаққа қажетті дене қимылы қасиеттері мен дағды-машықтарын дамытудағы өзгертуге болмайтын құрал болып отыр. Сондықтан, педагогикалық жоғары оқу орындары жағдайында осы ұлттық қимыл ойындары қызметтерін ұйымдастыруға дене шынықтырудан болашақ мұғалімдерін мақсатты даярлау осы өзекті мәселені шешудегі жүйелі көзқарасты талап етеді. Мұндай мәселенің қойылуы әбден заңды. Өйткені, бұл қызметке мұғалімнің қандай дәрежеде даярланғанына оқу үдерісінің табысты болуына қатысты. Осыған байланысты, жоғарыда аталған жағдайларды ескере отырып, оқу үдерісіне ғылыми көзқарас туындайды, бұл ең алдымен қазіргі жастар дамып, жетіліп отырған жағдайлардың ерекшеліктерімен айқындалады.

Түйін сөздер: дене шынықтыру сабақтары, ұлттық ойындардың түрлері, өткізу әдістері.

Кіріспе. Қимыл ойындарының маңызы туралы теориялық та, сондай-ақ әдістемелік сипатта да көптеген арнайы әдебиеттер бар. Онда ойынның рөлі, оның таралуы, әртүрлі халықтардың ойын фольклорына ұқсастықтары мен айырмашылықтары, әдістемелік ерекшеліктері қарастырылады. Көрнекі педагогтардың, ғалымдардың пайымдауынша, балалардың ойын қызметінде екі негізгі фактор ұштасып келеді: бір жағынан – балалар саламандық (практикалық) қызметке қосылады, дене қимылы қасиеттері жетіледі, дербес әрекеттер жасауға дағдыланады. Ал, екінші жағынан – орындалған жаттығу қызметтерінен моральдік және эстетикалық ләззат алады, өздерін қоршаған ортаны тану тереңдей түседі. Мұның бәрі, сайып келгенде, тұтастай алғанда жеке адамды тәрбиелеуге жәрдем береді. Сонымен, ойын – тәрбиенің кешенді құрылымының бірі болып табылады: ол жан-жақты дене қимылы даярлығына, ұжымдық қызметтің өзгеріп отыратын жағдайларында қимыл негіздері мен күрделі әрекеттерді жанама түрде меңгеру арқылы, ағза функциясын, ойыншылардың мінез-құлық белгілерін жетілдіруге бағытталған [8; 16].

Мақсаты: ұлттық спорт түрінің белгілі бір түрімен қарқынды түрде айналысу кезеңі білім беру мекемелеріндегі кезеңге тап келіп, адам өміріндегі ағзаның жастық пісіп-жетілуінің аяқталу кезіне тура келеді. Ұлттық спорттың бұл түрлерінде жарыстар кезінде де, спорттық жаттықтырулар кезінде де ағзаға түсіп жатқан жүктеме көлемі төмендейді. Соңғы кездері спорттық жетістіктердің күрт өсуі жаттықтыру барысындағы жүктеме көлемінің күрт өсуі салдарынан болып отыр. Тіпті,

республиканың үздік спортшыларының жуырда ғана қол жеткізген жоғары жетістіктері мен көрсеткіштері, көп ұзамай-ақ мектептерде өткізілетін дене шынықтыру сабақтарында көптеген ұлттық спорт түрлері мен ойындары күнделікті құбылысқа айналып кетіп жатыр [5; 17].

Жас спортшының мектептік кезеңдегі спортта алға басуы, оның барлық жағынан дамуына байланысты, ал ұлттық спорт түрлерінің бұқаралық түрі білім беру мекемелеріндегі білікті ұстаздың немесе бапкердің әдістемелік тұрғыдағы нұсқауымен таңдап алынған спорт түрінің мақсатына жауап беретін, дене қимылы қасиеттерін жан-жақты дамытудың негізгі жолы және әдісі болып саналады, ағза қызметтерінің жалпы деңгейлерін арттырады. Ұлттық спорттың және қимыл ойындарының бұл түрі спортшылар бойында ерекше дене қимылы және психикалық қасиеттер болуын талап етеді [6; 18].

Зерттеу әдістері мен оны ұйымдастыру: қазақтың ұлттық қимыл ойындары мен көңіл көтерулерінің шығу тегі мен қызметі жағынан сан қилы және әртүрлі болып келетінін атай отырып, олардың тарихи жолды объективті түрде көрсететінін, Қазақстан Республикасы аймағында мекен еткен халықтар мен ұлыс өкілдерінің дене қимылының дамуының әр кезеңіндегі этникалық үдерістерді бейнелейтінін дене шынықтыру және спорт ғылымының осы саласында еңбектеніп жүрген ғалымдардың зерттеулерінен атап көрсетуге болады. Дәстүрлі ұлттық ойындар әртүрлі тарихи кезеңдерде пайда болып, осы кезге дейін сақталып қалды және жас ұрпақты тәрбиелеу ісінде бүгін де мәнін жоғалтқан жоқ. Осы ойындарға тарихи сипаттама бере отырып, мектеп жағдайында жас/жыныс [12; 19] ерекшеліктерін ескере, өткізуге боларлық түрлеріне тоқталып өтсек:

«Қыз қуу» – қазақ халқының өте көне ойындарының бірі, өзінің идеялық мазмұны жағынан бұрынғы кеңестік республикалардың мәдениетіне енген халықтық спорттың қай-қайсысынан болса да кем түспеген. Оны ұлттық спорт ойындарының қызғылықты бір түріне айналдыру үшін мүмкіншілік толық.

Қыз қуу «Манас» эпосында:

Боз бала, жігіт аралас,
Қыз-келінменен жарысып,
Қызық өзен бойласып,
Қызығысып қырандар
Қыз қууспай ойнасып,
Талықпай көшіп, бел байлап
Таласты көздей бет алып,
Ел шұрқырап, шу болып
Ер қуанып, ду болып,
Кіндік кесіп, кір жуған
Жеріне көшіп келе жатад.

Қыз, жігіті қырғыздың,
Ғасырлап ойнайды қыз куу!
Қыз қуу ойынын қарасаң,
Қызығына ел батып,
Қиқырып дулап тік тұрмай!
Қыз қуу ойыны қырғыздың,
Ежелден қалған салты екен!
Еңкейіп жандап жарысып,
Қызға жетсе жігіті,
Бұралтып тұрып қыз сүю,
Байырдан қырғыз нарқы екен!

Ал енді, *қырғыз-қазақтың белгілі ақыны Жалил Садықтың:*

Ойынның бірі қыз қуу,
Күліктер көкте сызшудай.
Тізгінді шауып жөнелсе,
Жігіті – сұңқар, қыз –
аққудай!

Ойын деп, шіркін, осыны айт,
Көргенде кімдер қызықпайды.
Жігіті жетіп қызды сүйсе,
Көзіңе сүйкім ұшырайды, –

деген жырынан аталмыш ойын жөнінде әдемі көркем елес беріп тұратынын аңғаруға болады.

Ол өзінің маңызы жағынан дене тәрбиесін беруде бүгінгі талапқа толық сай келеді. Және елімізде мекендеп жатқан халықтардың арасында кеңінен тараған ұлттық ат ойыны тобына жатады. Сонау ертеден келе жатқан спорт ойыны, ертеде «Қыз қашар», «Қыз қуалар» деп аталғаны болмаса, біздің заманымызға дейін оншама өзгеріссіз жеткенін атап өтуіміз керек. Бұл жарыс өзінің түрі жағынан біздің заманымыздан бұрын қандай болса, қазірде сол күйінде қалды. Сол заманғы тәртіп бойынша жарыс жігіт пен оның қалыңдығы арасында өткізілген (біздің заманымыздан бұрын VIII-VII ғасырларда Қазақстанның территориясын жайлаған кейбір рулардың арасында осындай тәртіп болған). Егер жігіт жарыста жеңілсе, ол өзіне қойылатын талапты ақтай алмағаны үшін оның қызбен некелесуге құқы болмаған. Ертедегі аңыз-ертегілерге қарағанда, қазақтарда тағы бір мынадай әдет-ғұрып болған. Осы әдет бойынша жарысқа екі рудың қыз бен жігіті түскен. Жігіттің жеңілуі оған салынатын айыппен қоса, өз руында еті тірі жігіт пен жүйрік атының жоқтығы үлкен кемістік болып табылған. Егер қыз жеңілген деп табылса, оның жағының келісімі бойынша, ешқандай қалыңсыз-ақ ол жеңген жігітке тұрмысқа шығады [2].

Қазіргі кездегі қыз қуу спорт жарысында күшті теңдестіру үшін әлсіз жаққа берілетін тиімді шартты еске салады. Жарыс мынадай тәртіппен өткізіледі. Сөреге қыз бен жігіт шақыралады. Жігіт қыздан 10-15 метр кейін тұрып жарысқа қосылады. Жігіт қызды қуып жетсе, өзінің жеңгендігін білдіру үшін оның білегінен орамалды алуға тырысады. Ал қыз оның керісінше, қуғыншыдан қашып құтылып, сөреге бұрын жетуге әрекет жасайды. Ал, қайтар жолда, егерде жігіт қызды қуып жетпесе, қыз оны немесе оның атын қамшыға алады. Мектептік жағдайда қыз қууды қазіргі бағытымен келешекте де дамытудың үлкен спорттық маңызы бар. Өйткені, бұл ойынды жаяу түрінде, түрлі сипатта, әдістер кешенін толық пайдаланған жағдайда дене қасиеттерін жетілдірумен қатар, өскелең ұрпақтың бойына рухани даму, этикалық-серілік (ұлдар арасында), қазақ қызына тән ұяңдық пен жібектей мінездердің қалыптасуына зор септігін тигізетінін қаперге алған жөн [1; 3; 7; 9].

«Теңге алу». Жерде жатқан теңгені атпен шауып келе жатып іліп алу үлкенептілікті, ат құлағында ойнайтын шабондоздық тәжірибені талап етеді. Теңгені жерден іліп алғандарға бәйге беріледі. Бұрындары қазақ жігіттері атпен шауып келе жатып қолындағы қылышымен жерде жатқан тезекті түйреп алып көкке лақтырып жіберіп, оны жалмажан қылышымен екіге бөліп шауып түсіретін. Мектептік жағдайда, бұл ойынды қазіргі қолжалғау (эстафета), дене қасиеттерінің ішінде ең алдымен жылдамдық пенептілікті дамытатын ойын түрі, кез келген жаста, яғни, жас пен жынысты талғамайтын ойын ретінде өткізе беруге болады [4; 10; 11].

«Көкпар». Қазіргі кезеңде ел арасында кең танымал болған ұлттық ат ойыны. Этнографтардың айтуынша, әуелгі атауы «көк бөрі» сөзінен шыққан. Бұрындары мал баққан көшпелі халықтар көк бөріні соғып алғанда өлігін ат үстінде сүйрелеп, бір-бірінен ала қашып, мәз-мәйрам болған. Кейін ол ұлттық ойынға айналған. Көкпар Орта Азия халықтарының да сүйікті ойыны. Көкпар жаппай тартыс және дода тартыс болып екіге бөлінеді. 1949 жылы елімізде көкпар жарысының жаңа ережесі бекітілді. Алаң көлемі қатысушылар санына сәйкес. Егер әр команда 5 адамнан болса, алаңның аймағының ұзындығы 300 метр, ені 100 метр; 10 адамнан болса, 500х200 метр; 15 адамнан болса 700х300 метр; 20 адам болса, 1000х500 метр. Көкпарда басы кесілген серке тартылады. Мектептік жағдайда бұл ойынды жоғары сынып оқушылары арасында, жаяу түрінде өткізуге болады. Егер де, жоғары сынып оқушылары өздерінің дене тұрқына қарай біреуі «ат», ал біреуі «ойыншы» болып, ойынды қызықты да, тартысты ету үшін біріне-бірі мінгесіп, күштілік пен төзімділік дене қасиеттерін тікелей дамытып жатса, орта немесе төменгі буын мектеп оқушылары үшін – жылдамдық, ептілік, икемділік пен төзімділік дене қасиеттерін дамытатын бірден-бір амал екені сөзсіз. Өйткені, дене

қасиеттерімен қатар, жас ұрпақта қайсарлық, батырлық және елін қорғар жауынгерлік қасиеттерін жетілдіреді [13].

«Ұшты-ұшты». Әлем халықтарының ішінде сөз маржанын дәл, әрі ұтқыр түрде тауып айтатын, импровизациялық қасиеті дамыған қазақ халқы секілді, халық кем десе де болады. Мағынасын дәл жеткізетін, сөз саптамасы дана халқымыздың мәнді де, бағалы ойларын ырғақты түрде жеткізетін зейіндік ойындар жеткілікті. Соның бірі – жоғарыда аталған «ұшты-ұшты» ойыны. Әдетте, аталмыш ойынды төменгі немесе орта буын мектеп оқушылары арасында, сабақтың немесе жаттықтырудың қорытынды бөлімінде, арпалысқа толы буырқандық сезімдік, дене қасиеттерін дамытатын негізгі бөлімдегі ойындардан соң өткізеді. Ойын шарты бойынша ойынды жүргізуші немесе бастаушы қатысушыларды жаңылыстыру үшін тез-тез ұшатын, ұшпайтын заттарды өлең түрінде, ырғақты шумақтатып, араластырып айтады [14]. Шарт бойынша ойнаушылар ұшатын заттарға ғана қолын көтеруге тиісті. Олар ұшпайтын затқа қолын көтеріп қалса, айыбына өз өнерін көрсетеді. Ойын бастаушы негізінен адамдарды, мысалы, былайша жаңылыстырады:

– Ұшты, ұшты – тарғақ ұшты! (ұшады).
– Ұшты, ұшты – жарғақ ұшты! (ұшпайды).
– Ұшты, ұшты – тырна ұшты! (ұшады).
– Ұшты, ұшты – тырма ұшты! (ұшпайды).

«Соқыртеке» – мектептік жағдайда төменгі мен орта буын оқушылары арасында тапқырлық пен зейіндікті дамытатын халықтық ойын. Ойын шарты бойынша ойыншылар дөңгелене тұрады. Ортаға орамалмен көзі байланған адамды – «соқыртекені» шығарады. Шеңбер бойынша тұрған ойынға қатысушылар «соқыртекені» түрткілейді. Ол сол кезде түрткен ойыншыны ұстап алып, атын айтуға тиіс. «Соқыртекенің» тыныш тұрған ойыншыны да ұстап алуына болады. Өзінің зейінсіздігінің арқасында абайсызда ұсталынып қалған ойыншы «соқыртекеге» айналып, ойын жалғаса береді [15].

«Асық ойыны». Қазақ халқында ертеден келе жатқан ойындардың бірі – асық ойындары. Кеңестік кезеңде «баймансаптардың ойыны» деп, қуғын-сүргінге ұшыраған, негізінде, балалардың мергендігін, өзара татулық пен сыйластыққа шақыратын, ұжымдық ұйымшылдық пен бірлікті дамытатын, мектептік жағдайда төменгі және ортаңғы буын оқушылары арасында кең тараған ойын түрі. Халық арасында асық ойындарының бірнеше түрі сақталған. Бұл ойынды тек асығы бар ер балалар ғана ойнаған. Асық ойнаушылардың саны 4-8-ге дейін барады. Бұл ойынның мақсаты – асық ұтып алу. Ойын ережесі: Көнге барлық ойыншы бір-бірден асық тігеді. Содан соң бір бала ойыншылардың кім-кімнен кейін ойнау керек кезектерін анықтау үшін басқалардың сақасын жинап алып иіреді. Иірген кезде алшы түскен сақаның иесі-бірінші, тәйке түскеннің иесі-екінші, бүк түскендікі – үшінші, шік түскендікі – төртінші болады.

Алынған нәтижелер мен қорытынды: ұлттық ойындарды білім беру мекемелерінде өткізудің педагогикалық мәні, оның өскелең ұрпақ арасында дене қасиеттерімен қатар, рухани-моральдік дамытудағы үлесін, жалпы және арнаулы жұмыс істеу мүмкіндіктерін арттыруға бағытталған, дене қимылы мүмкіндіктерін тәрбиелеудегі ең маңызды әдіс екенін атап көрсету қажет.

Адами қасиеттерді дамытуға негізделген ұлттық спорт түрлері мен халық ойындары мектеп оқушылары арасында барынша жоғары жетістікке деген ұмтылыспен тығыз байланысты.

Жүктеменің жоғары болуы бұл ұлттық спорт түрлерінің оқушы ағзасына тиімді әсер ететін басқа да әдістер мен жолдардан ерекшелендіріп тұрады. Жүктемені қатаң бақылап отырмайынша және ол жүктемелердің ерекшеліктерін білмейінше, денсаулықты шыңдау орнына зиян келтіріп алудан сақтанған жөн. Ал, спорттың бұл түрлерінің негізгі мақсаты – өскелең ұрпақтың денсаулығы. Сондықтан да, ұлттық спорт түрлерінен жаттығулар жүйесі дәрігерлік-педагогикалық бақылаусыз өтпеуі тиіс.

Пайдаланылған әдеби қайнар көздер тізімі

[1] Bjelica B., Joksimović M., Seisenbekov Y., D'Onofrio R., Perovic T. The effects of pilates programs on motor skills and morphological characteristics of women //Ita. J. Sports Reh. – 2018. – Po. 5, 2. – P. 1063-1074.

[2] Горелик В.В., Беляев В.С., Филиппова С.Н., Чумаков Б.Н. Особенности психофизиологической адаптации учащихся 11-16 лет к учебным и физическим нагрузкам, детерминированные типами их вегетативной регуляции //Человек. Спорт. Медицина. – 2018. – Т.18. – №1. – С.20–32.

[3] Dill D. The economy of muscular exer cise //Phisiol. Rev.-Vol. 16. 1936. – P. 263-291.

[4] Досқараев Б.М. Қазақстандағы Олимпиадалық білім және спорт тарихының очерктері /Б.М.Досқараев, Е.К.Сейсенбеков, Е.Т.Алтынбек. – Алматы. 2019. – С.400.

[5] Дуркин П.К., Лебедева М.П. К проблеме воспитания личной физической культуры у школьников и студентов //Физическая культура: воспитание, образование, тренировка. –2000. – №2. – С. 50-53.

[6] Iconomescu T.M., Mocanu G.D., Talaghir L.G. The development of conditional motor skills by means of courses and applicative circuits in 6th grade girls during the physical education class //Человек. Спорт. Медицина. – 2017. – №4. – Т.17. – С. 50-57.

[7] Қаражанов Б. Қазақ дене тәрбиесі институты. – Алматы, 1991. – С.26-43.

[8] Кънчев О., Якимов М. Моделиране на адаптивна система за физическа дееспособност на студенти и курсанти /Материалы из IX-международной научной конференции по теме: «Съвременни тенденции на физическото вьзпитание и спорта». – София, 2017. – С.165-174.

[9] Maslow A.H. Motivation and Personality /A.H.Maslow. – New York, 1954. – P.65-86.

[10] Miyaznita M., Suadomoto T. The current problems of physical fitness in Japanese children /Journal of sports medicine. – 1987. – P. 40-45.

[11] Мусина С.В. О некоторых особенностях физической подготовки студентов с избыточным весом / Физическое воспитание и спортивная тренировка. – Волгоград. – 2018. – №3(25). – С.23-27.

[12] Olympic School Project. – Melbourn, 1989. – P.44.

[13] Сапарбаев М.Б. Подготовка учителей физкультуры. – Алматы, 1992. – С.286.

[14] Сейсенбеков Е.К. Дене шынықтыру мен спорт тарихы. – Шымкент, 2009. – С.144.

[15] Сейсенбеков Е.К. Қазақтың ұлттық ойындарын оқу үдерісінде жастарды тәрбиелеу амалы ретінде қолдану /Сейсенбеков Е.К., Тастанов А.Ж., Дауленбаев М.Т. «ҚазҰУ Жаршысы», Педагогикалық серия. – 2016. – №1 (47). – С.118-123.

[16] Сейсенбеков Е.К. Дене шынықтыру және спорт теориясы мен әдістемесі. – Астана: ЕҰУ баспасы, 2011. – С.431.

[17] Сейсенбеков Е.К. Спорт теориясы мен әдістемесі. – Астана, 2013. – С.330.

[18] Сейсенбеков Е.К. Білім алушының жеке дене мәдениетін тәрбиелеудің педагогикалық әдістері / Педагогика және психология. – 2016. – №1 (26). – С.118-122.

[19] Тәнікеев М. Қазақстандағы дене шынықтыру мен спорт тарихы. – Алматы, 2002. – 254 бет.

References:

[1] Bjelica B., Joksimović M., Seisenbekov Y., D'Onofrio R., Perovic T. The effects of pilates programs on motor skills and morphological characteristics of women //Ita. J. Sports Reh. – 2018. – Po. 5, 2. – P.1063-1074.

[2] Gorelik V.V., Belyayev V.S., Filippova S.N., Chumakov B.N. Osobennosti psikhofiziologicheskoy adaptatsii uchashchikhsya 11-16 let k uchebnym i fizicheskim nagruzkam, determinirovannyye tipami ikh vegetativnoy regulyatsii //Chelovek. Sport. Meditsina. – 2018. – T.18. – №1. – S.20–32.

[3] Dill D. The economy of muscular exer cise //Phisiol. Rev.-Vol. 16. 1936. – P. 263-291.

[4] Dosqaraev B.M. Qazaqstandağy Olimpiadalyq bilim jäne sport tarihynyñ oçerkteri /.M. Dosqaraev, E.K. Seisenbekov, E.T. Altynbek. – Almaty, 2019. – S.400.

[5] Durkin P.K., Lebedeva M.P. K probleme vospitaniya lichnoy fizicheskoy kul'tury u shkol'nikov i studentov // Fizicheskaya kul'tura: vospitaniye, obrazovaniye, trenirovka. – 2000. – №2. – S.50-53.

[6] Iconomescu T.M., Mocanu G.D., Talaghir L.G. The development of conditional motor skills by means of courses and applicative circuits in 6th grade girls during the physical education class //Человек. Спорт. Медицина. – 2017. – №4. – Т.17. – С.50-57.

[7] Qarajanov B. Qazaq dene tärbiesi instituty. – Almaty, 1991. – S.26-43.

[8] Kŭchev O., Yakimov M. Modelirane na adaptivna sistema za fizicheska deesposobnost na studenti i kursanti. / Materialy iz ÍKH-mezhdunarodnoĭ nauchnoĭ konferentsii po teme: «Sŭvremenni tendentsii na fizicheskoto v'zpitanie i sporta». – Sofiya, 2017. – S.165-174.

[9] Maslow A.H. Motivation and Personality /A.H.Maslow. – New York, 1954. – P. 65-86.

[10] Miyaznita M., Ssuadomoto T. The current problems of physical fitness in Japanese children /Journal of sports medizine. – 1987. – P.40-45.

[11] Musina S.V. O nekotorykh osobennostyakh fizicheskoy podgotovki studentov s izbytochnym vesom / Fizicheskoye vospitaniye i sportivnaya trenirovka. – Volgograd. – 2018. – №3(25). – S.23-27.

[12] Olympic School Project. – Melbourn, 1989. – P.44.

[13] Saparbaev M.B. Podgotovka uçïtelei fïzkultury. – Almaty, 1992. – S. 286.

[14] Seisenbekov E.K. Dene shynyqtyru jane sport tarihy, Shymkent, 2009. – S. 144.

[15] Seisenbekov E.K. Qazaqtyñ ulttyq oiyndaryn oqu üderisinde jastardy tärbïeleu amaly retinde qoldanu / Seisenbekov E.K., Tastanov A.J., Daulenbaev M.T. «QazUU Jarshysy», Pedagogicalyk seriya. – 2016. – №1 (47). – S.118-123.

[16] Seisenbekov E.K. Dene shynyqtyru jane sport teoriyasy men ädistemesi. – Astana: EUU baspasy, 2011. – S.431.

[17] Seisenbekov E.K. Sport teoriyası men ädistemesi. – Astana, 2013. – S.330.

[18] Seisenbekov E.K. Bilim alushynyñ jeke dene mädenietin tärbieleudiñ pedagogikalyq ädisteri /Pedagogika jäne psihologiya, 2016. – №1 (26). – S.118-122.

[19] Tänikeev M. Qazaqstandagy dene shynyqtyru men sport tarihy. – Almaty, 2002. – S.254.

Методы и особенности проведения казахских национальных игр на уроках по физической культуре

Н. Ордабаев[1], К. Абишев[2], Т. Кадырбаев[1], Е. Тугелбаев[2], Т. Баймырзаев[2]
[1]Региональный социально-инновационный университет (Шымкент, Казахстан)
[2] Казахский национальный педагогический университет имени Абая (Алматы, Казахстан)

Аннотация

В последнее время ученые, занимающиеся проблемой физического воспитания подрастающего поколения, все больше уделяют внимание национальным особенностям народных игр и физическим упражнениям. Это было связано климато-географическим особенностям, рельефу местности, что затрудняло эффективность функций физических нагрузок в стандартных школьных условиях. Отсутствие дорогостоящих спортивных сооружений и спортплощадок, разбросанность населенных пунктов, сложности местного рельефа не давали возможности проведения многих классических видов спорта, как – плавание, конькобежный и лыжный спорт и др., не имеют широкой поддержки. В сложившихся обстоятельствах для поддержания физических навыков и умений, национальные игры и являются панацеей, выходом из положения. Поэтому, решение проблемы подготовки физкультурных кадров в педагогических ВУЗах, компетентных организовать внедрение национальных игр в учебный процесс, требует систематического пересмотра. Успешность учебного процесса напрямую связана со степенью подготовки учителя. В связи с этим, учитывая вышестоящие обстоятельства, в учебном процессе может зародиться новый научный взгляд, вносящий свой вклад для физического и духовного развития подрастающего поколения.

Ключевые слова: уроки по физической культуре, виды национальных игр, методы проведения.

Methods and features of the Kazakh national games in physical education lessons

N. Ordabayev[1], K. Abishev[2], T. Kadyrbayev[1], Yer. Tugelbaev[2], T. Baimyrzaev[2]
[1]Regional Social Innovation University (Shymkent, Kazakhstan)
[2]Abay Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan)

Abstract

Recently, scientists involved in the problem of physical education of the younger generation are paying more and more attention to the national characteristics of folk games and physical exercises. This was due to climatic and geographical features, the terrain, which hindered the effectiveness of the functions of physical activity in standard school conditions. The lack of expensive sports facilities and sports grounds, the scattered settlements, the complexity of the local terrain did not make it possible to conduct many classic sports, such as swimming, speed skating and skiing, etc., do not have wide support. In the circumstances, to maintain physical skills, national games are a panacea, a way out. Therefore, the solution to the problem of training physical education personnel in pedagogical universities that are competent to organize the introduction of national games in the educational process requires a systematic review. The success of the educational process is directly related to the degree of teacher training. In this regard, given the higher circumstances, a new scientific view may be emerging in the educational process, contributing to the physical and spiritual development of the younger generation.

Keywords: physical education lessons, types of national games, methods of conducting.

Редакцияға 10.01.2020 қабылданды

ҒТАХР 18.45

Е.А.БИЛАЛОВ

Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы
(Алматы, Қазақстан)

ЗАМАНАУИ ТЕАТРДАҒЫ АКТЕР ТҰЛҒАСЫ

Аңдатпа

Зерттеу мақсаты – актердің сыртқы келбетінің негізгі ерекшеліктерін анықтау және оның бүгінгі сахна өнерінің таптырмас тасымалдаушысы екенін көрсету. Мақалада актер шеберлігіне, жалпы адамзаттық құндылықтарға және театр өнерінің ерекшеліктеріне назар аударылады. «Адамдарға арналған театр» тіркесі тұжырымдамасының мазмұны актерлердің ерекше миссиясында айқындалған және көрсетілген: тірі адамның сезімдерін, толқуын жеткізу және болып жатқан жағдайдың шынайы жай-күйін сездіру. Кәсіби актер ойынын ешнәрсе алмастыра алмайтыны, оның және көрермендердің арасындағы тікелей қарым-қатынас құралы ретінде, іс-әрекеттің барлық нюанстарын сезінуге мүмкіндік беретін идея негізделген. Мақаланың ғылыми жаңашылдығы технологияның дамыған дәуірінде және инновациялық арнайы эффектілерді енгізу жағдайында актерлік шеберліктің тозуы мен дамуын зерттеу болып табылады. Нәтижесінде, инновациялық технологиялар көрерменге шығарманың мәнін түсінуге көмектесуі керек екендігі айқындалып, сипатталады, ал актер шеберлігі өз кезегінде көрерменнің жалпыадамзаттық құндылықтарына бағытталуы керек екендігі анық көрсетіледі.

Түйін сөздер: театр, театр өнері, актер, режиссёр, спектакль, творчество, жаңа технологиялар, эмоция, актер шеберлігі, сахна шеберлігі.

Кіріспе. Театр – көркемдік ізденістер аясы мен интерпретациялары шексіз өнер түрі. Көркемдік-эстетикалық ізденістерсіз көркемдік даму жоқ. Ал, бұл ізденістерде негізінен режиссура алдыңғы планда тұрады. Бұл – режиссура өнерінің өркендей

бастаған XX ғасырдан бері жалғасып келе жатқан үрдіс. Режиссерлік театрлар өткен ғасырдың екінші жартысынан бастап қатты қарқын алғаны белгілі. Режиссерлік театрлардың сахна өнеріндегі, ондағы жанжақты ізденістердегі орны, әрине, ерекше. Айталық, Кеңес одағы театрларының бәрі іргетас етіп алған Станиславский жүйесі, қала берді Мейерхольд, Вахтангов, Товстоногов, берідегі Любимов, Захаров, Стуруа, тағы басқалар, қазақ сахнасынан айтар болсам, Ж.Шанин, А.Тоқпанов, Б.Омаров мектептері, әсіресе, Ә.Мәмбетов мектебінен қаншама көрнекті актерлер шықты. Солардың ішінде қазақ театр өнерінде өзіне ғана тән орындаушылық ерекшелігімен, көркем-эстетикалық талғамымен дараланып есімі қазақ театр тарихында алтын әріппен жазылған ұлы тұлғаларымыздың бірі – Әнуар Молдабеков. Дарынды суреткер қазақ актерлік өнерін озық өреге, әлемдік тұғырға көтеріп, актерлік бақытты басынан кешкен, өз еңбегінің зейнетін көрген, халқына тынбай қызмет еткен, ұрпақтар зердесіне ұлағат сәулесін сепкен дара тұлға болып қалды [10].

Қазақ сахна өнерінде қойылымдық режиссураның көрнекті өкілі Ә.Мәмбетов мектебінің өкілдері, бүгінде қазақ сахнасының аға буыны М.Әуезов театрының ғана емес, жалпы ұлттық сахна өнеріміздің жоғарғы деңгейін күні бүгінге дейін ұстап келеді. Ал, Мәмбетовтің өзі самородок сары алтын актерлер, ұлттық сахна іргетасын қалаушылардан көп үйренген, оларды өзінің ұстаздары санағаны еске түседі.Жалпы қазақ сахнасында актерлік мектеп мықты саналады. Бұл, әрине, мақтаныш.Дәстүр жалғастығы сақталып отырған театрымызда аға буыннан үйренгені, үйренері көп орта және жас буын өкілдері жақсы жарасыммен өнер көрсетіп келеді. Репертуардың негізгі жүгін көтеріп, заман талабына сай өнер көрсетіп келе жатқан да осылар. Ал, қазіргі заман актерден ерекше ізденіс пен жанжақты еңбекті талап етіп отыр.

Негізгі бөлім. Актердің жасампаздығы оған назар аударғанда барып іске асады [11]. Актердің сахнадағы ойыны – қиын да күрделі, өйткені сол кеш, сол сәтте роль қалай өрнектеледі, солай шығады. Онда кинодағыдай екінші, үшінші дубль деген жоқ, монтаж кезінде түзетіп жіберу мүмкіндігі де жоқ. Актер өз ойынына, сахнада өтіп жатқан оқиғаға көрерменін сендіре білуі, көрермен залын еліте білуі шарт. Осы орайда, самородок сары алтындардың бірі Қалибек Қуанышбаевтың Абайы жайында айтылған сөз еске түседі. «Оны көргенде ұялас жауыз жандар жым-жырт болады. Ол қос ғашыққа арашаға келген Абай еді. Абай ұзақ толғанып, үнсіз тұрады. Ол өзгелердің де осы айуандық қылықтарын ойлануларына мүмкіндік береді. Осы көріністе Қуанышбаев өзінің үнсіз тұрыс, дыбыссыз сөзімен көрермен қауымның ақыл-ойын бірден билеп әкетеді. Данышпан дананың рухани құдіретті күйін актер асқан шеберлікпен жеткізеді» [10]. Және де бұл тұста актердің сахналық шындығы – үшінші-төртінші шындық (драматург-режиссер-сценограф-актер) және осының барлығына қарамастан басты шындық болып шығады. Жоғарыда атап өткеніміздей ішкі әлемі әрдайым мазмұнға толы, қарым қабілеті орныққан, жанары жасындай жарқылдаған сөзі мірдің оғындай – актер – негізгі идеяны жеткізуші, әлемнің образды картиналарын жасап шығарушы, театрдың негізгі тұлғасы, басты тірегі.

Осы тұста актер шығармашылығындағы негізгі құралының бірі – сөз өнері жайында бір ауыз айта кеткім келеді. Сөз арқылы шығарманың негізгі идеясын, болмысын танып білеміз [12]. Сөз мәдениеті адамның ойлау, логикалық мәдениетінің жоғары деңгейде болуын меңзейді. Сөз мәдениетіне қойылатын үлкен талаптың бірі – өз туған тілін құрметтеу, ардақтау, мақтан тұту болып табылады [6].

Абайдың «Құлақтан кіріп, бойды алар
Әсем ән мен тәтті күй» – дегеніндей сөздің де адам бойын билеп, оған әсер етудегі алар орны зор. Әдемі, құнарлы, мағналы, сөзді естіп отырып көрермен иә тыңдарман сан алуан күй кешеді, одан ғибрат алып, пайымы, өмірге деген көзқарасы өзгеріп, қалыптасады. Мысалы, М.Әуезовтың «Қарагөзінде» Сы-

рым мен Қарагөздің алғашқы кездесулерінде Сырым, Қарагөзге қарап: «Қара түндей қасірет ортасында, жалғыз шырақ жарығым, маңдайдағы жұлдызым, торға түскен ақ тотым, келші күнім» - дейді. Сонымен қатар, келесі кездесулерінде: «Сәулем Қарагөз! Мен сені үнемі көрем, далада ауылда, қара түнде иесізде, айдалада елсізде, әрбір салған әнімде, тартқан күйімде ұдайы көз алдымда өзіңсің, қарайсың да тұрасың, солайсың сен Қарагөз, Қарагөз ару, асығым» – дейді.

Өкінішке орай, бүгінгі күні ғашықтар арасында, маңдайдағы жұлдызым, ақ тотым, сәулем, аруым, асығым және жоғарыда айтылған теңеулердің бірі айтылса, бірі айтылмайды. Ал айтылған жағдайда, ғашықтардың жан жүрегі бір-біріне қаншалықты тазалықты жеткізер еді. Сөз құдіреті олардың бір-біріне деген сенімін соншалықты нығайтып, сезімнің тереңдігіне жетелейтін еді. Сонда араларындағы қарым – қатынастың баянды болары сөзсіз еді. Өзара сезімдеріне кәміл жастар көп болса, біз және біздің ұрпағымыз өмір сүретін қоғам, гүлденіп жақсармаса, жапа шекпесі анық емес па еді?

Актер үшін осынау сөздің құдіретін сезіну, маржандай тізіп, жан дүниесіне сіңіріп оны сахна төрінен айта біліп, көрермен көкейіне жеткізу қандай ғажап; себебі, көрерменге жеткізбес бұрын актер бұл сөздерді түсініп өзінің жадына сіңіру үшін қаншама жағымды, жақсы психологиялық өзгеріске енеді, саналы түрде, әлгі жазылған сөздерді өзі оқып, ести отырып пайымдағанда, оның санасында сан түрлі көріністер пайда болып (актер тілінде видение деп атайды) жаны елжіреп ләззатқа бөленіп, өзге адамға екібастан жақсылық жасағысы келіп тұратын күйде болады. Бұл сөз өнерінің тылсым күші. Сөзде сиқыр бар деп ықылым заманнан келе жатқан даналар бекер айтпаса керек. Яғни сөз көрерменге актер арқылы шығарманың идеясын жеткізуші құрал ғана емес, актердің адал адам, азамат ретінде қалыптасуына зор ықпал етуші күш. Ал сахна төрінен үлкен психологиялық мәні терең философиялық ауқымы кең ойларды жеткізетін актер болу үшін де, бүгінгі жас буынға алдымен адам болып қалыптасу шарт. Ендеше ғұлама Әуезовтың шығармаларындағы сөзді санасына сіңірген жас актердің, өмірде адам, өнерде кәсіби маман болмасқа еш хақысы жоқ сияқты.

Сахнада керемет дикциясымен, қоңыр үнді даусымен осындай сөз маржанын көрермен көкейіне жеткізетін актердің орнын ешқандай бүгінгі сахнадағы технология, техника алмастыра алмайтынына тағы да кәмілмін.

Дей тұрғанда, заманауи өнер театрдағы режиссуралық, сценографиялық ізденістерге кеңінен жол ашты. Бүгінгі сахнада да өткен тарихымызды немесе қазіргі уақытты бейнелеу барысында режиссерлік қойылымдар басымдық алып отыр және бұл – бүкіләлемдік тенденция екенін жақсы білеміз. Режиссерлік эксперименттер жасау – қазіргі театрдың даму шарттарының бірі. Тәжірибелі театр қайраткерлері, режиссерлер де, режиссурадағы жас буын да өз туындыларын жаңаша формада беруге ұмтылады [5]. Эксперименттің жақсысы Асылбек Ихсанның айтуындағы таза ұлттық нақыштағы Белгі театрының шарттарымен жасалғаны ғажап болар еді. Оның айтуынша:

«Ал театр дегеніміз, уақыт пен кеңістікті көркемдік заңдарына сүйене отырып кері «пішіп», бір жарым сағаттың ішінде ғасырларға созылатын оқиғаларды көрермен алдында өткізіп шығатын болғандықтан театр тілі – тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін белгі арқылы жеткізетін көркемдігі ерекше күрделі тіл» [9].

Десекте, қазақ театры әлемдік сахна өнеріндегі ізденістерден шет қала алмайды. Оның үстіне театр өзге де мәдени үдерістермен қанаттаса дамитыны тағы бар. Сондықтан да республика театрларында дәстүрлі қойылымдармен қатар жаңа драма театры, деректі театр, визуалды театр көріністері бар, сондай-ақ мюзикл, шоу спектакльдер де баршылық [3]. Әрине, біздер әйтеуір бір жаңалықты емес, жаңа бір көркемдік сезім-танымдарды қолдау бағытын ұстанамыз.

Бұл тұста актерлер қауымы ре-

жиссер үшін небір ауыр салмақты жауапкершілікпен көтеретін Атланттар мен Кариатидалар болып шығады. Ал, мықты, актерлер режиссерлік ізденістерге тез бейімделіп, кез-келген күрделі міндеттер үдесінен шығып келеді. Мұндай міндеттер, сөз жоқ, актерлердің биік кәсіби шеберлігін танытса керек [2]. Сонымен қатар бүгінгі таңда актер – таусылмайтын бір сынақтар объектісіне айнала бастаған жоқ па деген алаң туындайды. Енді осы ойымды таратып көрейін.

Қанша жерден театрдың негізгі тұлғасы актер дегенімізбен бүгінгі таңдағы заманауи театр да – режиссерлік театр екенін және басымдық та осындай театрда екенін мойындауымыз керек [14]. Ал, режиссерлік театр көп жағдайда авторитарлық театр екені әмбеден аян. Бұл – қандай да қойылымның өзегі режиссердің қойылымдық концепциялары болып шығады деген сөз. Мұның өзі режиссердің диктатын барынша орнықтырды және актердің өзіндік төлтумалығына нұқсан келтіретін, өзіндік даралығын айқындауға кедергі болып жататын жағдайлары бар. Театр тарихында, оның ішінде қазақ театрының тарихында да осындай ахуал болмай қалған жоқ. Режиссер мен актердің тайталасына әкелетін жағдайларға кешегі өткен және жақын тарихымыздан мысалдар келтіруге болады. Актердің психологиялық комфортты зонада жұмыс жасауының маңызы үлкен [13]. Режиссуралық диктатқа көнгісі келмейтін және өзінің идеяларын толықтай жүзеге асырғысы келетін актерлердің тәжірибе жинақтай келе режиссураға ауысатыны, мүмкіндік болып жатса, өз театрлары мен студияларын ашып, еркін театр қағидасымен жұмыс жасауға ұмтылатындары себепсізден себепсіз болмаса керек.

Режиссерлық шешімдегі спецэффектілер, тіпті шешімнің өзі үстемдік құрған жерде актердің рөлі жоққа тән. Бұлай дейтін себебім, театр сахнасындағы көркем туынды, яғни спектакль көрермен көкейіне эстетикалық талғам қалыптастыратын мектеп іспеттес десек, оның басты оқытушылық миссиясын орындаушы – актер дер едім. Актер әдеби шығарма сахналанған кезінде, оның күллі идеялық мазмұнын, актер орындайтын кейіпкердің өмірбаянынан бастап, сол кейіпкердің жан сезімін, санасынан, өзегінен өткен бүкіл қақтығыс, қуанышын, өкінішін, құлау мен құлдырауын, ой-арманын, сезім діріліп, күйінішін өз бойына, болмысына сіңіріп, жадында сақтап, өзіне тән театрлық бояу-өрнекпен жаңа күйге түсіріп, кейпкердің мінезі мен өзара қарым-қатынасынан туған қақтығысы, тартыс талас іс-әрекетіне жан бітіріп, тірілтіп жібереді [4].

Яғни сахнадағы жансыз режиссерлық шешім мен спецэффекті емес, тірі актердың жан сезімі, жүрек дүрсілі, толғанысқа толы көз жанары, эмоциялық тебіреніске толы үні, демі, және т.б. көрерменнің жадына ғана емес, күллі жан дүние – болмысына әсер етіп, есінен көп уақытқа дейін кетпеуі арқылы санасына эстетикалық талғам мен таным қалыптастыратыны хақ.

Демек, театр атты бекзат өнерде, ондағы қойылатын көркем қойылымды құрайтын декорация, жарық, музыка, костюм, грим және басқа да режиссер қолданатын спецэффектілердің ішіндегі негізгі нысан мәртебелі актер болып қала бермек.

Бұл тұста мен режиссерлік театрға қарсы шығып тұр деген ой тумаса деймін. Мені алаңдататыны – режиссерлік ұстанымда жұмыс істейтін актерлердің қазіргі таңда тағы бір психологиялық стреске ұшырау мүмкіндігі. Бұл қазіргі таңда театр өнеріне де дендеп ене бастаған жаңа технологияларға байланысты мәселе. Актерлерге осы заманауи технологиялармен «бәсекелестікте» еркін жұмыс жасай білетін уақыт туып отыр.Өйткені бүгінде театрларда көптеген спектакльдердің идеялары мен сюжеттері, сондай-ақ визуалдық қатары айқындала түсуі үшін заманауи инновацияларды, кең экрандық, сондай-ақ 3D технологиялар пайдалану кеңінен етек жая бастады. Мақсат – қойылымдардың көркемдігін, көрермендерге әсер ету сапасын арттыру. Жаңа технологиялар спектакльдерге үлкен ауқым береді, визуалдық қабылдауға үлкен әсер етеді. Бүгінгі көрермен, әсіресе, жас көрерменннің клиптік санасына, сондай-ақ

ұжымдық санаға әсер ететін қойылымдарда жаңа технологиялардың алар орны маңызды.

Бүгінгі таңда спектакльдердің көркемдігін, көермендерге әсер етуін сапасын арттыру мақсатында біздің Мұхтар Әуезов театрында да жаңа технологиялар тиімді пайдаланылып келеді. Ондай қойылымдарымыздың визуалды қатары өте көркем. Мысалы, «Бейбарыс сұлтан» және «Таңсұлу» спектакльдері – сахналық сымбаты жарқын; жаппай майдан, сондай-ақ жекпе-жек сахналары, өзге де пластикалық қатарлары көркем, сонысымен де бүгінгі көермендер талабынан шығатын туындылар. Режиссерлік, актерлік шешімдер туған ел, жерге деген сүйіспеншілікке бастайтын үлкен идеясымен ерешеленетін бұл қойылымдар панорамалы кинокартина сияқты әсер қалдырады. Мұннан көермен жал-жал толқынды буырқанған теңізді де, алып кемелерді де, сайын даладағы шайқастар мен жекпе-жектерді де қызыға тамашалайды.

Панорамалы кинокартина сынды «Қорқыттың көрі» және «Ай мен Айша» спектакльдеріндегі ғарыштық кеңістіктер, ауысып отыратын пейзаждар көерменнің қабылдау аясын кеңейтеді. Театр репертуары үшін, ұлттық тарихтың бояу-бедерін тану үшін тарихи-ғұмырнамалық драмалардың орны бөлек [14]. Мәселен, Қазақ хандығының 550 жылдығына көрнекті жазушы Ілияс Есенберлтннің романы бойынша арнайы шығарылған «Алмас қылыш» қойылымында да сахна кеңістігі мейлінше пайдаланылады және үш өлшемде (жер үсті – жер асты – аспан көк) қабылдауға мүмкіндік тудырады. Бұл қойылымдардың жарық және дыбыстық эффектілері және музыкалық көркемделуіде ерекше.

Жаңа технологиялық жетістіктер еркін қолданылған «Бейбарыс сұлтан», «Таңсұлу», «Қорқыттың көрі» спектакльдері. Бұл спектакльдерде би және сахна сайысы жеткілікті қойылған. Ал сахналық барлық қимыл-қозғалыс *біріншіден* – жақсы көріну керек; *екіншіден* – композициясы әрқашан да аяғына дейін жетіп, дер кезінде тоқталуы қажет; *үшіншіден* – соққыға қарсы реакция күші, жұлқу күшіне сай болу қажет; төртіншіден – серіктерінің бар қимыл әрекеті бір – бірімен қатаң түрде үйлесімді болуын – сахна сауаттылығы дейміз [8].

Осы тұрғыдан келгенде, қимыл-қозғалыс сауаттылығы және пластикалық партитуралардың көркемдік деңгейі өте жоғары. Сахнада көркем де келісті көрінер әрбір сахна, әрбір эпизод нағыз кәсібилер еңбегінің жемісі.

Дегенмен де жаңа технологиялар актер өнерін кері ысыратын тенденция белең алып, жанды өнерге деген жанашырлықты азайтып кетпесе деген алаң бар екенін жасыра алмаймыз.

Небір жаңа технологиялар актердің жанды келбетін, жан дүние дірілін, сезім толқындарын, визуалды және вербалды қимыл-қарекеттерін, паралингвистикалық (дауыстың құбылуы, дыбыс үндестілігі мен үн тазалығы, т.б.) және экстралингвистикалық (сөз арасындағы пауза және күлкі, жылау, жөтелу, үілдеу, т.б. қосымшалар) ерекшеліктерін бере алмайтыны, актер ойынына жандылық және мағыналық ақпараттар беретін басқа да элементтер қоса алмайтыны анық. Әрине, сахна өнері қазіргі таңда әбден салтанат құрған бұқаралық мәдениет ахуалында уақыт талаптарын еске алмай дами алмайды. Дей тұрғанда бүгінгі заман жастарына клиптік сана өкілдері деп қарау – олардың саналы адам баласының орасан жетістігі – ойлау қасиет-құдіретін есепке алмау болып шықпауы тиіс.

Театрда жаңа технологиялар мен құралдар жалаң эффект тудыруға немесе режиссердің шығарманы интерпретациялаудағы әлсіздігін «жасыруға» көмектеспеуі тиіс. Мейлі драмалық спектакльде, мейлі заманауи мюзиклде болсын, заманауи техникалық құралдар көерменнің дүние-ғаламды тани түсуіне, тиімді қарым-қатынас жасауға қызмет ететіндей деңгейде қолданылуы шарт, оларды пайдаланудағы негізгі мақсат та осы болса керек.

Қорытынды. «Театр – адамдар үшін» қағидасы өзінің маңыздылығын ешқашан жоғалтпақ емес. Театр қоғамның, адамның өзін-өзі тануы, зерттеуі, жақсара түсуі жо-

лында еңбек етеді; адам жанымен сырласады, жеке адамға қарата үн қатады [1]. Театр – сахнадан адамды өзін-өзіне таныта отырып адам табиғатының өзгермелілігін, нәзіктігін және рух мықтылығын бейнелейді. Мына әлем-ғаламның, өмірдің көп қырлылығын, көп нұсқалылығын терең тани түсуге мүмкіндік ашады. Бұл тұста театрды, сахнаны психоаналитик деуге болар еді. Бұл тұста Е.Гротовскийдің актер орындаушыдан авторға айналатыны туралы пікірі еске түседі.

Театр – адамдарды ізгілік, игі мұраттар жолында біріктіреді, бұл, сөз жоқ, – ұжымдық сана қағидасынан өзгеше бірігу. Әрине, осының бәрінде актердің миссиясы үлкен. Көрерменге қай кезде де 3-D, 4-D жаңа технологиялардан, небір жаңа смартфондардан гөрі қашанда таза рухани күш-қуат, адами сұхбаттастық, қарым-қатынас, байланыстар қымбат. Мұндай күш-қуатты, сұхбаттастықты, керек десеңіз, өз өміріне проекцияны көрермен барлық оқиға, көңілкүй, небір қақтығыстар «тап қазір және осы жерде өтетін» (здесь и сейчас по Хайдегеру – ӘБ) актер ойынынан, көркем спектакльден ғана ала алады.

XXI ғасырда театралдық формалар байытылып, әртүрлі бағыттағы театрлардың молаюы – уақыт талабы. Ал, бүгінгі сахнада актерлік өнер қайта түлеп, жаңаша жарқырауына бүкіл театрлық қоғамдастық мүдделі болса ғанибет. Бүгінгі сахна өнері өз көрерменін, әсіресе, жас ұрпақты жаңа технологияларды емес, адам баласының биік мұрат, асыл армандарын проекциялайтын актерлік өнер биігіне таң қалатындай жағдайға жету жолында еңбектенуді жазсын деп тілеймін.

Пайдаланылған әдеби қайнар көздер тізімі

1. Құндақбайұлы Б. Театр туралы толғаныстар. – Алматы: Өнер, 2006. – 320 б.

2. Немирович-Данченко В.И. Рождение театра. – Москва: Правда, 1989. – 576 с.

3. Шостак И. Режиссер Мамбетов. – Алма-Ата: Өнер, 1989. – 144 с.

4. Иовлева-Жантурина М.В., Кравцов А.М. Я – актер. Я – человек. Высшее достижение создателя: Сборник воспоминаний о народном артисте Казахстана, популярном актере театра и кино Нурмухане Жантурине. – Алматы: Атамура, 1997. – 256с.

5. Кнебель М.О. О действенном анализе пьесы и роли. 3-е изд. – М.: Искусство, 1982. 119 с.

6. Әбішева Р.Р. Сөз мәдениетін қалыптастырудың кейбір мәселелері /Педагогика және психология. – 2019. – №1(38). – с.....

7. Мұхтарханқызы З. Қазақ киносының анасы /Мәдениет. – 2020. – №8. – 168 б.

8. Құлбаев А. Сыр мен Сымбат. – Алматы: Мектеп – Болашақ, 2005. – 344 б.

9. Ихсанов А.М. Түркілердің «Белгі театры» /«Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында заманауи театр өнерінің даму тенденциялары: Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары, 19 қараша. – Алматы, 2018. – 398 б.

10. Нұрпейіс Б.К. Сахна шеберлігі. – Алматы, 2018. – 284 б.

11. Құлбаев А. Б. Сырлы сезімнің сыртқы иірімдері: Монография. – Алматы: Литера-М, 2016. – 262 б.

12.Тұранқұлова Д. Сахна тілі: Оқулық. – Алматы: Білім, 2011. – 264 б.

13.Мұқан А. Театрда туған толғамдар: Зерттеулер, мақалалар, рецензиялар. – Алматы: Балауса, 2019 – 386 б.

14. Исламбаева З.У. Ұлттық өнердің жаңhарлары: Монография. – Алматы: Service Press, 2019. – 256 б. + 24б. сурет.

References

1. Qundaqbaıuly B. Teatr týraly tolǵanystar. – Almaty: Óner, 2006. - 320 b.

2. Nemırovıch-Danchenko V.I. Rojdenıe teatra. – Moskva: Pravda, 1989. – 576 s.

3. Shostak I. Rejıser Mambetov. – Alma–Ata: Óner, 1989. – 144 s.

4.Iovleva-Jantýrına M.V., Kravsov A.M. Ia – akter. Ia – chelovek. Vysshee dostıjenıe sozdatelá: Sbornık

vospomınanıı o narodnom artıse Kazahstana, popýlárnom aktere teatra ı kıno Nýrmýhane Jantýrıne. – Almaty: Atamýra, 1997 . – 256 s.

5. Knebel M.O. O deıstvennom analıze pesy ı rolı, 3-e ızd. – M.: Iskýsstvo, 1982. – 119 s.

6. Ábisheva R.R. Sóz mádenıetin qalyptastyrýdyń keıbir máseleleri /Pedagogıka jáne psıhologıa. 2019. – №1(38). – s....

7. Muhtarhanqyzy Z. Qazaq kınosynyń anasy. – Mádenıet, 2020. – №8. 2020. – 168 b.

8. Qulbaev A. Syr men Symbat. – Almaty: Mektep – Bolashaq, 2005. – 344 b.

9. Ihsanov A.M. Túrkilerdiń «Belgi teatry» /«Rýhanı jańgyrý» baǵdarlamasyn júzege asyrý aıasynda zamanaýı teatr óneriniń damý tendensıalary: Halyqaralyq ǵylymı-praktıkalyq konferensıa materıaldary, 19 qarasha. – Almaty, 2018. – 398 b.

10. Nurpeıis B.K. Sahna sheberligi. – Almaty, 2018. – 284 b.

11. Qulbaev A.B. Syrly sezimniń syrtqy ırimderi: Monografıa. – Almaty: Lıtera-M. – 2016. – 262 b.

12. Turanqulova D. Sahna tili:. Oqýlyq. – Almaty: Bilim, 2011. – 264 b.

13. Muqan A. Teatrda týǵan tolǵamdar: Zertteýler, maqalalar, resenzıalar. – Almaty: Balaýsa, 2019 – 386 b.

14. Islambaeva Z.Ý. Ulttyq ónerdiń jaýharlary: Monografıa. – Almaty: Service Press, 2019. – 256 b. + 24 b. sýret.

Облик актера в современном театре

Е.А.Билалов
Казахская национальная академия искусств имени Т. Жургенова
(Алматы, Казахстан)

Аннотация

Цель исследования – определить главные черты облика актера и показать, что он является незаменимым носителем сегодняшнего сценического искусства. В статье, акцентируя внимание на мастерство актера, рассмотрены также общечеловеческие ценности и специфика театрального искусства. Определяется содержание понятия фразы «Театр для людей» и демонстрируется в особой миссии актёра: передать чувства, волнения живого человека и подарить истинные ощущения всей атмосферы происходящего. Обосновывается идея о том, что ничто не сможет затмить игру профессионального актера, как материал живого общения между ним и зрителем, позволяющего прочувствовать все нюансы действия. Научная новизна заключается в изучении перерождения и развития актерского мастерства на фоне развивающегося века технологий и внедрения инновационных спецэффектов. В результате, выделен и охарактеризован тот факт, что инновационные технологии должны способствовать пониманию зрителем сути постановки, а мастерство актера должно быть обращено к общечеловеческим ценностям зрителя.

Ключевые слова: театр, театральное искусство, актер, режиссёр, спектакль, творчество, новые технологии, эмоция, актерское мастерство, сценическое искусство.

The image of an actor in the modern theater

Bilal Yerlan
Kazakh National Academy of arts named after T.Zhurgenov
(Almaty, Kazakhstan)

Abstract

The purpose of the study is to determine the main features of the appearance of the actor and show that he is an indispensable carrier of today's stage art. In the article, focusing on the skill of the actor, universal human values and the specifics of theatrical art are also considered. The content of the concept of the phrase «Theater for people» is determined and demonstrated in the actor's special mission: to convey the feelings, excitement of a living person and give true feelings of the whole atmosphere of what is happening. The idea is substantiated that nothing can overshadow

the game of a professional actor, as a material of live communication between him and the audience, allowing you to feel all the nuances of the action. Scientific novelty lies in the study of the degeneration and development of acting skills against the backdrop of a developing age of technology and the introduction of innovative special effects. As a result, the fact that innovative technologies should help the viewer understand the essence of the production is highlighted and characterized, and the actor's skill should be directed towards the universal values of the viewer.

Key words: theater, theatrical art, actor, director, performance, creativity, new technologies, emotion, acting, stage art.

Редакцияға 03.06.2020 қабылданды

ҒТАХР 14.35.07

Ә.Т. ИСАЛИЕВ[1], А.Б. АБАКАЕВА[1], А.Н. КАРЫМБАЕВА[1]

[1]Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы
(Алматы, Қазақстан)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ СПОРТТЫҚ-БАЛ БИІНІҢ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ МЕН БАҒЫТТАРЫ (1968-1988 жж. кезеңі)

Аңдатпа

Мақалада Қазақстан Республикасындағы спорттық-бал биінің дамуының негізгі кезеңдері мен бағыттары сипатталған. Деректерді хронологиялық әдіс арқылы көрсету таңдалған, өйткені бұл спорттық-бал биі жаттықтырушыларының педагогикалық іс-әрекеті мен қалыптасуының динамикасын бақылауға мүмкіндік береді. Отандық спорттық-бал билерінің қалыптасуы мен дамуының негізгі екі кезеңі келтірілген. Леонид Петрович Векшин, Валентина Васильевна Евсеева, Валерий Валентинович Анцышкин секілді қайраткерлердің Республикамыздағы спорттық-бал билерінің дамуына қосқан үлестері баяндалған. Елімізде алғашқы еуропалық және латын американдық билер мектептерінің, спорттық-би клубтарының ашылуы және осы билер бойынша алғашқы жарыстарының өткізілуі белгіленген. Қазақстанда спорттық биді дамытуға көмектескен шетелдік мамандардың есімдері келтірілген. КСРО кезіндегі спорттық-бал билерінің қандай қиындықтармен кездесуі сипатталған. «Радуга» спорттық-би клубының қалыптасуы туралы деректер келтірілген.

Түйін сөздер: спорттық-бал биі; хореография; кезең; спорттық-би клубы; «Радуга».

Кіріспе. Мақала тақырыбының өзектілігі соңғы жылдардағы белгілі бір жетістіктерге қарамастан, қазіргі уақытта спорттық-бал биі мұғалімдер мен жаттықтырушылардың алдында жинақталған педагогикалық тәжірибені жалпылау және талқылау міндетін қоятындығына байланысты. Спорттық-бал бидегі жаттықтырушылардың педагогикалық іс-әрекеті мен педагогикалық қызметінің негізгі кезеңдерін тарихи тұрғыдан зерделеу қажеттілігі болғандықтан, біз бұл мәселеге бет бұрдық. Мақалада келтірілген фактография «Спорттық бал биі педагогикасы» мамандығының студенттері үшін дәріс курсын дайындауға және толықтыруға ғылыми қызығушылық тудырады. Сондай-ақ, жүйелі материалды зерттеушілер таңдалған ғылыми мәселелерді кең аспектте одан әрі дамыту үшін қолдана алады.

Спорттық-бал биін еденде дамыту процесінде екі негізгі кезеңге бөлуге болады. Әрине, мұндай градация (кез-келген периодтау сияқты) белгілі бір дәрежеде шартты: бал биі эволюциялық жолмен дамыды, және көбінесе жаңа тенденция бастапқы кездейсоқ құбылыстың өзіндік түрі ретінде пайда болды, ол бірінші кезекте даму векторына мүлдем сәйкес келмеді. Өз уақытынан едәуір бұрын, ол ұзақ уақыт бойына оқшауланған факт, прецедент болып қала

берді және көптеген жылдардан кейін оның әлеуетін одан әрі дамыту үшін жағдай туды. Сондықтан, спорттық-бал биін дамытуды ұсыну кезеңі ретінде критерийлер ретінде ең айқын және дәйекті трендтер таңдалды.

Негізгі бөлім. Бірінші кезеңді (1968-1978 жж.) бал биінің пайда болуы мен қалыптасу кезеңі деп анықтауға болады. 1966 жылы Алматы қаласында жаңа үй құрылысы комбинатының Мәдениет сарайы («АДК») ашылды. Оның алдында бал билері клубы жұмыс істеді. Бұл үйірменің бастауында кім тұр деген сұраққа жауап беру мүмкін емес, өйткені мұғалімдер мен жаттықтырушылардың жұмысы туралы жазбалар іс жүзінде жоқ, өкінішке орай, көптеген нәрселер қайтарымсыз жоғалып кетті және кейбір оқиғалар Леонид Петрович Векшин, Валентина Васильевна Евсеева, Галина Дмитриевна Зайдентрумф секілді мұғалімдерінен еске түсірулеріне сәйкес қалпына келтірілді. Барлығы қалпына келтірілмеген, бұл Республикада спорттық-бал билерінің даму тарихының алғашқы кезеңдеріне қатысты материалдың үзіндісін түсіндіреді. Сонымен бірге, осы зерттеудің мақсаттарын іске асыру үшін салыстырмалы талдау жүргізу қажет, атап айтқанда: КСРО-да спорттық-бал билерінің қалыптасуы мен дамуы, өйткені Қазақстан посткеңестік кеңістіктегі одақтас республикалардың бірі болды. Сондықтан қалыптасу кезеңдері мен оның бағыттары одақтас республикалардың аумағында бал билерін ұйымдастырудың жалпы принциптері мен тәсілдеріне байланысты болды [1].

Өткен ғасырдың 30-жылдарында Еуропада бал билері күшті позицияға ие болғаны белгілі – әр түрлі елдердің ашық чемпионаттары жүйелі түрде өткізіліп отырды, ресми жарыстар – Еуропа және әлем чемпионаттары. Болашаққа көз жүгіртсек, КСРО-да 70-ші жылдарға дейін Батыста сияқты әуесқойлар мен кәсіпқойларға бөлу болмаған. Бірақ халықтың бал билеріне деген қызығушылығы өте жоғары болды. Бастапқы кезеңде бал билерімен негізінен мектептен немесе жұмыстан кейін еденге шыққан жастар мен зиялылар айналысқан. Жас шектеуі болған жоқ. Бал биі ресми түрде 60-жылдардың аяғында дами бастағанына қарамастан, ұқсас кезең Қазақстанда да өтті.

Зерттеу көрсеткендей, Алматыда «АДК» Мәдениет сарайы ашылғаннан кейін, бірнеше айдан кейін бал билері сабақтарында би жұбы – Леонид пен Инесса Векшиндар пайда болды. Леонид Векшин Рига авиациялық институтын бітіргеннен кейін жұбайы Инесса Векшинамен бірге туған Алматыға оралады.

1968 жылдың 13 қазанында Леонид пен Инесса Векшиндар «АДК» Мәдениет сарайында еуропалық және латын американдық билер мектебін ашты. Осылайша республикада спорттық бидің бірінші тобы дүниеге келді. Бұл отандық хореографиялық мәдениеті тарихында жаңа құбылыс болды - аренада хореографияның бір түрі – спорттық-бал биі пайда болды. Векшиндар спорттық бидің болашақ табысының кілті, ең алдымен, оған кадрларды даярлауға байланысты екенін түсініп, оқу процесін ұйымдастыруда және оған билейтін жұптарды таңдауда белсенді қатыса бастайды. Векшиндардың педагогикалық жұмысындағы қағидалардың бірі стандартталған қимылдар мен байланыстарды үйрену принципі болды. Жас мамандар бірденке жаңа ойлап табуға тырыспады, негізгі міндетіне зиян келтірмеді. Олар еуропалық және латынамерикалық билердің бірыңғай бағдарламасын қатаң ұстанды [2].

Республикада Алма-Ата бишілерінің «ісінің» ізбасарлары, «стандарт» пен «латина» жақтаушылары пайда болды. Валерий мен Ольга Анцышкиндер өздерінің белсенді қызметін Қарағандыда бастады, олар 1970-ші жылдардың басында Кеншілер Мәдениет үйінде Бал-би ансамблін (кейіннен «Халық» атағына ие болды) құрды. Валерий мен Ольга Анцышкиндер Ленинградтан келген Александр Александровтан би билеуді үйренген. Бұл топқа Татьяна Тихонова, Валентина Суханова, Александр Бондаренко да қатысты.

Анцышкиндардың ұжымы негізгі және дайындық топтарына бөлінді. Олар кеңестік бағдарламаның билерімен, еуропалық, формейшн, диско және жеке, кейіннен латын америка билерімен айналысты [3, С.10, 14, 24.].

Олармен танымал халықаралық дәрежедегі бишілер, Еуропа билерінен КСРО-ның бұрынғы чемпиондары Станислав пен Людмила Поповтар, Мәскеуден Петр мен Алла Чеботаревтар, Ленинградтан Юрий және Ольга Симоновтар өздерінің тәжірибесін және педагогикалық атқарымдарын жаңадан бал биінен бастаушыларға өткізген.

1977 жылы Шымкент қаласында ерлі-зайыптылар Дмитрий мен Ольга Шуть «Дуэт» би клубын ашады. Олардың ұжымын Станислав пен Людмила Поповтар қадағалайды, олар Шымкент қаласында бал билерін дамытуға білікті көмек көрсетті. Поповтардың арқасында Шымкентке көптеген танымал дуэттер мен тәлімгерлер келді: Юрате және Чесловас Норвайша, Юрий және Ольга Симоновтар, Алла және Петр Чеботаревтар, Талат және Марина Тарсиновтар, Елена және Владимир Колобовтар және т.б. – бұл Қазақстанның оңтүстігінде де, республикада да спорттық биді дамытуға көмектескен шеберлердің толық тізімі емес [4]. Шуть оқушыларының арасында Ким Игорь да бар, ол кейінірек Қазақстан Республикасындағы Бал би ассоциациясын ұйымдастырушылардың бірі болды.

Дәл сол жылдары Жамбылда (қазіргі Тараз қ.) бал билері белсенді дами бастады. П.И. Якимов және оның жұбайының жетекшілігімен «Талисман» спорттық-би клубы ашылды. Якимовтардың оқушыларының арасында Музафяров Юрий мен Юлия (қазіргі таңда Грецияда жұмыс істейді), Төребек (Кожмамбет) Аида және Светлана, Мирхамит Қуат болды. Кейін Якимовтар Ресейге жұмыс істеуге кетті.

Осылайша, 1968-1978 жылдар аралығында республикада алғашқы спорттық би үйірмелері ашылды, олар жылдан жылға орындаушылық шеберліктің дамуына ықпал етті. Даму векторының көрсеткіші болып Алматыда ұйымдастырылған жарыстар (қалалық деңгейден республикалық деңгейге дейін), (1969 ж. 27 сәуірде 1-ші конкурс) және Шымкентте (1-ші республикалық конкурс, 1970 жылдың желтоқсаны) өтті, ал 10 жылдан кейін балдық билерді бүкіл Республика биледі [5].

Бұл кезеңдегі маңызды сәт, мамандандырылған оқу орындарындағы пән ретінде бал билерін зерттеуде алғашқы қадам жасалды. Дәлірек айтсақ, А. Селезнев атындағы Алматы хореографиялық училищесінде.

Бал биі дамуының **екінші кезеңі** келесі онжылдықты қамтиды (1978-88 жж.). Тек Қазақстанның ғана емес, бүкіл Кеңес Одағының идеологтары кеңес жастары үшін спорттық-бал билерін үйрену – әуес іс деп санайды. Бірте-бірте бал билері саласындағы қайраткерлер үнемі идеологиялық кедергілерді жеңіп, «жер астынан» шықты. Ресми құжаттарда «стандарт» бойынша жарыстарға деген құлшыныс пайда болып, «стандартқа» курс би әуесқойларының тар шеңберіне арналған курс болып табылады, бұл жаппай бал билерінің мүдделерін толығымен ескермеу болып табылады және бұл отандық хореографияның, отандық мектебінің дамуына тежегіш» деп айтылған [6].

Соған қарамастан, советтік жұптар социалистік елдердегі халықаралық турнирлерге қатыса бастады. 1980 жылдардың аяғы – 1990 жылдардың басында елдің ең жақсы жұптары ресми әуесқойлық және кәсіби турнирлерде (St, La және 10 бидегі әлем және Еуропа чемпионаттары) КСРО атынан үнемі қатыса бастайды. 1980 жылдары посткеңестік кеңістіктегі елдерде болған бал билерінің ұйымдастырушылық құрылымын қалыптастыру процесі бүгінгі күнге дейін жалғасып келеді [7]. Бұл клубтық жүйеге негізделген: топтық, жеке сабақтар; семинарлар мен шеберлік сыныптары.

1988 жылы Кәсіби орындаушылар мен бал биі мұғалімдерінің қауым-дастығы (АПИ-УБТ) және Бал биі қауымдастығы (КСРО ББҚ) құрылды [8]. Сол жылы Қазақстанда Республикалық бал билер қауымдастығы, кейіннен ҚР Спорттық би федерациясы құрылды. Алғашқы президент - жиырма жыл бойы осы ұйымның жетекшісі болған Валерий Валентинович Анцышкин.

Кесте 1

Спорттық-бал биі қайраткерлерінің қосқан үлесі

Қайраткерлер	Бал биінің қалыптасуы мен дамуына үлес қосуы	Ескерту
Қазақстандағы қызмет ету кезеңі 1968-2010 жж.		
Леонид Петрович және Лия Павловна Векшиндар	Қазақстандағы бал биінің негізін қалаушылар; – Алғаш рет олар бал биін пән ретінде Алматы қаласының №1 орта мектебінде енгізді. – Алғаш рет спорттық-бал биі арнайы білім беру мекемесінде пән ретінде енгізілді – А.Селезнев атындағы Алматы хореографиялық училищесі. – Спорттық-бал биі бірінші рет пән ретінде жоғары оқу орнында енгізілді - ҚазҚызПИ, кейін Жоғары хореография мектебі.	«АДК» МС, Алматы, 1968 ж. 1971 ж. 1970 жылдардың ортасы. Сол кезде АХУ директоры С.И. Кушербаева болған 1987 ж. Пәнді енгізуге бастамашы болған Д.Т. Әбіров. Жоғары хореогра-фия мектебі – қазіргі Т.Қ. Жүргенов атындағы ҚазҰӨА-ның «Хореография» факультеті, 1994 ж.
Қазақстандағы қызмет ету кезеңі 1970 ж.-дан бастап - 2008 жылға дейін		
Анцышкин Валерий Валентинович	В.В. Анцышкиннің «Бал биінің ансамблі» ұжымына алғаш рет «Халық» атағы берілді. – Алғашқы боп жеке сабақтарды енгізді. – Қазақстан Республикасы Спорттық би федерациясының бірінші президенті.	Қарағанды, 1970 жылдардың ортасы 1988 ж.
Евсеева Валентина Васильевна	– «Радуга» спорттық-би клубын құрды, ол Қазақстан Республикасында бал биінің дамуына үлкен үлес қосты. – Алматы қалалық спорттық би федерациясының президенті болып сайланды. – «Білім беру ісінің үздігі» төсбелгісімен марапатталған. – Алматы облысы спорттық би федерациясының президенті болып тағайындалды. – Астанадағы мектеп оқушыларының Спартакиадасында спорттық бидегі ең жақсы жаттықтырушы ретінде құрметті дипломмен марапатталды . – Алғаш рет Т.Қ. Жүргенов атындағы ҚазҰӨА-да «Спорттық-бал билерін оқытудың теориясы мен әдістемесі» атты сабақты енгізді. – Т.Қ. Жүргенов атындағы ҚазҰӨА-ның «Құрметті профессоры» атағы берілді.	Алматы, 1980 ж. 1997 ж. 1997 ж. 1999 ж. 2001 ж. 2001 ж. 2012 ж.

Ресейдегі бал билерінің шеберлерімен қатар спорттық-бал биі Қазақстандағы әуесқойлар арасында белсенді дами бастады. Республикада бал билерінің дамуына Валентина Васильевна Евсеева үлкен үлес қосты. Ол Ленинград жоғары кәсіподақтар мектебін, хореография факультетін бітірген, әрі қарай Н. Крупская атындағы Ленинград мемлекеттік мәдениет институтында және Мәскеудегі халықтық өнер университетінде біліктілігін арттырған тәжірибелі маман еді [9]. Сонымен қатар, ұйымдастырушылық тәжірибесі бар еді – Омбы авиациялық зауыттың Мәдениет сарайының басшылығы.

1980 жылы орындаушылық шеберлікті жетілдіру мақсатында В.В. Евсеева Алматы қаласында Пионерлер мен оқушылар сарайында «Радуга» спорттық-би клубын ашты. «Радуга» ұжымы 16 топтан тұрды, оларды 12 жаттықтырушы оқытады. Оқыту бағдарламасына еуропалық және латынамерикалық билер кірді, сонымен қатар кеңестік бағдарламаның билері де болды. Ұжым сайыстарға қатысумен қатар, әртүрлі конференциялар мен сайлаулардың, Коммунистік партия съездерінің және теледидар бағдарламаларының жұмысына белсенді қатысты [10].

1982 жылдан бастап қалалық Пионерлер мен оқушылар сарайында жыл сайынғы дәстүрлі «Көктем ырғағы», «Қысқы армандар», «Күзгі марафон», «Би рингі», «Бақытты балалық шақ» конкурстары өткізіліп келеді. Бұл жарыстарға бишілер Қазақстан қалаларынан ғана емес, Ресейден, Қырғызстаннан және Өзбекстаннан да қатысты. 1988 жылы «Радуга» спорттық-би клубы спорттық-бал билері бойынша ашық чемпионат өткізді.

Хореографиялық ұжымда оқу процесі білім беру және тәрбие жұмыстарынан тұрады [11], осы міндеттерді тиімді шешу үшін В.В. Евсеева - Илья Данилов, Александр Лебедев, Сергей Рюпин, Елена Хворова, Ирина Соломатина, Александр, Елена мен Евгений Саватиндер, Ольга, Юлия және Евгений Бережнойлар сияқты жетекші ресейлік мұғалімдерді дәріс беруге шақырады.

Валентина Васильевна Евсееваның шәкірттері арасында жетекші бишілер мен жаттықтырушылар, мысалы: Максим Якуба, Елена Глыбовская, Ровальд Нагаев, Темірлан және Данияр Атарбаевтар, Максим Аксенов, Анна Григорьева, Елена Воронова, Камаль Бердиев, Светлана Маливанова, Әлібек Исалиев, Наталья Меньшикова, Хамит Бекежанов. Оксана Лебедева - Германиядағы Франко Формикамен жұптасқан, кәсіпқойлар арасындағы 2010 жылғы Латын Америкасы билері бойынша әлем чемпионатының қола жүлдегері [12].

Қорытынды. Осылайша, осы уақыт аралығында республикада бал билері белсенді дамып келеді. КСРО-да, оның ішінде Қазақстанда да ұйымдық құрылым қалыптасуда. Кеңес билері міндетті түрде бал билері бағдарламасынан шығарылады.

Пайдаланылған әдеби қайнар көздер тізімі

[1] Ключникова Е.А. Немного истории /Танго. – 2003. – №1. – с. 3.

[2] Стриганов В.М., Уральская В.И. Современный бальный танец. – М.: Просвещение, 1977. – 327 с.

[3] Николаева Л.А. Развитие педагогических идей выдающихся хореографов Казахстана (1933-1993 гг): Автореф… к.п.н.: 13.00.01. – Алматы: КазНАИ им. Т.Жургенова, 2009. – 27 с.

[4] Ключникова Е.А. Немного истории /Танго. – 2007. – №5. – с. 3.

[5] Акуленок С.В. из главы книги «Кто есть кто?» Выпуск 5, Т.2, 2003 М.: Межд.объдн.биограф центр, www.rts.ru (дата обращения: 20.10.2018).

[6] Исалиев А.Т. История спортивного бального танца. – Алматы: Goodprint, 2012. – 151 с.

[7] Ключникова Е.А. Немного истории /Танго. – 2008. – №6. – с. 3.

[8] Говард Г. Техника европейских танцев (пер. с англ. Белогородский А.) – М.: Артис, 2003. – 256 с.

[9] Powers R., Enge N., Enge M. «Cross-Step Waltz: A Dancer's Guide». – London: Redowa Press, 2019. – 236 p.

[10] Лэрд У. Техника латиноамериканских танцев, часть первая, Румба, Самба (пер. с англ. Белогородский А.) – М.: Артис, 2003. – 178 с.

[11] Кусанова А.Е. Хореографиядағы оқу үдерісі /Педагогика және психология. – 2017. – №2(31). – С.100.

[12] Официальный сайт Ассоциации федераций спортивного танца Республики Казахстан www.fstrk.kz. (дата обращения 12.02.2019).

References

[1] Klyuchnikova E.A. Nemnogo istorii /Tango. – 2003. – №1. – s. 3.

[2] Striganov V.M., Ural'skaya V.I. Sovremennyi bal'nyi tanec. – M.: Prosveshchenie, 1977. – 327s.

[3] Nikolaeva L.A. Razvitie pedagogicheskih idej vydayushchihsya horeografov Kazahstana (1933-1993 gg): Avtoreferat…k.p.n.: 13.00.01. – Almaty: KazNAI im. T.ZHurgenova, 2009. – 27 s.

[4] Klyuchnikova E.A. Nemnogo istorii /Tango. – 2007. – №5. – s. 3.

[5] Akulenok S.V. iz glavy knigi «Kto est' kto?» Vypusk 5, T.2, 2003 – M.: Mezhd.ob`dn.biograf centr, www.rts.ru (data obrashcheniya: 20.10.2018).

[6] Isaliev A.T. Istoriya sportivnogo bal'nogo tanca. – Almaty: Goodprint, 2012. – 151 s.

[7] Klyuchnikova E.A. Nemnogo istorii /Tango. – 2008. – №6. – s. 3.

[8] Govard G. Tehnika evropejskih tancev (per. s angl. Belogorodskii A.) – M.: Artis, 2003. – 256 s.

[9] Powers R., Enge N., Enge M. «Cross-Step Waltz: A Dancer's Guide». – London: Redowa Press, 2019. – 236 p.

[10] Le'rd U. Tehnika latinoamerikanskih tancev, chast' pervaya, Rumba, Samba (per. s angl. Belogorodskii A.) – M.: Artis, 2003. – 178 s.

[11] Kusanova A.E. Horeografiyadagy oku uderisi /Pedagogika zhane psihologiya. – 2017. – №2(31). – s.100.

[12] Oficial'nyi sajt Associacii federacii sportivnogo tanca Respubliki Kazahstan www.fstrk.kz. (data obrashcheniya: 12.02.2019).

Основные этапы и тенденции развития спортивно-бального танца в Республике Казахстан (период 1968-1988 гг.)

А.Т. Исалиев[1], А.Б. Абакаева[1], А.Н. Карымбаева[1]

[1]Казахская национальная академия искусств имени Т.К. Жургенова (Алматы, Казахстан)

Аннотация

В статье описаны основные этапы и тенденции развития спортивно-бальных танцев в Республике Казахстан. Способ изложения данных избран хронологический, поскольку он позволяет проследить динамику процесса развития и формирования педагогической деятельности тренеров спортивно-бального танца. Приведены два основных этапа становления и развития отечественных спортивно-бальных танцев. Описан вклад таких деятелей, как Леонид Петрович Векшин, Валентина Васильевна Евсеева, Валерий Валентинович Анцышкин, в развитие спортивно-бальных танцев в Республике. Были установлены первые школы по европейским и латиноамериканским танцам, танцевально-спортивные клубы в нашей стране, а также первые соревнования по данным танцам. Приведены имена зарубежных специалистов, помогавших развитию спортивных танцев в Казахстане. Описаны трудности, с которыми пришлось встретиться спортивно-бальным танцам в период существования СССР. Приведены сведения о становлении танцевально-спортивного клуба «Радуга».

Ключевые слова: спортивно-бальный танец; хореография; этап; танцевально-спортивный клуб; «Радуга».

The main stages and trends in the development of sports ballroom dance in the Republic of Kazakhstan (period 1968-1988)

A.T. Isaliyev[1], A.B. Abakaeva[1], A.N. Karymbaeva[1]
[1]Kazakh national academy of arts named T.K. Zhurgenov (Almaty, Kazakhstan)

Abstract

The article describes the main stages and trends in the development of sports ballroom dancing in the Republic of Kazakhstan. The method of data presentation was chosen chronological, since it allows us to trace the dynamics of the process of development and formation of the pedagogical activity of trainers of ballroom dance. Two main stages of the formation and development of domestic sports ballroom dancing are given. The contribution of such figures as Leonid Petrovich Vekshin, Valentina Vasilyevna Evseeva, Valery Valentinovich Antsyshkin to the development of sports and ballroom dancing in the Republic is described. The first schools for European and Latin American dances, dance-sport clubs in our country, as well as the first competitions in these dances were established. The names of foreign experts who helped the development of sports dancing in Kazakhstan are given. The difficulties with which ballroom dancing was encountered during the existence of the USSR are described. The information on the formation of the dance-sport club «Raduga».

Keywords: sports ballroom dance; choreography; stage; dance-sport club; «Raduga».

Редакцияға 08.04.2020 қабылданды.

Ақпарат
Информация
Information

Абай атындағы ҚазҰПУ-да педагогтың цифрлық сауаттылығын арттыру өзекті мәселесі

Білім беруді мейлінше ыңғайлы ету, оқушылар мен студенттерді қашықтан оқыту әдістемесін дайындау, еліміздің оқу орындарын нақты цифрландыруды аяқтау, сонымен қатар, жаңа талаптарды есепке ала отырып, педагогтардың дайындығын жүзеге асыру керек.
Қ.Тоқаев, 11 мамыр, 2020 - Sputniknews.kz

Елімізде COVID-19 індетінің таралуына байланысты білім беру жүйесінің барлық салалары, атап айтқанда, жалпы білім беретін орта мектеп, колледж және жоғары оқу орындары қашықтықтан оқыту жүйесіне көшті. Әрине, бұл пандемиядан талай бұрын оқытудың цифрлық құралдарының тиімділігі, оның білім алушының дербес траекториясын қалыптастырудағы рөлі туралы ізденістер де, қолданыстағы озық тәжірибелер де болмады емес болды. Бірақ бір мезетте дерлік бүкіл Ғаламшардағы білім алушылардың бірдей цифрлық оқу платформаларына тәуелді болып қалуын ешкім күтпеген болатын. Сол себепті де педагогтар қауымының біразының цифрлық сауаттылығы, қашықтықтан оқыту процесін жүргізуге құзіреттілік деңгейінің жеткіліксіздігі анық байқалды. Сондықтан тез арада оқу процесінде цифрлық платформалар мен онлайн-сервистерді оңтайлы қолдану үшін профессор-оқытушылардың цифрлық сауаттылығы мен құзыреттілігін дамыту, IT технологиялар туралы біліктілігін арттыру қажеттілігі туындады.

Бұл туралы Абай атындағы ҚазҰПУ ректоры, профессор Т.Балықбаев Мәскеу қаласында 19-20 маусым аралығында өткен Ресей Федерациясының білім беру министрлігі, Ресей білім беру академиясы, Мәскеу педагогикалық мемлекеттік университеті, Педагогикалық университеттердің Еуразия ассоциациясы ұйымдастырған «Педагогическое образование в условиях системной трансформации современного общества» атты форумында «Инновационные концепции подготовки педагогических кадров в Казахстане» баяндамасында ерекше атап көрсетті.

Сондай-ақ, университет білім беру саласын цифрландыру аясында озық тәжірибесі бар алыс-жақын шетелдік әдіскер ғалымдардың авторлық курстарын ұйымдастыру арқылы да университеттің профессор-оқытушы құрамының біліктілігін арттыру міндетін өз уақытында қоя білді. Атап айтқанда, Абай атындағы ҚазҰПУ-нде келесідей вебинарлар мен тренингтер жүргізілді:

– «Актуальные протоколы дистанционного изучения английского языка в условиях COVID-19 и посткарантинной реальности» атты Халықаралық эксперт Р.Лукьянец;

– «Новая образовательная реальность: экстренный переход на дистанционное обучение или полноценное онлайн-образование» атты Казан федеральды университетінің профессоры Т.Алишев;

– «Стратегии цифрового маркетинга» атты Цифрлық бизнес Лондон мектебінің профессоры С.Парех;

– «Разработка системы подготовки педагогов для обучения и воспитания учащихся в усло-

виях общественной цифровизации» атты Мәскеу мемлекеттік педагогикалық университеті, В.П.Астафьев атындағы Красноярск мемлекеттік педагогикалық университеті, Мәскеу педагогикалық мемлекеттік университетінің алдыңғы қатарлы профессорларының С.Г.Григорьев, В.В.Гриншкун және т.б.

"Цифровая трансформация Казахстана" атты "Университет 2035" А.Комиссаровтың онлайн мектебі.

Осы курстардан алынған білім және информатика және білімді ақпараттандыру саласы бойынша жинақталған тәжірибелер бойынша Абай атындағы ҚазҰПУ-де «Цифрлы педагог» онлайн курсының бағдарламасы құрылды. Курс бағдарламасы негізінде алдыңғы қатарлы цифрлық сауаттылығы жоғары деңгейдегі педагогтар 620 профессор оқытушылар құрамы және 60 мектеп мұғалімі оқытылды.

«Цифрлы педагог» онлайн мектебінің кең ауқымды және қызықты бағдарламасында қашықтан оқытуға қажетті «Білім берудегі цифрлық құралдар», «Диагностика және іріктеу», «Білім беру нәтижелерінің рубрикаторлары», «Педагогикалық дизайн негіздері», «Білім беру үдерісіндегі цифрлық ізбен жұмыс істеу», «Интерактивті өзара әрекеттесуге арналған цифрлық құралдар», «Видеосабақтарды түсіру тәсілдері», «Бақылау және бағалау тапсырмаларын құру», «Виртуалды лаборатория» тақырыптары қарастырылды.

Тренинг барысында көптеген тартымды онлайн платформалар қолданылды. Атап айтсақ, топтық жұмысты ұйымдастыру үшін Miro, Discord, Mindmup, Googledocs; видеосабақтарды түсіру OBS Studio, жүктеу және таратуды ұйымдастыру үшін Youtube; Оқу ортасын ұйымдастыру үшін: Discord сервері және Coreapp.ai; Видеоконференция жүргізу, видеоны жазу және тарату үшін Zoom видеоқызметі; видеоның субтитрын жүктеп алу үшін: Subdown; Тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру үшін: ClassDojo; Семантикалық талдау, түйінді сөздерді бөліп көрсету, тыңдаушылардың эмоционалды көңіл-күйін анықтау үшіндеректерді талдау құралдары: ALOT, Advego, dandelion.eu; Бақылауды ұйымдастыру мен бағалау үшін: onlinetestpad, Padlet, Kahoot, Mentimeter құралдарын тиімді пайдалану жолдары үйретілді. Тренингтің әртүрлі платформалар мен жүйелерде өтуі оқу құралдарын тиімді меңгеруге және педагогикалық дизайн негіздерін сапалы игеруге жағдай жасады.

«Цифрлы педагог» жазғы мектебі толықтай дерлік желі кеңістігінде онлайн форматында онлайн құрылғылармен өткізілгендігіне қарамастан барлық 680 оқытушылар үшін виртуал әлемдегі маңызды да мазмұнды даярлық сабағы болды.

Пандемияға қатысты әлеуметтік оқшауланудың жалғасын табуына байланысты жаңа оқу жылы онлайн және қашықтықтан оқыту форматында жүргізілуде. Ендеше Абай атындағы ҚазҰПУ дер кезінде ұйымдастырған Жазғы мектептің қолданбалы нәтижелері оқу үдерісін заманауи форматта қашықтықтан тиімді ұйымдастыруға зор мүмкіндік тудыруда.

п.ғ.к., қауымд.,профессор Исабаева Д.Н.

International Summer Club-тың ашылуы

2020 жылдың 8 маусым – 28 тамыз аралығында Абай атындағы ҚазҰПУ-да «International Summer Club» жұмысын атқарды, онда ағылшын, француз, қытай, араб және түрік тілдерінде тегін сабақтар өткізілді. Үш жазғы айдың ішінде 90 астам тыңдаушылар оқып, қорытынды тесттер нәтижесіне сәйкес электрондық сертификаттарды алды.

Клубтың тыңдаушылары - қазақстандық және шетелдік ЖОО студенттері, соның ішінде шетелдік. Қатысушылар бір-біріне, оқытушыларға үлкен қызығушылық танытты және оқу жылында оқуларын жалғастыруға ниет білдірді.

Оқытушылар – шетелдік студенттер мен оқытушылар Обим Кристиан (Нигерия), Агаев Мердан (Түрікменстан), Киангала Майи Коринне (Конго), Ян Ле (КХР), Осама Гариб (Египет), Осман Кабадаи (Түркия).

Сонымер қатар, орыс тілінде сөйлеу дағдыларын дамытқысы келетін шетелдік студенттер үшін Филология және көптілді білім беру институтының орыс тілі және әдебиет кафедрасымен бірлесіп Russian Club жұмыс істейді.

Клуб администраторы – Агаев Мердан, Филология және көптілді білім беру институтының 3 курс шетелдік студенті.

Клуб Абай атындағы ҚазҰПУ 3 курс докторанты С.Т.Исалиева бастамасымен ашылды, ол тілдік дағдыларды жетілдіру, студенттердің шет тілдерін үйренуге деген ынтасын арттыруға, жалпы көкжиегін кеңейтуге және шетелдік студенттерді университеттің білім беру ортасына интеграциялауға бағытталған.

Открытие International Summer Club

С 8 июня по 28 августа 2020 года в КазНПУ имени Абая работал «International Summer Club», в котором проводились бесплатные онлайн занятия по английскому, французскому, китайскому, арабскому и турецкому языкам. За три летних месяца обучение прошли более 90 слушателей, по результатам итоговых тестов выданы электронные сертификаты.

Слушателями клуба стали студенты, в том числе иностранные, казахстанских и зарубежных вузов, участники проявили большой интерес к друг к другу, к преподавателям, и выразили желание продолжать обучение в течение учебного года.

В качестве преподавателей выступили иностранные обучающиеся и преподаватели (носители языков) Обим Кристиан (Нигерия), Агаев Мердан (Туркменистан), Киангала Майи Коринне (Конго), Ян Ле (КНР), Осама Гариб (Египет), Осман Кабадаи (Турция).

Кроме того, для иностранных студентов, желающих развить навыки общения на русском языке, все лето работал Russian Club, организованный совместно с кафедрой русского языка и литературы.

Администратор клуба – Агаев Мердан, иностранный студент 3 курса Института филологии и полиязычного образования.

Клуб открыт по инициативе Исалиевой С.Т., докторанта 3 курса кафедры педагогики и психологии КазНПУ имени Абая, и направлен на совершенствование языковых навыков, повышение мотивации студентов к изучению иностранных языков, расширение общего кругозора и интеграцию иностранных обучающихся в университетскую образовательную среду.

Opening International Summer Club

From June 8 to August 28, 2020, the International Summer Club was launched which offers free classes in English, French, Chinese, Arabic and Turkish. Over the three summer month, more

than 90 students completed the training, and electronic certificates were issued based on the results of the final tests.

